



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

# Қазақстанның қаржылық тұрақтылығы туралы есебі



2022

## Мазмұны

Мазмұны .....	2
---------------	---

Қысқартулар мен аббревиатуралардың тізімі.....	3
--	---

Негізгі тұжырымдар.....	5
-------------------------	---

I. Макроэкономикалық жағдай.....	9
----------------------------------	---

1.1 Макроэкономикалық жағдай.....	9
1.2 Үй шаруашылықтары.....	18
1.3 Ақша-кредит саясаты, валюта және ақша нарығы.....	23
1.4 Фискалдық саясат.....	42

II. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы.....	50
---	----

2.1 Мемлекеттік борыш.....	50
2.2 МБҚ нарығының микроқұрылымы.....	52

III. Жылжымайтын тұрғын үй нарығы.....	61
--	----

3.1 Жылжымайтын нарықтағы бағаның динамикасы.....	61
3.2 Тұрғын үй құрылысы.....	62
3.3 Ипотекалық кредиттеу.....	64
3.4 Мемлекеттік бағдарламалар.....	65

IV. Банк және микроқаржы секторларын дамыту және оның тәуекелдері.....	70
--	----

4.1 Банктердің кредиттік белсенділігі.....	70
4.2 Несие портфелінің сапасы.....	75
4.3 Корпоративтік портфель.....	79
4.4 Бөлшек несие портфелі.....	86
4.5 Кепілсіз тұтынушылық кредиттеу.....	89
4.6 Микроқаржы ұйымдары.....	97

V. Өтімділік, қорландыру, долларландыру тәуекелдері, валюталық және пайыздық тәуекелдер.....	109
--	-----

5.1 Өтімділік тәуекелдері.....	109
5.2 Қорландыру тәуекелдері.....	114
5.3 Долларландыру тәуекелдері.....	119
5.4 Валюталық тәуекел.....	122
5.5 Пайыздық тәуекел.....	123

VI. Қазақстан Республикасы қаржылық тұрақтылық кеңесінің қызметі.....	126
---	-----

## Қысқартылған сөздер мен аббревиатуралардың тізімі

<b>АӘК</b>	атаулы әлеуметтік көмек	<b>КТС</b>	корпоративтік табыс салығы
<b>АВП</b>	ашық валюталық позиция	<b>ҚДҚҚ</b>	«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ
<b>АВР</b>	алтын-валюта резервтері	<b>ҚҚБ/КASE</b>	Қазақстан қор биржасы
<b>АДБ</b>	Азия Даму Банкі	<b>ҚҚС</b>	қосылған құн салығы
<b>Агенттік</b>	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі	<b>ҚОҚ</b>	«Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ
<b>АЕК</b>	айлық есептік көрсеткіш	<b>ҚР ҚМ</b>	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
<b>АКС</b>	ақша-кредит саясаты	<b>ҚР СЖРА ҰСБ</b>	Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы
<b>АҚ</b>	акционерлік қоғам	<b>ҚР</b>	Қазақстан Республикасы
<b>АҚШ</b>	Америка Құрама Штаттары	<b>ҚР ҚМ МКК</b>	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті
<b>АҚШ ФРЖ</b>	Федералдық резервтік жүйе	<b>ҚРҰБ/ Ұлттық Банк</b>	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
<b>БЖЗҚ</b>	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	<b>ҚР ҰҚ</b>	Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры
<b>БҚН</b>	бағалы қағаздар нарығы	<b>ҚТЕ</b>	қаржылық тұрақтылық есебі
<b>БҚОД</b>	«Бағалы қағаздардың орталық депозитарий» АҚ	<b>ҚХР</b>	Қытай Халық Республикасы
<b>БСН/ЖСН</b>	бизнес-сәйкестендіру номері / жеке сәйкестендіру номері	<b>ЛМД</b>	ломбард
<b>ЕАВ</b>	еркін айырбасталатын валюта	<b>МБҚ</b>	мемлекеттік бағалы қағаздар
<b>ЕАЭО</b>	Еуразиялық экономикалық одақ	<b>МК</b>	меншікті капитал
<b>ЕДБ</b>	екінші деңгейлі банк	<b>МКБ</b>	Мемлекеттік кредиттік бюро
<b>ЕҚДБ</b>	Еуропа қайта құру және даму банкі	<b>МКС</b>	мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор
<b>ЕРТ</b>	ең төменгі резервтік талаптар	<b>МҚҚЖҰ</b>	микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйым
<b>ЕО</b>	Еуропалық одақ	<b>МҚҰ</b>	микроқаржы ұйымы
<b>ЕОБ</b>	Еуропалық орталық банк	<b>МҚҰБ</b>	мемлекеттік қатысу үлесі бар эмитенттің облигациялары
<b>ЖАО</b>	жергілікті атқарушы орган	<b>ОБ</b>	орта бизнес
<b>ЖК</b>	жарғылық капитал	<b>ОК</b>	орталық контрагент
<b>ЖӨА</b>	жоғары өтімді активтер	<b>ӨЖА</b>	өтімділігі жоғары активтер
<b>ЖТ</b>	жеке тұлға / жеке тұлғалар	<b>РБ</b>	республикалық бюджет
<b>ЖТСМ</b>	жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі	<b>РФ</b>	Ресей Федерациясы
<b>ЖІӨ</b>	жалпы ішкі өнім	<b>РФ ОБ</b>	Ресей Федерациясының Орталық Банкі
<b>ЗҚ</b>	зейнетақы қоры	<b>СҰ</b>	сақтандыру ұйымдары
<b>ЗТ</b>	заңды тұлға / заңды тұлғалар	<b>ТБИ</b>	тұтыну бағаларының индексі
<b>ИПБ</b>	инвестициялық портфельді басқарушы	<b>ХВҚ</b>	Халықаралық валюта қоры
<b>ИТҚ</b>	ипотекалық тұрғын үй қарызы		
<b>КМС</b>	квазимемлекеттік сектор		
<b>КС</b>	кредиттік серіктестік		

<b>ХҚЕС</b>	халықаралық қаржылық есептілік стандарттары	<b>NDF</b>	жеткізілімсіз валюталық форвард(non-deliverable forward)
<b>ХҚК</b>	Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC)	<b>NPL/NPL 90+</b>	негізгі борыш бойынша және/немесе есептелген сыйақы бойынша 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар (non-performing loan)
<b>ШБ</b>	шағын бизнес	<b>NSFR</b>	нетто тұрақты қорландыру коэффициенті (net stable funding ratio)
<b>ШҚО</b>	Шығыс Қазақстан облысы	<b>OFAC</b>	Шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control)
<b>ШМЭ</b>	шикі мұнайға экспорттық кедендік баж салығы	<b>PD</b>	дефолт ықтималдығы (probability of default)
<b>ШОБ IA</b>	шағын және орта бизнес ішкі активтер	<b>PDL</b>	жалақыға дейінгі қарыздар (payday loans)
<b>IAK</b>	банктер қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру жөніндегі коэффициент	<b>RUB</b>	Ресей рублі
<b>ІБ</b>	ірі бизнес	<b>SDN</b>	арнайы белгіленген азаматтар мен бұғатталған адамдардың тізімі
<b>ІМ</b>	ішкі міндеттемелер	<b>TONIA</b>	овернайт репо нарығындағы орташа алынған пайыздық мөлшерлеменің көрсеткіші
<b>ЭҚЖЖ</b>	экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші	<b>TWINA</b>	жеті жұмыс күні мерзімімен репо мәмілелері бойынша орташа өлшенген пайыздық мөлшерлеменің индикаторы (Tenge Week Index Average)
<b>AIX</b>	«Астана» халықаралық қаржы орталығының биржасы (Astana International Exchange)	<b>USD</b>	АҚШ доллары
<b>AQR</b>	банк активтерінің сапасын тәуелсіз бағалау (asset quality review)	<b>WEO</b>	World Economic Outlook
<b>BTU</b>	British thermal unit	<b>\$/bbl.</b>	мұнай баррелі үшін АҚШ доллары
<b>CNY</b>	Қытай юаны	<b>б.т.</b>	базистік тармақ
<b>COVID-19</b>	коронавирустық инфек	<b>пт</b>	пайыздық тармақ
<b>EAD</b>	тәуекел сомасы (exposure at default)	<b>ж/ж</b>	жылдан жылға
<b>EIA</b>	US Energy Information Administration	<b>кв.м.</b>	шаршы метр
<b>EL</b>	күтілетін шығындар (expected loss)	<b>млн</b>	миллион
<b>EUR</b>	еуро	<b>млрд</b>	миллиард
<b>FAO</b>	Food and Agricultural Organization	<b>трлн</b>	триллион
<b>FRED</b>	Federal Reserve Economic Data		
<b>FSAP</b>	қаржы секторын бағалау Бағдарламалары (Financial Sector Assessment Program)		
<b>HNI</b>	Херфиндаля-Хиршман индексі		
<b>KZT</b>	Қазақстандық теңге		
<b>LCR</b>	өтімділікті өтеу коэффициенті (liquidity coverage ratio)		
<b>LGD</b>	дефолт жағдайында шығындар (loss given default)		

# НЕГІЗГІ ТҰЖЫРЫМ

## Макроэкономикалық жағдай

2022 жылы әлемдік экономиканың өсуі геосаяси белгісіздік аясында баяулады. Логистикалық жеткізу тізбектерінің бұзылуы мен санкциялық риториканың күшеюі қуат көзі мен азық-түлік тауарларының әлемдік бағасын өсірді. Нарықтарда ұлғайған теңгерімсіздік әлемдегі инфляциялық қысымның күш алуына себеп болды.

Инфляциялық қысымды босату үшін дамыған елдерде орталық банктердің ақша-кредит саясатын жаппай қатаңдатуы әлемдік экономикалық өсу бойынша күтулердің төмендеуіне алып келді. Ол 2022 жылдың қорытындысы бойынша 3,5% болды. Дамыған экономикалардың негізгі мөлшерлемелерінің өсуі инфляциялық күтулерді одан әрі арттыра отырып, дамушы елдердің валюталарына қысым жасады.

Сонымен қатар Қазақстанның экономикасы 2022 жылы тұтынушылық инфляцияның барлық компонентінің рекордтық жоғары қарқынына байланысты күрделі сын-қатерлерге, монетарлық шарттардың қатаңдауына, валюта нарығындағы жоғары

құбылмалылыққа тап болды. 2022 жылы мұнайдың жоғары бағасына қарамастан, ірі кен орындарында жөнделу жұмыстарына байланысты мұнай өндірісі қысқарды. Қазақстанның ЖІӨ өсімі 3,2%-ға дейін баяулап (2021 жылы 4,3%), 2022 жылы дәнді дақылдардың рекордтық өніміне байланысты, негізінен, ауыл шаруашылығынан қолдау тапты. Сонымен бірге инвестициялық белсенділік 2022 жылы артып, 2021 жылғы 3,7%-дан 7,9%-ға дейін ұлғайды, алайда ЖІӨ-ге қатысты деңгейі төмен болды.

Қазақстанда қаржылық тұрақтылықты қолдау мақсатында 2022 жылы теңгенің тартымдылығын арттырып, валюта нарығын тұрақтандыру үшін әр түрлі шаралар қабылданды. Мәселен, ҚРҰБ орта мерзімді перспективада инфляциялық жағдайды тұрақтандырып, инфляциялық күтулерді төмендету үшін 2022 жылы базалық мөлшерлемені 16,75%-ға дейін көтеріп отырды. Сонымен қатар Ұлттық Банк Қазақстан Үкіметімен бірлесіп, жеке тұлғалардың теңгедегі депозиттері бойынша өтемақы көзделетін теңгедегі депозиттерді қорғау бағдарламасын қабылдады.

## Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы

2022 жылы тұрақсыз геосаяси жағдайдағы жоғары инфляциялық күтулер бағалы қағаздардың құнына және орналастырудың мерзімділік құрылымына тікелей әсер етті. Нарық қатысушыларының инвестициялау келешегі қысқа және ортамерзімді кезеңге ауысты. Нарықта ерікті қатысушылардың тарапынан сұраныс болғанына қарамастан, олардың ұзақ мерзімі бар қағаздарды сатып алуға тәуекел-тәбетінің төмендеуі талап етілетін кірістің артуына алып келді. ҚР ҚМ 2022 жылы қарызға қаржыландыру қажеттілігі негізінен каптивті инвесторлар есебінен жүзеге асырылды.

Өтімділіктің жеткіліксіз деңгейі мен шектеулі тиімділік МБҚ нарығының қарыз капиталы құнының бағдары ретінде болу мүмкіндігін шектейді. Бұл қаржы нарығының басқа сегменттерінде баға белгілеу процесінің тиімділігін біршама төмендетеді. Бұл белгілі бір дәрежеде белсенді институционалдық және халықаралық инвесторлардың шектеулі санына байланысты. Орталықсыздандыруды арттыру және әртүрлі инвестициялық мақсаттары бар инвесторлардың периметрін кеңейту сұраныс пен ұсыныс бағасының қазіргі кездегі алшақтығын төмендетуге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде, МБҚ-ның бастапқыдай қайталама нарығында да белсенділікті арттыруды ынталандырады.

## Тұрғын үй нарығы

2022 жылы бастапқыдай қайталама нарықтарда да жылжымайтын мүліктің бағасы айтарлықтай әрі үздіксіз өскені байқалды. Бір айда жасалған сатып алу-сату мәмілелерінің орташа саны 2021 жылмен салыстырғанда, шамамен, төрттен бір бөлігіне азайды. Бірақ 2020 жылдың көрсеткішінен жоғары деңгейде сақталды. Жылжымайтын мүлік құнының өсуі, оған деген сұраныстың артуы және геосаяси белгісіздік аясында дайын тұрғын үйді жалға алу құнының жылдық өсімі айтарлықтай қарқын алды. Жылжымайтын мүлік нарығында мәмілелер саны-

ның едәуір төмендеуі тұрғын үй құнының өсуіне байланысты болды. Жеңілдігі бар ипотекалық кредиттеу алғашқы тұрғын үйді сатып алатын халықтың тұтынушылық сұранысына оң әсер етті. Бірақ нарықтық мөлшерлемелер бойынша ипотекалық кредиттеуді ығыстыра түсіп, нарықтық баға белгілеуді бұрмалады.

## Банктердің кредиттік белсенділігі

2022 жылдың басында күтпеген геосаяси өзгеріс қаржы нарығында белгісіздіктің артуына алып келді. Ресейдің ірі банктеріне қарасты бірқатар еншілес ұйымның Қазақстан нарығынан шығуы банк секторындағы құрылымды өзгертті және оның шоғырлануын арттырды. Бұл ретте Қазақстанның банк секторы өзінің орнықтылығын көрсетіп, өзінің тұрақты жұмыс істеуін жалғастырды. Мәселен, 2022 жылы

банктердің несие портфелі арта түсті. Бөлшек сегменті өсуде негізгі қозғаушы күш болды – бір жылда жеке тұлғаларға берілген қарыздың көптігі заңды тұлғаларға берілген қарыздан айтарлықтай асып түсті. Жеке тұлғаларға кредит беру сегментінде кредиттеудің ең көп көлемі тұтынушылық және ипотекалық қарыздарға тиесілі болды.

## Несие портфелінің сапасы

2022 жылы Ұлттық Банктің талдамалық метрикасы бойынша проблемалық қарыздардың өсуі есебінен банктердің несие портфелінің сапасы бірқалыпты төмендеді. Корпоративтік портфельде күмәнді қарыздардың үлесі, бөлшек сауда портфелінде – жұмыс істемейтін әрі күмәнді қарыздардың үлесі ұлғайды. Осы көрсеткіш аясында несие портфелін провизиялау коэффициентінің төмендеуі банк секторының осалдығын арттырады.

Корпоративтік портфельдегі күмәнді қарыздардың өсуі негізінен 2021 жылы берілген қарыздар бойынша орын алды. Бұл тәуекелдердің жинақталғанын көрсетуі мүмкін және қосымша мониторингті талап етеді. 2021 жылы берілген қарыздар арасында күмәнді қарыздардың көлемі 2022 жылдың 1-жартыжылдығында қаңтардағы төтенше жағдай режимінің әсерінен, РФ-ға қарсы санкция салдарының наурыздағы Қазақстанға ықпалының белгісіздігінен, сондай-ақ әлемдегі кейінгі логистикалық проблемалармен және бағалардың өсуімен айтарлықтай ұлғайды.

Ірі қарыз алушылардың шоғырлануына байланысты тәуекелдер біртіндеп қысқаруда. Алайда банк секторының ірі қарыз алушылары қарыздарының сапасы өзге қарыз алушылар бойынша, әсіресе шетел валютасында берілген қарыздарға қарағанда нашар.

Корпоративтік портфель қарыздары сапасының негізгі нашарлауы 2021 жылы берілген қарыздар бойынша байқалады. Олардың арасында шағын кәсіпорындар<sup>1</sup> басым. Шағын бизнес кредитінің сапасы кәсіпкерлік субъектілері арасында ең төмен әрі жиі банкрот болатын да солар. Мәселен, тіркелген заңды тұлғалардың негізгі бөлігі шағын бизнес субъектілері болып табылады. Олардың тек

2,5%-ның ғана банктік қарыздары бар. Мұндай қарыз алушылар арасында кредит алудың төмен болуы төлем қабілеті бар кәсіпорындардың шектеулі санымен түсіндіріледі.

Тұтынушылық кепілсіз қарыздар портфелінің өсу қарқынының баяулауы тұтастай алғанда бөлшек сауда портфелінің өсу қарқынының біршама төмендеуіне ықпал етті. Банктік қызметтерді цифрландырудың жоғары деңгейі халыққа кепілсіз тұтынушылық қарыз беру рәсімін жеңілдетті. Кредитті тез ресімдеу, үйден шықпай-ақ қызмет алуының ыңғайлылығы өнімнің осы түріне деген халық сұранысының артуына ықпал етті. Тиісінше, бұл өнімнің жоғары тиімділігі көптеген банктердің бизнес-модельдерін қайта қарауға және оларды тұтынушылық кепілсіз кредит беруге ден қоюға әкелді.

Банктердің ипотекалық портфелі өсуін жалғастырды. Бөлшек кредит беру портфеліндегі қарыздардың сапасы жоғары болып қала берді. Бұл ретте проблемалық қарыздардың біршама ұлғаюы байқалады. NPL 90+ қарыздарының өсуі 2021 жылы берілген қарыздарда байқалады. Бұл – пандемия кезіндегі шектеулерден соң кейінге қалдырылған сұранысты жүзеге асырудың нәтижесі.

Микроқаржы нарығының белсенді өсуі – соңғы жылдары байқалған тағы бір маңызды үрдіс. Микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйымдар (МҚҚЖҰ) өсуінің негізгі драйвері, негізінен, тұтынушылық мақсаттарға қарыз беретін микроқаржы ұйымдары (МҚҰ) болып табылады. Қарыз сапасының нашарлау белгілері бар микроқаржы нарығының белсенді дамуына жауап ретінде тәуекелдерді азайту және нарық тұрақтылығын қолдау мақсатында қызметтің осы түрін реттеу күшейтілді.

<sup>1</sup> Шағын бизнес санатына жұмыскерлер саны 100 адамға дейін жұмыс істейтін заңды тұлғалар жатады.

## Өтімділік және қорландыру тәуекелдері

2022 жылдың қорытындысы бойынша, өтімділігі жоғары активтердің көлемі өсті. Ал көптеген банктердің өтімділік коэффициенттері нормативтік коэффициенттен жоғары деңгейде қалды. Сыртқы және ішкі факторларға байланысты күтпеген өзгерістерге қарамастан, банк секторының өтімділік тәуекелдері қалыпты болып қала берді.

Қорландыру тарапынан оның құрылымына байланысты тәуекелдер сақталды. Бұл шын мәнінде мерзімді қорландырудың төмен үлесіне байланысты. Банк секторының міндеттемелеріндегі ең ірі қаржыландыру көздерінің шоғырлану деңгейі өткен жылмен салыстырғанда өзгерген жоқ. Бұл ретте

КМС үлесін төмендету есебінен қорландыру базасын біршама әртараптандыру байқалды. Геосаяси белгісіздіктің артуы аясында бөлшек қорландырудағы бейрезиденттердің үлесі артты.

Банктердегі долларландыру деңгейі төмендеуін жалғастырды. Алайда валюталық салымдардың үлесі айтарлықтай көлемде қала береді. Бұл ретте тікелей валюталық тәуекел шектеулі болды. Банк жүйесі бойынша таза ашық валюталық позиция арта түскен қысымның жекелеген эпизодтарына қарамастан шекті мәндерден асқан жоқ.



МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ  
ЖАҒДАЙ

## I. Макроэкономикалық жағдай

2022 жылы әлемдік экономиканың өсуі геосаяси белгісіздік аясында баяулады. Логистикалық жеткізу тізбектерінің бұзылуы және санкциялық риториканың күшеюі энергия көзі мен азық-түлік тауарларының әлемдік бағасының өсуіне әкелді. Нарықтардағы ұлғайған теңгерімсіздік әлемдегі инфляциялық қысымның жоғарылауын күшейтті.

Инфляциялық қысымды жеңілдету мақсатында дамыған елдердің орталық банктерінің ақша-кредит саясатын жаппай қатаңдатуы әлемдік экономикалық өсу бойынша күтулердің төмендеуіне алып келді, ол 2022 жылдың қорытындысы бойынша 3,5% болды. Дамыған экономикалардың негізгі мөлшерлемелерінің өсуі инфляциялық күтулерді одан әрі арттыра отырып, дамушы елдердің валюталарына қысым жасады.

Қазақстанның экономикасы 2022 жылы тұтынушылық инфляцияның компонентінің рекордтық жоғары қарқынына, монетарлық шарттардың қатаңдауына, валюта нарығындағы жоғары құбылмалылыққа байланысты күрделі сын-қатерлерге тап болды. 2022 жылы мұнайдың жоғары бағасына қарамастан, ірі кен орындарында жөндеу жұмыстарына байланысты мұнай өндірісі қысқарды. Қазақстанның ЖІӨ-нің өсуі 3,2%-ға дейін баяулап (2021 жылы 4,3%), 2022 жылы дәнді дақылдардың рекордтық өніміне байланысты негізінен ауыл шаруашылығынан қолдау тапты. Сонымен бірге инвестициялық белсенділік 2022 жылы артып, 2021 жылғы 3,7%-дан 7,9%-ға дейін ұлғайды, алайда ЖІӨ-ге қатысты деңгейі төмен болуда.

Қазақстанда қаржылық тұрақтылықты қолдау мақсатында 2022 жылы теңгенің тартымдылығын арттыру және валюта нарығын тұрақтандыру үшін әр түрлі шаралар қабылданды. Мәселен, ҚРҰБ орта мерзімді перспективада инфляциялық жағдайды тұрақтандыру, сондай-ақ инфляциялық күтулерді төмендету үшін 2022 жылы базалық мөлшерлемені 16,75%-ға дейін көтерді. Сонымен қатар Ұлттық Банк Қазақстан Үкіметімен бірлесіп, жеке тұлғалардың теңгедегі депозиттері бойынша өтемақы көзделетін теңгедегі депозиттерді қорғау бағдарламасын қабылдады.

### 1.1 Макроэкономикалық жағдай

#### 1.1.1. Қаржылық тұрақтылықтың жаһандық сын-қатерлері

Әлемдік экономика 2022 жылы соңғы бірнеше онжылдықта, әсіресе АҚШ пен Еуропаның ірі елдерінде алғаш рет инфляцияның орнықты жоғары қарқыны; дамушы, сондай-ақ дамыған елдерде ақша-кредит саясатының одан әрі қатаңдауы; Қытайда өсу қарқынының баяулауы және геосаяси жағдайдың

нашарлауы сияқты экономикалық, қаржылық және геосаяси сипаттағы бірнеше түбегейлі өзгеріске ұшырады. Жаһандық ортаның жоғары белгісіздігі жағдайында қаржылық тұрақтылық үшін тәуекелдер айтарлықтай едәуір артты.


#### Дамыған экономикалардағы жоғары инфляция және ақша-кредит саясатының қатаңдауы дамушы нарықтарға қысым жасайды.

Дамушы елдер сыртқы қарыздардың жоғары құнына және орнықты жоғары инфляцияға, тауар нарықтарындағы құбылмалылыққа, әлемдік экономиканың перспективаларына қатысты белгісіздіктің артуы мен геосаяси жағдайларға байланысты көптеген ықпалға ұшырау факторларына тап болды.

Әлемде инфляцияның өсе бастауы көбінесе ынталандырушы ақша-кредит саясатын жүргізудің ұзақ кезеңіне, 2020–2021 жылдардағы пандемия кезінде бюджеттік қолдау шараларына, сондай-ақ 2021 жылы азық-түлік бағасының айтарлықтай өсуіне байланысты. 2022 жылғы бірінші тоқсан-

ның басында әлемдегі геосаяси оқиғалардың күшеюі, жеткізу тізбегінің бұзылуы және мұнай мен газ, азық-түлік тауарлары бағасының қатар өсуі 2022 жылы инфляцияның өсуіндегі қосымша факторлар болып табылады. Осылайша, 2022 жылы инфляция әлемнің көптеген өңірлеріндегі нысаналы көрсеткіштерден асып, соңғы онжылдықтардағы ең жоғары мәндерге жетті. Атап айтқанда, 2022 жылы баға АҚШ-та 9%-дан аса, Еуропада 11%-ға және Қазақстанда 20%-ға өсті (1.1-график). Сонымен бірге, инфляциялық күтулер барлық жерде өсуін жалғастырды.

### 1.1-график Елдердің орталық банктері инфляциялық қысымға жауап ретінде пайыздық мөлшерлемелерді көтерді



Дереккөзі: FRED, ҚР СЖРА ҰСБ, АҚШ ФРЖ, ЕОБ, Ресей Банкі

2021 жылдан бастап дамушы елдер пайыздық мөлшерлемелерді көтере бастады, сонымен бірге 2022 жылдан бастап дамыған нарықтар да негізгі мөлшерлемелерді көтеру саясатын бастады (1.1-график). Орнықты инфляциялық қысым белгілері күшейген сайын, дамыған елдердің орталық банктері пандемия кезінде басталған немесе кеңейтілген активтерді сатып алу бағдарламаларын аяқтап, негізгі пайыздық мөлшерлемені көтеру цикліне көшу арқылы ақша-кредит саясатын қалыпқа келтіру мерзімі туралы сигналдарды түзете бастады.

2022 жылы жиілік пен ауқым тұрғысынан саясатты қатаңдату қарқыны жеделдеп, қаржылық талаптардың біртіндеп қатаңдауына әкелді. Ақша-кредит шарттарын қалыпқа келтірудің негізгі мақсаты инфляциялық қысымның жоғарылауын жою үшін жиынтық сұранысты бәсеңдету болды. Мәселен, 2022 жылы АҚШ ФРЖ негізгі мөлшерлемені 0-0,25%-дан 4,25-4,5%-ға дейін көтерді. ЕОБ 11 жылда алғаш рет базалық пайыздық мөлшерлемені 0%-дан 0,5%-ға дейін көтерді, кейіннен бір жыл ішінде ол тағы

4 рет 2,5%-ға дейін көтерді. 2022 жылы Ресей геосаяси қақтығыстың шиеленісуі аясында негізгі мөлшерлемені 20%-ға дейін көтерді, кейіннен 7,5%-ға дейін төмендетті.

Дамыған елдердегі мемлекеттік облигациялар кірістілігінің өсуі көптеген елдер үшін қорландыру құнын арттырды. Пайыздық мөлшерлемелердің күрт өсуі экономиканың қалпына келу қарқынын бәсеңдетті, бұл активтер құнының күрт төмендеуіне және қаржы мекемелері мен кәсіпорындары үшін күтпеген өзгеріске әкелді.

Экономикасы дамып келе жатқан елдердің көпшілігінде мемлекеттік борыштың ауыртпалығы едәуір артты, бұл жаңа күтпеген өзгерістерді реттеу үшін қажетті фискалдық әлеуеттің сарқылуына әкеліп, қайта қаржыландыру тәуекелдерін арттырды. Орташа алғанда, нарығы дамып келе жатқан елдердегі мемлекеттік борыштың ЖІӨ-ге қатынасы 2012 жылғы 38%-дан 2022 жылы 55%-ға дейін артты (1.2-график).

### 1.2-график Экономикасы дамушы елдердің мемлекеттік борышы тарихи ауқымдардың жоғарғы шегінде қалып отыр



Дереккөзі: IMF, Fiscal Monitor "Helping People Bounce Back", October 2022


Ескертпе: Қытайды қоса алмағандағы деректер. 2022–2023 жылдарға арналған бағандар болжаулы деректер болып табылады.

## 1.1.2 Сыртқы макроэкономикалық жағдай

ХВҚ-ның 2022 жылғы деректеріне сәйкес әлемдік экономикалық өсу геосаяси шиеленіс, энергия көзі бағасының өсуі және орталық банктердің монетарлық саясатты қатаңдатуы аясында 2021 жылғы 6,2%-бен (WEO, 2023Q1)<sup>2</sup> салыстырғанда 3,5%-ға дейін баяулады (1.3-график). Мұндай күрт төмендеу ірі экономикалардың экономикалық өсуінің айтар-

лықтай баяулауын: 2022 жылғы бірінші жартыжылдықта АҚШ ЖІӨ-нің қысқаруын және 2022 жылғы екінші жартыжылдықта Еуроаймақ ЖІӨ-нің қысқаруын, сондай-ақ Қытайдағы «COVID-19-ға нөлдік төзімділік» саясатына байланысты өзін-өзі оқшаулау және бұғаттау режимдерінің енгізілуін көрсетеді.

1.3-график 2022 жылы экономиканың жаһандық өсімі бәсеңдегеніне қарамастан оң болды ЖІӨ нақты өсуін бағалау және болжау, ж/ж, а.к.




Дереккөзі: IMF WEO, July 2023

Қытайдағы қалпына келтірудің өсуі COVID-19 ауруының жаңа толқынынан және жылжымайтын мүлік секторындағы белсенділіктің күрт баяулауынан туындаған күтілгеннен де маңызды экономикалық күйзелістер жағдайында баяулауы мүмкін (3.1-блок). ХВҚ 2023 жылы әлемдік экономиканың өсу қарқынының 3,0%-ға дейін төмендеуін болжайды (WEO, July 2023).

Сонымен бірге, әлемдік өсудің баяулауынан, Ресей мұнайына эмбарго енгізілуінен және геосаяси

тәуекелдердің күшеюінен қауіптенуге байланысты 2022 жылы Brent маркалы мұнайдың бағасы бір жыл ішінде өте құбылмалы болды. Жылдың басында сауда-саттық бір баррель үшін 85 АҚШ долларынан басталып, бір баррель үшін шамамен 81 АҚШ долларымен аяқталды, алайда 2022 жылғы алты айда бағалар үш таңбалы мәнге жетті (1.4-график). Дүниежүзілік банктің деректері бойынша 2022 жылғы орташа баға бір баррель үшін 99,8 АҚШ доллары болды.

1.4-график Мұнай мен табиғи газдың бағасы соңғы онжылдықта ең жоғары деңгейге жетті Мұнай бағасы, АҚШ және ЕО газ бағасы



Дереккөзі: Дүниежүзілік Банк

Ескертпе: BTU (British thermal unit) – британдық жылу бірлігі 1 фунт судың температурасын 1 градус Фаренгейтке көтеру үшін қажетті жылу мөлшері ретінде анықталады. Мұнайдың бір баррелі 5,825\*10<sup>6</sup> BTU құрайды. Табиғи газдың бір стандартты текше футы өрескел жақындау ретінде 1000 BTU-ға теңеледі.

<sup>2</sup> IMF | World Economic Outlook Update: Inflation Peaking amid Low Growth, 2023.

Табиғи газды спот сатып алу бағасы соңғы он жылдықтағы ең жоғары деңгейге жетіп, бір баррель мұнай үшін 250 АҚШ доллары баламасынан асты<sup>3</sup> (EIA, World Energy Outlook 2022). Көмірдің бағасы да 2022 жылғы 3-тоқсанда жылыту маусымына дейін Еуропада суық қыстың күтілуіне байланысты рекордтық деңгейге жетті. Халықаралық энергетикалық агенттіктің деректері бойынша газ бен көмір бағасы өсуінің үлесі электр энергиясына әлемдік бағаның өсуінің 90%-ын құрайды.

Әлемдік азық-түлік бағасы 2022 жылы 2021 жылмен салыстырғанда 14,3%-ға өсті (FAO<sup>4</sup>, Food Price Index, 2022), бұл 2021 жылы айтарлықтай өсумен бірге нарықта айтарлықтай шиеленісті туындатты және таза азық-түлік импорттаушылар болып табылатын кіріс деңгейі төмен елдерде азық-түлік қауіпсіздігі үшін күрделі алаңдаушылыққа әкелді. Жоғары құбылмалылыққа қарамастан, FAO азық-түлік бағалары индексінің өсу қарқыны 2022 жылдың соңында баяулады.

### 1.1.3 Ішкі макроэкономикалық жағдай


#### Ұлттық валютаның айырбастау бағамының динамикасы және валюта нарығы

Қазақстанның қаржы секторы 2022 жылы негізінен валюталық арна арқылы іске асқан ішкі, сол сияқты сыртқы күтпеген өзгерістерге ұшырады. Мәселен, 2022 жылы валюта нарығы энергия көзі құнының өсіп келе жатқан белгісіздігі, геосаяси жағдайдың


шиеленісуі және дамушы елдердегі ақша-кредит саясатының қатаңдауы, сондай-ақ АҚШ долларының басқа валюталарға қатысты нығаюы аясында өте тұрақсыз болды.

#### 1.5-график 2022 жылдың бірінші жартысында теңге бағамының құбылмалылығы бірнеше есе өсті

USDKZ бағамы, USDRUB бағамы және мұнай бағасы



USDKZ бағамының, USDRUB бағамының және мұнай бағасының құбылмалылығы



**Дереккөзі:** ҚРҰБ, Bloomberg, ҚРҰБ есептеулері

**Ескертпе:** Құбылмалылық 60 күн ішінде өзгеріс логарифмдерінің стандартты ауытқуын табу жолымен есептелген.

2022 жылғы бірінші тоқсанда мұнайдың жоғары бағасына, санкциялық риториканың күшеюінен және Қазақстанда рубльдің қатты әлсіреуінен Ресейдің валюта нарығындағы теңгерімсіздікке қарамастан, шетел валютасына сұраныстың артуы байқалды, бұл теңгенің бағамына қысым көрсетті. Мәселен, 2022 жылғы ақпан айының соңынан бастап теңгенің бағамы күрт әлсіреп, 2022 жылғы наурыз айының ортасында бір АҚШ доллары үшін 512,17 теңге деңгейінде ең жоғары шегіне жетті (1.5-график). 2022 жылғы мамыр айында теңгенің бағамы нығая бастап, жылдық ең төменгі мән бір АҚШ доллары үшін 414,79 теңгеге жетті. Ақпан айының соңында

геосаяси шиеленіс күшейіп, рубльдің АҚШ долларына құбылмалылығы өте күшейіп, теңге бағамының АҚШ долларына құбылмалылығына әсер етті. 2022 жылдың екінші жартысында құбылмалылық біртіндеп төмендеді.

Қазақстанда қаржылық тұрақтылықты қолдау мақсатында 2022 жылы теңгенің тартымдылығын арттыру және валюта нарығын тұрақтандыру үшін әр түрлі шаралар қабылданды. Мәселен, ҚРҰБ орта мерзімді перспективада инфляциялық жағдайды тұрақтандыру, сондай-ақ инфляциялық күтулерді төмендету үшін 2022 жылы базалық мөлшерлемені 9,75%-дан

<sup>3</sup> Баррель баламасын мұнай және газ компаниялары қаржылық есептерде мұнай мен табиғи газдың өндірісі мен қорын бағалау үшін бірыңғай өлшем ретінде пайдаланады (шамамен 5800 текше фут (58 терм) табиғи газға тең)

<sup>4</sup> Food and Agriculture Organization of the United Nations, Food Price Index (2022).

16,75%-ға дейін көтеріп отырды (1.1-график). Сонымен қатар осы кезеңде алыпсатарлық ауытқуларға жол бермеу үшін (жекелеген күндері) валюталық интервенциялар жүргізілді, KASE биржалық алаңында сауда-саттық Франкфурт аукционы нысанында өткізілді, квазимемлекеттік сектор компанияларының валютаны міндетті түрде сату нормасы 50%-дан 75%-ға дейін ұлғайтылды, қолма-қол шетел валютасын әкету шектелді. Сонымен бірге, Ұлттық Банк Қазақстан

## Инфляция

Қазақстанда инфляцияның деңгейі 2022 жылы 4-6%-дық нысаналы аралықтан асып, 2022 жылғы желтоқсанда 20,3% болды (2021 жылдың қорытындысы бойынша – 8,4%), 1990 жылдардың аяғынан бері ең жоғары деңгейге жетті. 2022 жылғы наурыздан бастап инфляцияның барлық компоненттері бойынша жеделдеуі байқалды (1.6-график).

Жалпы инфляцияның жеделдеуіне жылдық өсуі 25,3% болған азық-түлік тауарларының бағасы ең үлкен үлес қосты. Азық-түлік инфляциясының құрылымында нан-тоқаш өнімдері, жарма, сүт өнімдері, жұмыртқа, жемістер мен көкөністер бағасының өсуі байқалды. Бірінші қажеттіліктегі тауарлар бағасының артуы халықтың нақты кірісін төмендетеді, бұл үй шаруашылықтарының қаржылық тұрақтылығының ілеспе тәуекелдерін арттырады. Азық-түлік тауарларының құрылымында қанттың бағасы 64,9%-ға айтарлықтай өсті.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлардан жеке күтім құралдары, киім-кешек пен аяқ киім, сондай-ақ

Үкіметімен бірлесіп, жеке тұлғалардың теңгедегі депозиттері бойынша өтемақы (сыйлықақы) көзделетін теңгедегі депозиттерді қорғау бағдарламасын қабылдады (5.1-бокс). Бағдарламаны жариялау банк секторын қорландырудың тұрақтылығын нығайтуға, сондай-ақ теңгедегі депозиттердің тартымдылығын арттыруға оң ықпал ете отырып, банк секторының тәуекелдерін бейтараптандырудың уақтылы және қажетті тетігі болды.

жуғыш заттар мен тазалағыш заттар бағасының ең жоғары өсуі (19,4%) байқалды. Жанар-жағармай материалдарының кейбір түрлерінің бағасын бақылау дезинфляциялық әсер берді. Халық үшін ақылы қызметтер инфляциясының негізгі жеделдеуі (14,1%) 2022 жылғы үшінші тоқсанда тұрғын үйді жалдау ақысының күрт қымбаттауына байланысты болды (39,8%), олардың жылдық өсуі ішінара жұмылдыруды хабарлау аясында Ресей азаматтарының тарапынан жоғары сұраныс кезеңінде 2022 жылғы қазан айында ең жоғары мән 46,3%-ға жетті.

Күтілетін инфляцияның мәндері жоғары деңгейде болып, 2022 жылғы желтоқсан айында 2016 жылдан бері рекордтық жоғары деңгейге жетті. Мәселен, респонденттердің 66%-ы бағаның барынша тез өсуін немесе бір жылдық перспективада ағымдағы өсу қарқынының сақталуын күтті. Инфляцияның сақталып отырған жоғары деңгейі, атап айтқанда, мейлінше осал үй шаруашылықтары үшін маңызды проблема болып табылады және әлеуметтік шиеленіс тәуекелін арттыруы мүмкін.

### 1.6-график Қазақстандағы инфляция соңғы онжылдықта ең жоғары деңгейге жетті

ТБИ динамикасы, а.к.



Инфляция құрауыштарының динамикасы, ж/ж



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Ескертпе: Базалық инфляцияға жемістер мен көкөністер, коммуналдық қызметтер (реттелетін), теміржол көлігі, байланыс, бензин, дизель отыны және көмір қосылмайтын базалық индекс алынды.


Маусымдылыққа қарай түзетілген инфляция көрсеткіштерін талдау жылдық көрсетудегі инфляциялық

аяның 2022 жылғы наурыздан бастап орнықты түрде жоғары деңгейде екенін көрсетеді (1.7-график).

Орта мерзімді перспективада инфляциялық процесстерді тұрақтандыру және инфляциялық күтулерді бәсеңдету үшін Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені

2022 жылғы қаңтардағы 10,25%-дан желтоқсандағы 16,75%-ға дейін арттыра отырып, ақша-кредит саясатын қатаңдатуға көшті.

### 1.7-график **Маусымдық түзетілген, жылдық инфляция, а.к.**



Дерекөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

Ескертпе: Кестеде тұтыну бағаларының индексі және оның құрауыштары бойынша аннуализацияланған маусымдық түзетілген айлық деректер көрсетілген  
Маусымдық түзету 2011 жылдан 2022 жылға дейін Х-12-ARIMA әдісінің көмегімен жүргізілген

## Экономикалық өсу


2022 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның экономикалық өсу қарқыны 2021 жылғы 4,3%-бен салыстырғанда төмендегенін көрсетіп, 3,2%-ды құрады. Қолайлы климаттық жағдайларға байланысты дәнді дақылдардың рекордтық өнімін жинауға байланысты ауыл шаруашылығының өнімдерін өндіру 9,1%-дан астам көрсеткішке ұлғайды. Сауда секторындағы оң өсу қарқыны (1.8-график) өңдеу өнеркәсібінде де байқалды. Сонымен қатар, шикізат тауарларының жоғары әлемдік бағасына қарамастан, сыртқы күтпеген өзгерістер, Каспий құбыр желісі консорциумындағы (КҚК) жұмыстардың тоқтап қалуы, сондай-ақ Қашаған ірі мұнай кен

орнындағы жөндеу жұмыстары тау-кен өнеркәсібіне кері әсерін тигізді. Мәселен, 2022 жылы тау-кен өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі 1%-ға төмендеді. Газ өндірудің төмендеуі – 1%-ды, мұнайдың – 1,9%-ды және басқа пайдалы қазбалардың – 7,6%-ды құрады.


2022 жылдың қорытындысы бойынша өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі 3,4%-ға өсті. Машина жасаудағы өсу 9,4%-ды құрады, оның ішінде автомобиль жасау – 19,1%-ға, электр жабдықтарын өндіру – 22,2%-ға, сусындар – 11,2%-ға, химия өнеркәсібінде – 10,2%-ға, жеңіл өнеркәсіп – 6%-ға, тамақ өнімдерін өндіру – 3,9%-ға, мұнай өңдеу 1,9%-ға өсті.

### 1.8-график **2022 жылы сауда секторларындағы ЖІӨ өсімін ауыл шаруашылығы қолдады**

Сауда секторларындағы ЖІӨ өсімі, ж/ж



Сауда жасамайтын секторлардағы ЖІӨ өсімі, ж/ж




Дерекөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

2020 жылы COVID-19 пандемиясына байланысты экономикалық белсенділіктің төмендеуінен кейін 2021 жылдан бастап сауда-саттыққа жатпайтын салада біртіндеп қалпына келу байқалады. Мәселен, 2022 жылдың қорытындысы бойынша құрылыс секторы 9,4% деңгейінде, сондай-ақ көтерме және бөлшек сауда 5,0%-ға өсуді (1.8-график) көрсете отырып, сауда жасамайтын секторда негізгі қозғаушы күш болды. Ақпарат және байланыс секторының өсу қарқыны өткен жылғы 12,9%-бен салыстырғанда 2022 жылы 8,0%-ға дейін төмендеді, алайда COVID-19 пандемиясы кезеңінен кейінгі цифрланды-

рудың сақталып отырған үрдісі секторды салыстырмалы түрде жоғары деңгейде ұстап тұрды.

Орнықты экономикалық өсуді қамтамасыз етудің маңызды факторы негізгі капиталға инвестициялар тарту болып табылады. 2021–2022 жылдар бойы 13,2 трлн теңгеден 15,1 трлн теңгеге дейін негізгі капиталға инвестициялардың біртіндеп ұлғаюы орын алды (1.9-график). Негізгі капиталға салынған инвестициялардың өсу қарқыны 7,9%-ды құрады. Тау-кен өндіру өнеркәсібін есепке алмағанда, негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 10,6 трлн теңгені құрады.

**1.9-график 2022 жылы негізгі капиталға салынған инвестициялардың өсу үрдісі артты**  
Негізгі капиталға инвестицияларды қаржыландыру көздері




Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

2022 жылы меншікті қаражат инвестицияларды қаржыландыру құрылымында ең үлкен үлесті алды, ол 62%-дан 74%-ға дейін ұлғайды. Республикалық және жергілікті бюджеттен алынатын бюджет қаражатының үлесі 14%-дан 16%-ға дейін ұлғайды, сонымен бірге қарыз қаражатының үлесі 9,5%-дан

8,6%-ға дейін азайды. 2022 жылы негізгі капиталға инвестициялардың жетекші бағыттары өнеркәсіп (48%), жылжымайтын мүлікпен операциялар (20%), көлік және қоймаға сақтау (11%), сондай-ақ ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы (6%) болды.

**1.10-график Қазақстанның ЖІӨ-ге қатысты капиталға салынған инвестициялар үлесі 2022 жылы 14,6%-ды құрады**

Секторлар бөлінісінде ЖІӨ-ге пайызбен негізгі капиталға салынған инвестициялар құрылымы



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

2022 жылы негізгі капиталға салынған инвестициялардың ЖІӨ-ге үлесі төмендеді (1.10-график). Со-

нымен қатар, жылжымайтын мүлікпен операциялар секторында инвестициялардың айтарлықтай

ұлғаюы байқалды. Алайда мұнай өңдеу және химия өнеркәсібі салаларындағы құлдырауға байланысты тау-кен өнеркәсібіндегі инвестициялардың үлесі төмендеуде. Соңғы бес жыл ішінде ЖІӨ-ге қатысты негізгі капиталға инвестициялар деңгейінің төмен-

деуі байқалуда, ол 2018 жылы 18%-дан 2022 жылы 14,6%-ға дейін төмендеді. 2026 жылға дейінгі инвестициялық саясат тұжырымдамасына<sup>5</sup> сәйкес негізгі капиталға инвестициялар 2026 жылға қарай ЖІӨ-нің 25,1%-ын құрауы тиіс.

### 1.1-бок. Қаржылық тұрақтылық индексі (ҚТИ)

Жүйелік тәуекелдерге жүргізілетін мониторингті жақсарту жөніндегі жұмыстар шеңберінде Ұлттық Банк ақпараттық-талдамалық құралдарды әзірлеуге белсенді қатысады. Осындай құралдардың бірі – Қаржылық тұрақтылық индексі (ҚТИ). Бұл көрсеткіш экономикадағы қаржылық ауытқуларды жақсы түсінуге ықпал ететін, қаржылық күйзелісті сандық өлшеуге бағытталған көптеген макроэкономикалық және қаржылық көрсеткіштерден тұратын композиттік индексті білдіреді. Баға тұрақтылығына қарағанда қаржылық тұрақтылықты айқындау және өлшеу өзгеше болып келеді, әсіресе қаржы жүйесінің әртүрлі элементтерінің бір-бірімен өзара тәуелділігі мен нақты экономикамен күрделі өзара қатынасын ескерсек, маңызды емес болып табылады. Ұлттық Банк қазіргі кезде тестілеу және оңтайлы параметрлерді іріктеу сатысында тұрған ҚТИ

есептеу әдістемесін әзірледі. Кейінірек Қаржылық тұрақтылық туралы есеп шеңберінде индексті үнемі жариялап тұру жоспарлануда.

Бүгінгі күні орталық банктер нарыққа қатысушылардың орнықтылық динамикасына сандық мониторинг жүргізу үшін экономикадағы қаржылық күйзелістің/тұрақсыздықтың жиынтық индекстерін кеңінен пайдалануда. Атап айтқанда, мұндай индекстердің әртүрлі нұсқалары (қаржылық тұрақтылық индексі, қаржылық күйзеліс индексі, қаржылық осалдық индексі және басқалары) Еуропа Орталық Банкінде (ЕОБ), Азия Даму Банкінде (АДБ), Корея Банкінде (ВОК), Үндістанның Резервтік Банкінде (РБИ), Халықаралық Валюта Қорында (ХВҚ), Малайзия Орталық Банкінде (СВМ) қолданылады.

#### ҚТИ есептеу әдістемесі

Қаржылық тұрақтылықты оңтайлы бағалау үшін күйзелістің (қаржылық тұрақсыздықтың) бір немесе бірнеше “белгілерін” көрсететін қаржы нарығының индикаторлары таңдалды. Бірінші кезеңде

әртүрлі құрауыштарды салыстырмалы шамаларға келтіру үшін параметрлерді стандарттау (Z-score) жүргізіледі, ол мына формула бойынша шығарылады:

$$Z_{it} = \frac{X_{it} - \mu_i^X}{\sigma_i^X}, \text{ мұнда:}$$

$\mu_i^X$  орташа шама;

$\sigma_i^X$  стандартты ауытқу.

Екінші кезеңде секторлар бойынша агрегаттау олардың дисперсиясы бойынша өлшенген шамаларды қосу жолымен жүргізіледі. Салмақты анықтау үшін қолданылатын өлшеу схемасында стандартты ауытқудың кері мәні пайдаланылады, бұл көрсет-

кіштің сезімталдығын арттырады, яғни барынша құбылмалы параметрлер көп салмақ алады. «Бұл тәсіл толықтығын арттыруға мүмкіндік береді (recall) (II типті қатені барынша азайтады).», мұнда

$$WA_{it} = \sum Z_{it} * w_i, \text{ мұнда } w_i = \frac{1}{\sum_{i=1}^N \frac{1}{\sigma_i}}$$

Үшінші кезеңде 0-ден 100-ге дейінгі индексті алу үшін орташа өлшенген мәнді қалыпқа келтіру (Min-Max) жүргізіледі.

$$FSI_t = \frac{WA_t - WA_{min}}{WA_{max} - WA_{min}}, \text{ мұнда } WA \text{ орташа өлшенген (weighted average)}$$

<sup>5</sup> Қазақстан Республикасы инвестициялық саясатының 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 15 шілдедегі № 482 қаулысы.

Аймақтарды бөлудің оңтайлы шегі шудың сигналға қатынасын (NTSR) барынша азайту арқылы есептелді. Бұл шекті деңгейді жалған теріс дағдарыс болжамдарының (II типті қате) және жалған оң дағдарыс болжамдарының (I типті қате) арақатынасын теңестіретіндей етіп таңдауға мүмкіндік береді. Дағдарыстарды табудың ең төменгі көрсеткіші 60%-ға тең. ҚТИ көмегімен қаржылық күйзелістің болуын тексеру үшін индекс мәндерін екі аймаққа бөлуге мүмкіндік беретін оңтайлы шекті бағалау жүргізілді:

- «Тұрақтылық аймағы» – экономикаға елеулі әсер етпей тәуекелдердің болмауы немесе артуы;
- «Жоғары тәуекел аймағы» – экономикаға елеулі әсер етуі мүмкін тәуекелдердің ұлғаюы.

Эмпирикалық бағалау шекті мәннің оңтайлы деңгейі 60 мәніне тең екенін көрсетті. 60-тан жоғары ҚТИ жоғары тәуекел аймағына көшуді көрсетеді. Шекті мәнді іріктеу 4 тоқсан ішінде нақты ЖІӨ өсу қарқынының дәйекті төмендеуі және ЖІӨ-нің теріс нақты өсу кезеңдері ретінде айқындалған дағдарыстардың тарихи кезеңдеріне негізделеді.

### Қаржылық тұрақтылық индексі

Индексті есептеу қаржы жүйесіндегі тәуекел деңгейін жалпы бағалауға, сондай-ақ қаржылық тұрақтылыққа әсер ететін негізгі факторларды ыдыратуға мүмкіндік береді. 2022 жылы ҚТИ жоғары

тәуекел аймағында болды, оның негізгі факторы монетарлық сектор, атап айтқанда инфляцияның рекордтық өсуі болып табылды.


### Қаржылық тұрақтылық индексінің және жоғары тәуекел аймағының графигі



2009 жылдың екінші жартысындағы индекстің өсуі әлемдік қаржы дағдарысына, атап айтқанда корпоративтік және қаржы секторы көрсеткіштерінің нашарлауына байланысты болды. 2015–2016 жылдары мұнай бағасының күрт төмендеуі сыртқы және

корпоративтік сектордың көрсеткіштеріне айтарлықтай дәрежеде әсер етті. 2020 жылы COVID-19 пандемиясына байланысты корпоративтік сектор мен үй шаруашылықтарының көрсеткіштері айтарлықтай нашарлады.

### Қаржылық тұрақтылық индексінің құрамдас бөліктері



## 1.2 Үй шаруашылықтары


Үй шаруашылықтары табысының нақты өсу қарқыны жоғары инфляциялық қысым аясында 2022 жылы баяулады. Еңбек нарығында есептік аналитикалық көрсеткішке сәйкес толық емес жұмыспен қамтудың жалпы деңгейінің төмендеуі байқалады. Жоғары инфляциялық күтулер аясында шығыстар құрылымында азық-түлік емес тауарлардың үлесі өсті, ал инфляцияға түзетілген шығыстардың өсу қарқыны 2022 жылдың екінші жартысында теріс болды.

Үй шаруашылықтарының үнемдеуге бейімділігінің орташа өсуіне қарамастан, халықтың нақты кірісінің айтарлықтай өсуінің болмауы, сондай-ақ үй шаруашылықтарының кірістер құрылымындағы мемлекеттен берілетін әлеуметтік трансферттердің жоғары үлесі халықтың макроэкономикалық күтпеген өзгеріске сезімталдығын арттырады.

2022 жылы халықтың нақты кірістерінің өсу қарқынының баяулауы байқалды (1.11-график). Егер 2022 жылдың бірінші тоқсанында үй шаруашылықтарының нақты ақшалай кіріс индексі 7%-ды құраса, онда 4-тоқсанға қарай көрсеткіш 6,2 пайыздық тармаққа төмендеп, 0,8%-ды құрады. Жалдамалы жұмыстан түсетін кірістің үлесі 2021 жылғы 4-тоқсандағы 60,8%-дан өсіп, 2022 жылғы 4-тоқсанда 64%-ды құрады.

Әлеуметтік трансферттердің үлесі 2020 жылы айтарлықтай өскеннен кейін, оның мәні 2020 жылдың

екінші тоқсанында барлық кірістен 31,3%-ға жетіп, 2021 жылы 25,8%-ға дейін төмендеді де, пандемияға дейінгі деңгейге оралып, 2022 жылы 22,2%-ға дейін төмендеді. Бұл динамика пандемияның аяқталуына және іскерлік белсенділіктің қалпына келуіне байланысты пандемияға байланысты табысынан айрылған азаматтарға көмек көрсету шеңберінде жәрдемақы төлеу көлемінің және басқа да қолдау шараларының азаюымен түсіндіріледі. Сонымен қатар, жыл ішінде өзін-өзі жұмыспен қамтудан түсетін кіріс үлесінің 3,41%-ға артуы байқалды.

1.11-график **Еңбек қызметінен және басқа да кірістер санатынан номиналды кірістердің өсуі жалғасуда**

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҮСБ

2022 жылғы 1-4 тоқсандағы номиналды ақшалай кірісі 2,64% орташа тоқсандық өсімді көрсетті (1.11-график). 2022 жылы жалдамалы жұмыстан кірістер 2021 жылмен салыстырғанда 23,3%-ға өсті. 2022 жылдың 1, 2 және 4 тоқсандарында өткен жылдың сәйкес кезеңдерімен салыстырғанда, тиісінше 13,97%, 12,82% және 14,14% – ға өскен «басқа кірістер» санатында қарқыны өсті. Бұл санат туыстардан материалдық көмекті де қамтиды, алайда меншіктен түсетін кірістің, тұрғын үйді жалға берудің, банктердегі салымдар (депозиттер) бойынша пайыздардың өсуінің арқасында өсімін көрсетті.

Қалыпқа келтірілгеніне қарамастан, әлеуметтік трансферттерден мемлекет алатын үй шаруашылықтары кірістерінің тәуелділігі жоғары болып қалуда. Нәтижесінде фискалдық тәуекелдер де, қаржылық тұрақтылық тәуекелдері де маңызды болып қала береді.


Үй шаруашылықтарының шығыстары түпкілікті пайдалану әдісімен ҚР ЖІӨ құрылымында 50%-дан астамын құрайды, демек, үй шаруашылықтарының

баланстары жиынтық сұранысқа үлкен әсер етеді. 2022 жылы инфляциялық қысымға байланысты инфляцияға түзетілген үй шаруашылықтарының ақшалай шығыстарының өсу қарқыны 1-тоқсандағы 6,5%-дан 2022 жылғы 4-тоқсанда –3,5%-ға дейін төмендеді (1.12-график).

Азық-түліктік емес шығындар мен ақылы қызметтердің үлесі өткен жылмен салыстырғанда сәйкесінше орта есеппен 2,9%-ға және 3,3%-ға өсті, ал азық-түлік шығындарының үлесі 3,2%-ға қысқарды. Салықтардың, төлемдердің және басқа төлемдердің үлесі 11,3%-ға өсті. Алайда, кіріс құрылымындағы ұзақ мерзімді трендтерді қарастыру кезінде азық-түлік шығыстары үлесінің өсуі және ақылы қызметтерге арналған шығыс үлесінің қысқаруы байқалды. Жыл ішінде жалпы құрылымдағы азық-түлік емес шығыстар үлесінің 25%-дан жоғары мәндерге дейін ұлғаюы негізінен инфляциялық қысыммен және жалпы әлемдік үрдістермен (1.1 Макроэкономикалық жағдай) реттелетін ұзақ мерзімді импорттық тауарлар құнының өсуімен түсіндіріледі.


**1.12-график Үй шаруашылықтарының ақшалай шығындарының өсу қарқыны төмендейді, ал қарызға қызмет көрсету шығындарының үлесі артады**

Үй шаруашылықтарының шығыс құрылымы



- Кредитті және борышты өтеу
- Салық, төлемақы және басқа да төлем
- Туыстарына, таныстарына материалдық көмек, алимент
- Ақылы қызмет
- ▨ Азық-түлікке жатпайтын шығыс
- Азық-түлік шығысы
- - - Ақшалай шығыс, өсім (оң жақ шкала)
- Инфляцияға түзетумен ақшалай шығыстың өсуі (оң жақ шкала)

Үй шаруашылықтарының ақша мәніндегі шығысы, мың теңге



- Ақшалай шығыс, барлығы
- Тұтынушылық шығыс
- Азық-түлік шығысы
- Азық-түлікке жатпайтын шығыс
- Ақылы қызмет
- Туыстарына материалдық көмек (оң жақ шкала)
- Салық, төлемақы және басқа да төлем (оң жақ шкала)
- - - Кредитті және борышты өтеу (оң жақ шкала)

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҮСБ

Ескертпе: \* Туыстарына, таныстарына материалдық көмек және алимент


\*\* Нақты ақшалай шығысы индексі инфляция деңгейіне түзетілген ақшалай шығыстардың өсуі ретінде есептелді

2022 жылы орташа тоқсандық тұтыну шығындары 2,89%-ға өсті, бұл көбінесе азық-түлік емес шығындар мен ақылы қызметтердің өсуіне байланысты (1.12-график). Азық-түлік емес шығындар өткен жылдың сәйкес тоқсандарымен салыстырғанда тоқсан ішінде орташа есеппен 18,8%-ға өсті. Ақылы қызметтерге жұмсалатын шығындар 2021 жылдың тиісті тоқсандарымен салыстырғанда 20,1% және 21,71% – ға артып, 2 және 3-тоқсанда ең үлкен өсімді көрсетті. 2022 жылы азық-түлік шығындарының номиналды өсімі тоқсандағы орташа есеппен 3,27% құрады.

Белгіленген жұмыс күнінің ұзақтығынан аз жұмыс істеген адамдарды есепке алғанда, 2022 жылғы жұмыспен қамтудың жалпы деңгейінің мәні орташа есеппен 0,36 пайыздық тармаққа 13,09%-ға дейін төмендеді, бұл пандемия кезеңінің көрсеткіштерінен едәуір төмен (1.13-график). Елеулі төмендеуге қарамастан, бұл көрсеткіш әлі де салыстырмалы түрде жоғары мәнге ие және еңбек ресурстарының әлеуетін толық пайдаланбау экономикалық өсудің баяулауына әкелуі мүмкін.


### 1.13-график **Халықтың жұмыспен толық қамтылмауының жалпы деңгейінің төмендеуі байқалады**

Жанама жұмыссыздықты ескере отырып,  
жұмыссыздық деңгейі



■ Жұмыссыздық деңгейі  
■ Белгіленген жұмыс күнінің ұзақтығынан аз жұмыспен қамтылғандар үлесі  
— Толық емес жұмыспен қамтудың жалпы деңгейі

Жанама жұмыссыздықты ескере отырып,  
жұмыссыздық деңгейі



— Ерлердің толық емес жұмыспен қамтылуының жалпы деңгейі  
— Әйелдердің толық емес жұмыспен қамтылуының жалпы деңгейі  
••••• Ерлер арасындағы жұмыссыздық деңгейі (оң жақ шкала)  
••••• Әйелдер арасындағы жұмыссыздық деңгейі (оң жақ шкала)

*Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері*

*Ескертпе: белгіленген жұмыс күнінің ұзақтығынан аз жұмыспен қамтылғандардың үлесі аптасына 0-ден 40 сағатқа дейін жұмыс істеген адамдардың саны ретінде есептелген*

Жұмыссыздық пен толық емес жұмыс деңгейлерін гендерлік бөліну бойынша қарастырған кезде, екі көрсеткіш те әйелдер арасында айтарлықтай жоғары. Мәселен, 2022 жылы әйелдер арасында толық емес жұмыспен қамтудың орташа деңгейі 15,78%-ға, ал ерлер арасында – 10,5%-ға жетеді.


2022 жылы үй шаруашылықтарының барлық санаттары бойынша тұтыну шығыстарындағы азық-түлік тауарларына арналған шығыстар үлесінің төмендеуі жалғасты (1.14-график). 2021 жылы әлеуметтік трансферттер үлесінің төмендеуі үй шаруашылығын үнемдеуге бейімділіктің төмендеуіне ықпал етті. Соған қарамастан, үй шаруашылығының жалдамалы жұмыс табысының айтарлықтай өсуі аясында үнемдеуге бейімділік ең жоғары табысы бар үй шаруашылықтары мен үй шаруашылықтары бойынша орташа есеппен өсті. Табысы ең төмен үй шаруашылықтарының тұтыну құрылымында азық-түлік тауарлары үшін жоғары болып қалады және шама-

мен 60% құрайды, ал үнемдеуге бейімділік соңғы 5 жыл ішінде төмендеуін жалғастыруда.

Қолда бар кіріске қарызға қызмет көрсету шығындарының үлесі өткен жылдан бастап өсуді жалғастыруда, бұл ретте ең көп үлесі де, ең көп шығын өсімі де ең көп табысы бар үй шаруашылықтарына тән, бұл олардың кредиттік қаражатты алу және оларға қызмет көрсету мүмкіндігіне байланысты. Жалпы, қарыз жүктемесінің өсуі үй шаруашылықтарының барлық санаттары бойынша байқалады.

Қарыз жүктемесінің артуы және халықтың нақты кірісінің айтарлықтай өспеуі үй шаруашылықтарының макроэкономикалық күрт өзгерістерге сезімталдығын арттырады. Бұл динамика болашақта тұтынуды одан әрі ұлғайту мүмкіндіктерін шектейді, бұл экономикалық өсу мүмкіндіктерін шектейді.

1.14-график Үй шаруашылығын үнемдеуге бейімділік артып келеді



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҮСБ деректері негізіндегі ҚРҰБ есептеулері

Ескертпе: Әлеуметтік трансферттерге зейнетақы, шәкіртақы, жәрдемақы және АӘК кіреді

Кірісі ең аз үй шаруашылықтары – 1 децильге жататын үй шаруашылықтары.

Кірісі ең көп үй шаруашылықтары – 10 децильге жататын үй шаруашылықтары.

Жинақтауға бейімділік ( $\alpha$ ) былай есептеледі: 
$$\alpha = 1 - \frac{\beta}{\gamma}$$
, мұнда:

$\beta$  – үй шаруашылықтарының тұтыну шығыстары,

$\gamma$  – үй шаруашылықтарының қолда бар кірісі, яғни салықтарды, айыппұлдарды, міндетті төлемдерді және туыстарына материалдық көмекті шегергендегі кіріс

## 1.2-Бокс. «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заң

2023 жылғы 3 наурыздан бастап Қазақстан Республикасында «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заңы қолданысқа енеді. Бұл дегеніміз, қарызы бар азаматтар 2023 жылдың наурызынан бастап банкроттыққа өтініш бере алады. Заң рәсімдердің 3 түрін қарастырады – соттан тыс банкроттық, сот арқылы банкроттық және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру. Барлық үш процедураға борышкердің өзі ғана бастамашылық етеді, яғни несие берушінің борышкердің банкроттығына өтініш беруге құқығы жоқ.

Соттан тыс банкроттықты азаматтар келесі жағдайларда қолдана алады:

- 1. банктер, микроқаржы ұйымдары және коллекторлар алдындағы борыш 1600 АЕК-тен аспайды;
- 2. банктер, микроқаржы ұйымдары, коллекторлар алдындағы міндеттемелер бойынша өтініш берілген күні қатарынан 12 ай бойы өтелмеген;

- 3. тіркелген мүлік жоқ;
- 4. банкпен мерзімі өткен берешекті реттеу жүргізілген;
- 5. банкроттық 7 жыл бойы қолданылмады.

1600 АЕК-тен астам борыштар және қарыздың қалған түрлері бойынша азаматтар сот арқылы банкроттықты қолдана алады. Сот арқылы банкроттықтың мақсаты банкроттың мүлкі есебінен кредиторлардың талаптарын барынша қанағаттандыру болып табылады. Егер кепіл нысанасы болып жалғыз тұрғын үй табылса, онда кредитор оны сот банкроттығы барысында алып қоюға құқылы. Егер кепіл жалғыз тұрғын үй болмаса, несие берушілер оны талап ете алмайды. Қалған өтелмеген сома борышкердің жосықсыз белгілері болмаған жағдайда есептен шығаруға жатады.

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру сотта тұрақты табыс болған кезде қарыздарды бөліп-бөліп төлеу мүмкіндігін (5 жылға дейін) көздейді. Қалпына кел-

тіру жоспары қаржы басқарушысымен бірлесіп әзірленеді және сотта бекітіледі. Бұл процедураның артықшылығы-одан кейін адам «банкрот» мәртебесін алмайды, сондықтан оған банкрот үшін көзделген салдарлар қолданылмайды.

Азамат банкрот деп жарияланғаннан кейінгі салдары:

1) 5 жыл ішінде қарыздар мен кредиттер алуға тыйым салу;

2) қайта банкроттық 7 жылдан кейін ғана мүмкін болады;

3) банкроттықтан кейін 3 жыл ішінде банкроттың қаржылық жағдайына мониторинг жүргізу.

## 1.3 Ақша-кредит саясаты, валюта және ақша нарығы

2022 жылы Қазақстанның экономикалық көрсеткіштерінің динамикасына макроэкономикалық және геосаяси күтпеген өзгерістер айтарлықтай әсер етті. Өнімнің импорттық жеткізілімдерін қайта құру, елеулі сыртқы инфляциялық қысым, азық-түлікке әлемдік жоғары бағасы, сондай-ақ оң фискалдық қарқын аясында ішкі инфляция 2022 жылғы желтоқсанда 20,3%-ға жетті.

Айырбастау бағамы арнасы сыртқы күтпеген өзгерістерді сіңіруде маңызды рөл атқарады. Мұнайдың әлемдік бағасының өсуіне қарамастан, теңге бағамы қысымға ұшырады және әлемдік нарықтардағы тұрақсыздыққа байланысты 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында өте құбылмалы болды. Өскен тәуекелдердің валюталық нарыққа әсері ҚРҰБ интервенциялары, ҚРҰБ активтерін айырбастау және квазимемлекеттік сектор компанияларының валюталық түсімді міндетті түрде өткізуі есебінен валюта ұсынысын қолдау салдарынан төмендеді.

Қазақстандық ақша нарығы 2022 жылы өтімділік профициті жағдайында жұмысын жалғастырды, ал ҚРҰБ өтімділіктің нетто-сатып алушысы болды. Жылдың бірінші жартыжылдығында тәуекелдердің артуы аясында теңге құралдарының тартымдылығының төмендеуі байқалды, бұл ақша-кредит саясаты құралдары бойынша ҚРҰБ-тың ашық ұстанымын қысқартты. Бұл ретте репо нарығындағы қарыз теңгелік өтімділікке сұраныс нарық қатысушылары тарапынан өсті.

Инфляцияның өсуі нәтижесінде пайыздық мөлшерлеме мен инфляция арасындағы спрэд 2022 жылдың екінші жартыжылдығынан бастап теріс болды. Геосаяси шиеленістің өсуі аясында NDF пен пайыздық мөлшерлеме арасындағы спрэд 2022 жылдың наурызынан бастап теріс болды. Инфляциялық қысымды төмендету мақсатында ҚРҰБ базалық мөлшерлемені жоғары деңгейде ұстады, ал ұлттық валютаға деген сенімді қолдау үшін Теңгелік салымдарды өтеу жөніндегі бағдарлама жарияланды.


### 1.3.1 Ұлттық валютаның айырбастау бағамы саясаты және валюта нарығы

2022 жылы Қазақстанның валюта нарығына әсер еткен негізгі күтпеген өзгерістер «қаңтар оқиғалары» – 2022 жылғы қаңтардың басында Қазақстанның бірқатар қалаларында болған ауқымды тәртіпсіздіктер, 2022 жылғы ақпанда басталған геосаяси қақтығыстың шиеленісуі болды. Қаңтар

айында өскен тәуекелдер доллар теңге валюталық жұбы бойынша NDF ставкаларының өсуіне әкелді. 2021 жылдың 31 желтоқсанында 12% деңгейінде болған NDF мөлшерлемері 5 қаңтарда 16%-ға дейін өсті, ал 6 қаңтарда мөлшерлемері 18%-ға жетті (1.15-график).

1.15-график USD/KZT валюталық жұбы бойынша NDF мөлшерлемелері

USD/KZT валюталық жұбы бойынша NDF мөлшерлемелері, (3 month, last price)



Теңге курсының динамикасы



Дереккөзі: Bloomberg

**«Қаңтар оқиғаларының» валюта нарығына әсері Қазақстан қор биржасында** 6-12 қаңтар аралығында валюта секциясында және 6-11 қаңтар аралығында барлық басқа құралдар бойынша **сауда-саттықты тоқтата тұру арқылы ішінара реттелді.** Тәртіпсіздіктер аяқталғаннан кейін сауда-саттықтың қайта басталуы валюта нарығындағы дүрбелең әсерінің қаупін азайтты. Нәтижесінде сауда-саттық көлемі едәуір өспеді. Жалпы, 2022 жылғы қаңтардағы сауда-саттық көлемі 2,8 млрд АҚШ долларын құрады, бұл бүкіл 2022 жылғы сауда-саттықтың орташа айлық көлемінен (2,7 млрд АҚШ доллары) аздап жоғары. Бұдан басқа, **ҚРҰБ интервенциялары, ҚРҰҚ активтерін айырбастау және квазимемлекеттік сектор компанияларының валюталық түсімін іске асыруы есебінен өтімділікті ұсынудың арқасында валюта нарығына ықпал төмендеді.** 2022 жылғы қаңтарда ҚРҰБ интервенциялары есебінен валютаны нетто-сату көлемі 239,8 млн АҚШ долларын, ҚРҰБ трансферттерін айырбастау есебінен валютаны сату көлемі 695,9 млн АҚШ долларын құрады (1.16-график). Қабылданған шаралардың салдарынан курстың құбылмалылығы артқан жоқ. Ұлттық валютаның айырбас бағамының ең жоғары тәуліктік төмендеуі 0,5%-ды құрады. NDF ставкалары ҚҚБ сауда-саттығы қайта басталғаннан кейін де төмендеді.


2022 жылғы ақпан-наурыз айларында валюта нарығының бағытын айқындаушы фактор геосаяси қақтығыстың шиеленісуі болды. 25 ақпанда теңгенің долларға қатысты бағамының төмендеуі 6,6%-ды құрады, ресми бағам бір доллар үшін 465,99 теңгені құрады. 16 наурызда теңгеге қатысты доллар

бағамы бір доллар үшін 512,19 теңгеге жетті. Тәуекелдердің өсуі тәуекел сыйлықақыларының өсуінен көрінді, наурыз айында NDF ставкалары 40%-дан асты. ҚРҰБ осы кезеңде интервенциялар жүргізді, сондай-ақ валюталық өтімділік ұсынысы ҚРҰҚ трансферттерін айырбастау есебінен қолдау тапты. ҚРҰБ ақпан айында АҚШ долларын нетто-сатылым көлемі 273,7 млн АҚШ долларын құрады. ҚРҰБ интервенцияларының ең көп көлемі наурыз айында келді, наурызда АҚШ долларының нетто-сатылымы 990,5 млн құрады. Ақпан айында ҚРҰҚ трансферттері есебінен валютаны сату 510 млн АҚШ долларын, наурызда 890,9 млн АҚШ долларын құрады. 10 наурыздан кейін NDF мөлшерлемелері біртіндеп төмендей бастап, наурыздың аяғында шамамен 19% болды. Ұлттық валютаның долларға қатысты бағамы да наурыздың аяғында өсті және наурыздың аяғында ресми бағамы бір доллар үшін 458,2 теңгені құрады. 2022 жылы ұлттық валюта бағамының төмендеуі 6,8%-ды құрады.


ҚРҰБ 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында интервенциялар жүргізді, 2022 жылы нетто-интервенциялардың жалпы көлемі 1,6 млрд АҚШ долларын құрады. Интервенциялар қаңтар айында «қаңтар оқиғаларының» салдарын тегістеу үшін ҚББ-да сауда-саттық қайта басталғаннан кейін, сондай-ақ инвесторлардың тәуекел-тәбетінің төмендеуі және геосаяси шиеленістің артуы аясында ақпан, наурыз және мамыр айларында жүргізілді. Жалпы, 2022 жылғы Барлық валюта сату операцияларының 7%-ы ҚРҰБ-ға тиесілі болды. ҚРҰБ интервенцияларының ең көп көлемі наурызға келді, наурыз айында валюта ұсынысының 37%-ы ҚРҰБ есебінен болды.

1.16-график **ҚРҰБ интервенциялары**

ҚРҰБ валюталық интервенциялары (нетто-сатылымдар), млн АҚШ доллары



Ұлттық қордан трансферттерді айырбастау көлемі, млн АҚШ доллары



Дереккөзі: ҚРҰБ


ҚРҰҚ трансферттері есебінен айырбастау көлемі өткен жылдармен салыстырғанда 2022 жылы төмендеді. Мәселен, 2022 жылы ҚРҰҚ қаражаты есебінен валютаны сату көлемі 4,3 млрд АҚШ долларын құрады, бұл 2021 жылы айырбастаудан 55%-ға аз. Бұл ретте, 2022 жылы ҚРҰҚ-тан бюджетке берілетін трансферттер көлемі 1,8%-ға өсті. 2022 жылғы трансферттердің жалпы көлемінен айырбастау көлемінің қатынасы тек 44%-ды құрады, ал өткен жылы айырбастау көлемінің ҚРҰҚ-тан трансферттердің жалпы көлеміне қатынасы 91%-ды құрады. Қалған трансферттер көлемі жинақталған теңгелік өтімділік есебінен жүзеге асырылды. Айырбастаудың қысқаруы валюта нарығындағы ҚРҰҚ үлесін және тиісінше

нарықтың шоғырлануын айтарлықтай қысқартты. 2022 жылы ҚРҰҚ айырбастауының ең үлкен көлемі қаңтар және наурыз айларында болды.


2022 жылы ҚҚБ-ға АҚШ доллары – теңге валюталық жұбы бойынша сауда-саттық көлемі 32,3 млрд АҚШ долларын құрады, бұл 2021 жылғы сауда-саттық көлемінен 9%-ға төмен (1.17-график). Сауда-саттықтың ең жоғарғы көлемі 3,5 млрд АҚШ доллары 2022 жылғы наурыз айына келді. Мәселен, наурыз айындағы сауда-саттық көлемі 2022 жылдың қалған айларындағы сауда-саттықтың орташа көлемінен 33%-ға артық болды.

1.17-график **Валюта жұбы бойынша биржалық валюта нарығы АҚШ доллары-теңге**

Операциялар көлемі, млрд АҚШ доллары



Нарықта шоғырлану деңгейі



Дереккөзі: ҚҚБ, Ұлттық банк есептеулері

**Ескерту:** ННИ – Херфиндаль-Хиршман индексі, ол нарықтағы операциялардың жалпы көлемінен әрбір қатысушының көлем үлесінің квадраттарының қосындысы ретінде есептеледі; Шоғырлану қатарынан 5 күн ішінде жылжымалы орташа ННИ ретінде есептеледі.

Валюта нарығында қатысушылардың жоғары шоғырлануы сақталуда, әсіресе валюта сатушылары жағында жоғары шоғырлануы бар. Бұл ретте 2022 жылы валюта сатушылары шоғырлануының айтарлықтай төмендеуі байқалды. Жалпы валюта сатушыларының шоғырлануының төмендеуі нарық үшін оң сигнал болып табылады, өйткені бұл валютаны ұсыну көздерінің ұлғаюын көрсетеді. Валютаны ұсыну көздерінің шектеулі саны бағамға қысым жасау кезеңінде құнын көбінесе валюта сатушылары анықтайтындығына әкелді.

2022 жылы ең ірі екі қатысушы сауда-саттық көлемінің шамамен 44%-ын құрады, ал 2020 және 2021 жылдары бұл көрсеткіш орташа есеппен 65%-ды құрады. Валютаны сатып алу жағында нарық салыстырмалы түрде әртараптандырылған, дегенмен ол да айтарлықтай шоғырлануымен сипатталады. Сонымен қатар, 2022 жылы сатып алушылардың шоғырлануы алдыңғы жылдармен салыстырғанда өсті. Мәселен, 2022 жылы бір айдағы ең ірі екі қатысушыға орташа есеппен 32%, 2020 және 2021 жылдары бұл көрсеткіш 30% және 28%-ды құрады.

2022 жылы Қазақстан қор биржасының биржалық валюта нарығында мынадай валюталар бойынша

### 1.18-график 2022 жылғы наурыздан бастап CNY/KZT және EUR/KZT валюта жұптары бойынша биржалық нарықтағы сауда-саттық көлемі айтарлықтай өсті

CNY/KZT биржалық валюта нарығындағы операциялар көлемі, млрд юань



EUR/KZT биржалық валюта нарығындағы операциялар көлемі, млн еуро



Дереккөзі: ҚҚБ

2022 жылы еуро-теңге валюталық жұбы бойынша биржалық сауда-саттық өткен жылмен салыстырғанда 5,6 есеге өсіп, 26,2 млрд еуроны құрады. Сауда-саттық көлемі 2022 жылдың сәуірінде өсе бастады және 2022 жылдың тамызында максималды көлемге жетті (148,5 млн еуро). Еуроны негізгі сатып алушылар ЕДБ болды, негізгі сатушылар резидент емес банктер болды.


2022 жылы валюта нарығындағы ең үлкен өсім ресей рублі-теңге валюта жұбы бойынша байқалды, 2022 жылы сауда көлемі 2021 жылы 46,7 млрд рубльмен салыстырғанда 6,3 есе 296,5 млрд рубльге дейін өсті (1.19-график). Сондай-ақ, басқа валю-

сауда-саттық көлемі өсті: ресей рублі, қытай юані, еуро. Ресей, Қытай және Еуроодақ Қазақстан үшін негізгі импорттаушылар болып табылатынын назарға ала отырып, сауда-саттық көлемінің ұлғаюы импорттың ұлғаюы нәтижесінде валютаға деген қажеттіліктің артуына байланысты болуы мүмкін (2022 жылы 19,7%-ға). Сонымен қатар, Ресейге қатысты енгізілген санкциялардың салдарынан ЕАЭК елдерінде ұлттық валюталардағы есеп айырысулардың үлесі өсе бастады. Аталған валюталардағы сауда-саттық көлемін ұлғайтудың қосымша факторы 2022 жылы қазақстандық банктерде шот ашқан және Ресей және Беларусь азаматтары тарапынан сұраныс пен ұсыныстың артуы болуы мүмкін.

2022 жылғы наурыздан бастап қытай юані – теңге валюталық жұбы бойынша сауда-саттық көлемі белсенді өсе бастады, сауда-саттық көлемі өткен аймен салыстырғанда 15 еседен астам өсті (1.18-график). Мәселен, ақпан айында 59,5 млн қытай юанімен салыстырғанда, наурыз айында сауда көлемі 909,3 млн қытай юаніні құрады. Сауда-саттық шілде айында (1,6 млрд юань) және қазан айында (1,7 млрд юань) ең жоғары көлемге жетті. Жалпы, 2022 жылы сауда-саттық көлемі 8,5 млрд юаньды немесе теңгелік баламада 589,8 млрд құрады, бұл 2021 жылғы сауда-саттық көлемінен 4,5 есе артық.

талар сияқты, ресей рублі-теңге валюта жұбы бойынша нарық көлемінің белсенді өсуі 2022 жылдың наурызында басталды, ақпан айында сауда көлемі 2,5 млрд рубльден наурыз айында 21,3 млрд рубльге дейін өсті. 2022 жылы сауда-саттықтың ең жоғары көлемі қыркүйек пен қазан айларында – Ресейде мобилизация жарияланғаннан кейін Ресей азаматтарының ҚР-ға қоныс аударуының екінші толқыны кезінде, байқалды. Қыркүйек айында сауда көлемі 49,2 млрд рубльге, қазан айында 42,1 млрд рубльге дейін өсті. Биржаның деректеріне сәйкес Қазақстанның коммерциялық банктері және резидент емес банктер негізгі қатысушылар болып табылады.

1.19-график RUB/KZT биржалық валюта нарығындағы операциялардың көлемі



Дереккөзі: ҚҚБ

Ресей рублінің нарығы АҚШ долларынан кейінгі ҚҚБ валюта секциясында ең белсенді болып табылады, алайда 2022 жылы айтарлықтай өскеніне қара-

мастан, оның көлемі АҚШ доллары бойынша сауда көлемінен 7 есе төмен болды.

1-кесте. Теңгелік баламадағы негізгі валюталар бойынша сауда-саттық көлемі

	Сауда-саттық көлемі (млрд теңгемен)	
	2021	2022
USD	15 138,0	14 927,2
RUB	272,4	2 140,2
CNY	122,9	589,9
EUR	35,0	185,6

Дереккөзі: ҚҚБ

АҚШ долларына деген сұраныстың артуы нәтижесінде 2022 жылы ЕДБ қолма-қол доллар әкелуде бірнеше жылдағы рекорд жүзеге асырылды. Мәселен, 2022 жылы қолма-қол долларды әкелу (3,9 млрд

доллар) 2021 жылы әкелінген қолма-қол доллардың деңгейінен 91%-ға асты (1.20-график). Қолма-қол доллардың ең жоғары көлемі (726,8 млн АҚШ доллары) 2022 жылғы наурызда әкелінді.

1.20-график Валютаны әкелу (+)/әкету (-)

ЕДБ қолма-қол АҚШ долларын әкелу (+) / әкету (-), млрд АҚШ доллары



ЕДБ қолма-қол Ресей рублін әкелу (+) / әкету (-), млрд рубль



Дереккөзі: ҚРҰБ

АҚШ долларларына қарағанда банктердің Ресей рублін әкелуі 2021 жылғы 84,1 млрд рубльден 2022 жылы 31,3 млрд рубльге дейін төмендеді (-63%) (1.20-график). Банктердің рубльді әкетуі, керісінше, 6 еседен астам өсті. Мәселен, 2022 жылы 34,5 млрд рубль әкетілді, ал өткен екі жылда әкетудің орташа жылдық мәні 5,4 млрд рубльді құраған. Алғаш рет 2017 жылдан басталған деректер бойынша ЕДБ-ның рубльді әкелуімен салыстырғанда көп әкеткен, бұл басқа арналар арқылы қолма-қол ақшалай рубльдің түсімі нәтижесінде орын алды. 2022 жылғы мамырдан бастап қолда бар өтімділіктің жеткіліктілігіне байланысты қолма-қол рубльді әкелуі байқалмады.


**Геосаяси шиеленістің өсуі, «қаңтар оқиғалары» кезінде банктік шоттарға қолжетімділіктің болмауы, ЕДБ-ның Ресейге ұқсас валюталық депозиттерден ақша алуға лимиттер енгізуі туралы қауесет таралуы және сонымен қатар, Ресей азаматтары тарапынан қолма-қол валютаға деген сұраныс 2022 жылғы наурызда шарықтау шегіне жеткен қолма-қол шетел валютасына деген артқан сұранысты туындатты.** 9 наурызда Ресей Банкі қолма-қол валютамен операциялардың уақытша тәртібін енгізді, онда Ресей ЕДБ-ның қолма-қол шетел валютасын сатуына тыйым салу, валюталық салымдардан немесе азаматтардың шоттарынан қаражат беру сомасын шектеу, сондай-ақ осындай салымдардан қаражат беру кезінде жеке тұлғалар-

дан комиссия алу реттелді. Қазақстанда осындай шектеулердің енгізілуінен қорыққан салымшылар өздерінің валюталық жинақтарын ала бастады және оларды қолма-қол ақшаға аударды. Бұған жауап ретінде кейбір ЕДБ қолма-қол ақшаның шектеулі қорына байланысты, салымдарды алуға шектеулер: қаражат алудың ең жоғары сомасына лимит қоюды не тек бір апта бұрын алдын-ала тапсырыс бойынша қаражат алуды енгізе бастады. Елден валютаны әкетуді шектеу мақсатында 2022 жылғы наурызда Қазақстан Президенті елден \$10 мың баламасынан асатын сомада қолма-қол шетел валютасын әкетуге тыйым салу туралы Жарлыққа<sup>6</sup> қол қойды.


Қазақстан салымшыларына қоса Ресейде енгізілген шектеулерге байланысты Ресей рублін Қазақстанда долларға айырбастаған Ресей азаматтары тарапынан қолма-қол валютаға сұраныс пайда болды. Осылайша, банктердің кассаларына қолма-қол рубльдің түсімі айтарлықтай өсті. Мәселен, 2022 жылғы орташа айлық мәнмен (7 722 млн рубль) салыстырғанда мамырда жеке тұлғалардан (резиденттер мен бейрезиденттерді қоса алғанда) банктердің кассасына қолма-қол валюта түсімінің көлемі қомақты 17 617 млн рубльді құрады (1.21-график). Мамырдағы түсімдердің жалпы көлемінің 87,04%-ын резидент жеке тұлғалардың қолма-қол ақшаны өздерінің валюталық шоттарына есепке алуы құрады (15 334 млн рубль).

1.21-график 2022 жылы қолма-қол рубльді айтарлықтай әкелуі байқалды

Банктердің кассаларындағы жеке тұлғалардан қолма-қол Ресей рублінің нетто-түсімдері, млрд рубль



Үкілетті ұйымдар мен банктерде Ресей рублін қолма-қол нетто-сату, млрд рубль



Дереккөзі: ҚРҰБ

Шілденің басында банктердің кассаларында қолма-қол рубль қалдықтарының көлемі 37,9 млрдқа дейін өсті. 2021 жылғы шілдеден бастап 2022 жылғы наурыз аралығында банктердегі қолма-қол рубльдің қалдығы орташа есеппен 7,1 млрд рубльді құрады. Осыған байланысты Үкіметтің Қаулыларына<sup>7</sup>

сәйкес барлық банктер үшін қолма-қол ақшасыз нысанға конвертациялау үшін қолма-қол рубльді әкетуге шектеулер уақытша алып тасталды. Нәтижесінде 2022 жылғы шілде-тамызда банктер шамамен 34,3 млрд рубльді әкетті.

<sup>6</sup> «Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 14 наурыздағы № 830 Жарлығы


<sup>7</sup> «Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 18 шілдедегі № 490 және 2022 жылғы 28 желтоқсандағы № 1079 қаулылары

2022 жылы рубльдің тұрақты әкелінуі нәтижесінде жеке тұлғалардың банктерде және уәкілетті ұйымдарда<sup>8</sup> Ресей валютасын нетто-сатуы айтарлықтай қысқарды. 2022 жылы халыққа рубльді сату 29,34%-ға ж/ж қысқарды. Халықтан сатып алынған рубльдің жиынтық көлемі 2,2 еседен артық өсті. Егер 2021 жылғы наурыздан бастап 2021 жылғы желтоқсан аралығындағы кезеңде барлығы шамамен 25 млрд Ресей валютасы (оның ішінде бейрезиденттерден 2 млрд рубль) сатып алынса, 2022 жылы осындай кезеңде 61 млрд Ресей рублі (оның ішінде бейрезиденттерден 15 млрд рубль) сатып алынды. Нәтижесінде, банктік және банктік емес айырбастау пункттерінің 2022 жылғы қаңтардағы 14 млрд рубль нетто сатуы желтоқсанда 0,5 млрд рубльге дейін төмендеді. Нетто-сатудың орташа айлық көлемі

2021 жылғы 10,7 млрд рубльмен салыстырғанда 2022 жылы 3,7 млрд рубль деңгейінде қалыптасты.

Айырбастау пункттерінің АҚШ долларын нетто-сатуы 2022 жылғы наурызда 65 млрд теңгеге дейін төмендеді (ақпандағы көрсеткішке қарағанда 67%-ға төмен), бұл әкелінген валютаның шамамен бестен бір бөлігін құрайды (1.22-график). Айырбастау пункттерінде қолма-қол долларды нетто-сату төмендеуі халықтың сұранысы төмендеуі емес, валюталық депозиттерді алу салдарынан қолма-қол шетел валютасы төмендеуінің салдары. Жалпы, айырбастау пункттерінде АҚШ долларын нетто-сату 2021 жылғымен салыстырғанда 10%-ға төмен болып, 1,8 трлн теңгені құрады.

1.22-график **Айырбастау пункттерінің шетел валютасын сатып алуының (-)/сатуының (+) неттосы**



Дереккөзі: ҚРҰБ

Рубльмен ақша аударымдары мен төлемдердің көрсеткіштерінде де кейбір өзгерістер байқалады. 2022 жылы Ресейге 1,5 млн төлемдер мен ақша аударымдары жіберілді, бұл 2021 жылғымен салыстырғанда транзакциялар 2%-ға өскенін білдіреді. Транзакциялардың жалпы сомасы 2021 жылғы 17,3 трлн теңгеден 2022 жылғы 34,0 трлн теңгеге дейін 96%-ға ұлғайды. РФ-дан алынған ақша аударымдары мен төлемдерінің саны да 1,5 млн транзакцияны құрады, бұл 2021 жылғы көрсеткіштен 3,1 есе асып түсті. Ақшалай есептегенде өсім 13% болды.


Сонымен қатар, банктердің және жекелеген банктік емес айырбастау пункттерінің алтын өлшеуіш құймаларды сатуы айтарлықтай өскені байқалады, бұл

геосаяси күтпеген өзгеріс пен қаржы нарығындағы құбылмалылық жағдайында жинақтарды сақтаудың балама құралы ретінде халықтың алтынға инвестициялауға мүдделілігімен байланысты болды. 2022 жылғы наурызда 2021 жылғы сәйкес кезеңімен салыстырғанда өлшеуіш құймалар 2,9 есе көп сатылды (2021 жылғы наурыздағы салмағы 48,2 кг 2 898 құймаға қарағанда 2022 жылғы наурызда жалпы салмағы 167,2 кг 8 269 өлшеуіш құйма). 2022 жылғы сәуірде валюта нарығындағы жағдай тұрақтануына байланысты құймаларды сату көлемі төмендегені байқалды (-55,28% а/а). Жалпы, өлшеуіш құймаларды сату көлемі 2021 жылғымен салыстырғанда 2022 жылы 17,4%-ға өсті.


<sup>8</sup> «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» ҚР Заңының 1-бабы 1-тармағының 9) тармақшасына сәйкес уәкілетті ұйымдар – банктер болып табылмайтын, қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының қаржы ұйымдары.

1.23-график 2022 жылы ҚРҰБ алтын-валюта резервтерінің жоғары деңгейін қолдауды жалғастырды

ҚР ҰҚ халықаралық резервтері мен активтері, млрд АҚШ доллары



Алтын қорлары мен оны қайта бағалау



Дереккөзі: ҚРҰБ

2022 жылы ЕАВ-дағы активтер 34,6%-ға өсіп, жыл соңында 14,6 млрд долларды құрады (1.23-график). 2022 жылы алтын 13%-ға төмендеді, осылайша алтын-валюта резервтерінде ЕАВ-дағы активтердің үлесі 32%-дан 42%-ға дейін ұлғайды. АБР-да алтынның үлесі төмендеуі (68%-дан 58%-ға дейін) және ЕАВ үлесі артуы портфельдің әртараптандыруын өсірді және АБР құрылымын барынша теңгерімді етті. ҚРҰҚ активтері 415 млн долларға өсті (+0,8%) және жыл соңында 55,7 млрд доллар болды.

Алтын бағасы ақпанда тәуекелдер артуынан көтеріліп жыл ішінде біртіндеп төмендеді және 2022 жылғы қарашада қайта өсті. Тұтастай алғанда, 2022 жылы алтын құны елеулі өзгерістерге ұшыраған жоқ (-0,3%). Осылайша, алтынның бағасы өзгеруі нәтижесінде қайта бағалау шамалы болды және алтынды нетто-сату нәтижесінде АБР портфелінде алтын төмендеді.


## 1.3.2 Ақша агрегаттары, ҚРҰБ операциялары мен ақша нарығы

2022 жылы ақша массасының белсенді өсуі жалғасты, ақша базасының өсу қарқыны өткен жылмен салыстырғанда баяулады. Мәселен, 2022 жылы ақша массасы 14%-ға (34,3 трлн теңгеге дейін) өсті, ал 2021 жылы ақша массасы 21%-ға өсті (1.24-график). Негізінен теңгедегі мерзімді депозиттер мен шетел валютасында аударылатын депозиттер ұлғаюы есебінен ақша массасы өсті. Халықтың салымы едәуір өсті. Мәселен, халықтың салымы (теңгедегі мерзімді депозиттер және шетел валютасында аударылатын депозиттер) 2,4 трлн теңгеге өсті, ал банктік емес заңды тұлғалардың салымы 1,3 трлн теңгеге өсті.

Кредиттеу, бейрезиденттер қаражатты әкелуі, сондай-ақ ҚРҰБ алтынды сатып алуынан эмиссия

есебінен салымдар, тиісінше ақша массасы да өсті. Мәселен, жалпы, 2022 жылы екінші деңгейдегі банктерден экономикаға берілетін кредиттер 4,3 трлн теңгеге өсті, халыққа берілетін кредиттер 3,1 трлн теңгеге, ал бизнеске берілетін кредиттер 1,2 трлн теңгеге ұлғайды. Ақша базасының өсу қарқыны 2022 жылы аздап төмендеді. 2022 жылы ақша базасының ұлғаюы 2021 жылғы 12%-бен салыстырғанда 8%-ды (916,7 млрд теңгені) құрады. 2022 жылдың соңына қарай ақша базасы 11,9 млрд теңгеге дейін өсті. Ақша базасының құрамында ҚҰБ-дан тыс қолма-қол ақша 10,8%-ға өсті, ЕДБ мен басқа ұйымдардың ҚҰБ-дағы депозиттері 7,3%-ға өсті.

1.24-график Ақша агрегаттары, трлн теңге




Дереккөзі: ҚРҰБ

Осылайша, ақша мультипликаторы (ақша массасының ақша базасына қатынасы) 2020–2021 жылдармен салыстырғанда (2020 жылы – 2,55, 2021 жылы – 2,75) 2022 жылы өсті (2,89).

2022 жылы Қазақстанның қаржы нарығы өтімділік профициті жағдайында жұмыс істеуін, ал ҚРҰБ өтімділікті нетто-сатып алушы болуын жалғастырды. Жылдың бірінші жартыжылдығында тәуекелдер артуы аясында теңгедегі құралдардың тартымдылығы төмендегені байқалды, бұл осы кезеңде

АКС құралдары бойынша ҚРҰБ ашық позициясын қысқартты. Мәселен, ҚРҰБ ашық позициясы қаңтардың басында –2,9 трлн теңгеден қаңтардың соңғы күндерінде –2,6 трлн теңгеге дейін қысқарып, қаңтардың соңғы күндерінде уақытша қысқарды (1.25-график). 24-25 ақпанда екі күнде ҚРҰБ операциялары бойынша сальдо –3,1-ден –2,1 трлн теңгеге дейін 967,2 млрд теңгеге қысқарды. Маусымнан бастап артық өтімділік көлемі біртіндеп өсе бастады және жыл соңында ҚРҰБ операциялары бойынша сальдо –3,7 трлн теңгені құрады.

1.25-график ҚҰБ операциялары бойынша ашық позиция, трлн теңге



Дереккөзі: ҚРҰБ

2022 жылы өтімділікті алудың негізгі құралдары ноталар мен депозиттік аукциондар болды, орташа алғанда, ноталар өтімділікті алу құралдарының 53%-ын, депозиттік аукциондардың 30%-ын құрады. 2022 жылы өтімділікті алу құралдарының құрылымында ҚРҰБ депозиттерінің үлесі кезең-кезеңімен артып отырды. Орташа алғанда, 2022 жылы депозиттер арқылы ҚРҰБ артық өтімділіктің шамамен 14%-ын алып тастады.

Ноталарға сұраныс 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында төмендеді. Жалпы, 2022 жылы ноталар аукциондарының көлемі 17,9 трлн теңгені құрады, бұл 2021 жылғы аукциондар көлемінен 4,3 трлн теңгеге төмен (1.26-график). Айналыстағы ноталар

бойынша позицияның орташа мәні 2022 жылы 1,7 трлн теңгені құрады, ал 2021 жылы ол шамамен 3 трлн теңгені құрады.

2022 жыл ішінде ҚРҰБ ноталарға деген сұранысты толығымен қанағаттандырды, ал ноталарға деген сұраныс әрдайым жарияланған көлемнен асып түсетін. Бұл ретте қаңтар және наурызда өткізілген аукциондардың көпшілігі ерекше болды, бұл кезеңдерде сұраныс аукциондардың жарияланған көлемінен төмен болды. Сонымен қатар наурызда аукциондардың жалпы көлемі басқа айлармен салыстырғанда төмен болды. Осы айларда тәуекелдердің артуы теңгедегі құралдарға сұранысты төмендетті.

1.26-график **Ұлттық Банктің құралдарына сұраныс**

Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ есептеулері


2022 жылы депозиттік аукциондарға сұраныс 2021 жылғы сұраныстан төмен болды. 2022 жылғы қаңтар-ақпанда депозиттік аукциондарға сұраныс шамамен 2021 жылғы желтоқсандағы деңгейде болды, бірақ наурыз-сәуірде депозиттік аукциондарға сұраныс төмендеді. Депозиттік аукциондарға деген сұраныс кейінгі айларда біртіндеп қалпына келе бастағанына қарамастан, наурыздан кейін сұраныс жарияланған көлемнен едәуір төмен болды. ҚРҰБ 2022 жылы сұранысты толығымен қанағаттандырды.

2022 жылы депозиттік аукциондар бойынша орташа күндік позиция шамамен 974,0 млрд теңгені құрады, ноталар бойынша орташа күндік позициядан 42%-ға төмен. Жалпы, 2022 жылы орналастырылған депозиттік аукциондардың жалпы көлемі (49,2 трлн теңге) 2021 жылы орналастырылған аукциондардан (81,0 трлн теңге) 39%-ға төмен болды. Депозиттік аукциондардың ең аз көлемі сәуірде (2,7 трлн теңге)

орналастырылды. Осы кезеңде ҚРҰБ ноталарына сұраныс төмендеді.

Трансмиссияны арттыру мақсатында 2022 жылы ҚРҰБ салыстырмалы түрде ұзақ мерзімді шығарылымдарды шығаруды тоқтатты (1.27-график). Сәуірден бастап ҚРҰБ жартыжылдық ноталарды және шілдеден бастап үш айлық ноталарды шығаруды тоқтатты, базалық мөлшерлеме бойынша шешімдердің қаржы секторына бір ай ішінде қолданылатынына кепілдік беретін 1 ай мерзімі бар ноталарды ғана орналастырды.

Үш айлық және жартыжылдық шығарылым тоқтатылғаннан кейін, нарыққа қатысушылардың портфолиосында қалған үш және алты айлық ноталар біртіндеп өтеле бастады. Қыркүйекте осындай мерзімдермен соңғы шығарылымдар өтелді, ал қыркүйектің соңында нарыққа қатысушыларда бір ай мерзімі бар ноталар ғана қалды.


1.27-график **Мерзімдер бөлінісінде ноталарды бастапқы орналастыру**

Дереккөзі: БҚОД

Бастапқы нарықта ноталардың негізгі сатып алушылары ЕДБ болып қала береді (1.28-график). 2022 жылы ЕДБ бастапқы нарықта орналасты-

рылған көлемнің шамамен 80%-ын құрады, 12%-ы ЕДБ клиенттері мен брокерлері, шамамен 7%-ы ҚРҰБ басқаруындағы қорлар болды.

1.28-график Қатысушылар бөлінісінде ҚРҰБ ноталарын бастапқы орналастыру




Дереккөзі: БҚОД

2022 жылы ноталардың ұйымдастырылған қайталама нарығында белсенділіктің өсуі байқалды. Сауда-саттық көлемінің өсуі наурыз бен қыркүйекте орын алды (тиісінше 199,8 млрд теңгеге және 156,3 млрд теңгеге дейін).


Қайталама нарық бастапқы нарықпен салыстырғанда аз белсенді болып қала береді. Мәселен, 2022 жылы ұйымдастырылған қайталама нарықта сауда-саттық көлемі 727,8 млрд теңгені, ал ұйымдастырылмаған нарықта 1,3 трлн теңгені құрады, ал 2022 жылы бастапқы нарық көлемі 17,9 трлн теңгені құрады (1.29-график).

1.29-график ҚРҰБ ноталары айналысының қайталама нарығы

ҚРҰБ ноталары айналысының қайталама нарығы (ұйым нарық)



ҚРҰБ ноталарының қайталама нарығы (ұйымдастырылған нарық)




Дереккөзі: ҚҚБ, БҚОД

2021–2022 жылдары ноталардың ұйымдастырылмаған қайталама нарығында сауда-саттық көлемі едәуір өсті. Ұйымдастырылмаған нарықта негізгі сатып алушылар бейрезиденттер болып табылады, сондықтан 2022 жылы ноталарды сатып алу көлемінің 82%-ы бейрезиденттерге тиесілі болды. Кәсіби қатысушылар мен ЕДБ клиенттері мен брокерлер ноталарды сатып алу көлемінің шамамен 7%-ын және сақтандыру ұйымдары шамамен 9%-ын құрады.

2021–2022 жылдары неғұрлым ұзақ мерзімді ноталар шығарылымының тоқтатылуымен нота ұстаушылардағы каптивті инвесторлардың үлесі айтар-

лықтай қысқарды және нарықтық инвесторлардың үлесі өсті. Негізгі ұстаушылар ЕДБ болып табылады, 2022 жылы олардың үлесі 71%-дан 80%-ға дейін өсті (1.30-график). 2022 жылы нота ұстаушылар арасындағы бейрезиденттердің үлесі жыл басындағы 10%-дан жыл соңында 4%-ға дейін біртіндеп төмендеді, салыстыру үшін 2021 жылы бейрезиденттердің үлесі орта есеппен 14%-ды құрады. ҚРҰБ ноталарындағы бейрезиденттердің позицияларының қысқаруы, ең алдымен, аймақтағы геосаяси шиеленістің артуы және дамыған елдердің монетарлық саясатының қатаңдауы аясында теңгедегі құралдардың тартымдылығының төмендеуіне байланысты болды.

1.30-график Ұстаушылар бөлінісіндегі айналыстағы ҚРҰБ ноталары




Дереккөзі: ҚҚБ

Репо нарығы өтімділікті бөлудің ең белсенді нарықтарының бірі болып қала береді, бұл ретте қаржы нарығындағы өтімділіктің қалыптасқан профициті, нарыққа қатысушылардың аз саны, олардың жоғары шоғырлануы, сондай-ақ нарыққа қатысушылардың контрагент ретінде ҚРҰБ-ға артықшылық беруі репо нарығының тиімділігін төмендетеді. ЕДБ-да өтімділікке деген қажеттіліктің артуы нәтижесінде 2022 жылы репо нарығында сауда-саттық көлемінің өсуі байқалды. Автоматты репо нарығында теңгемен мәмілелер көлемі 2022 жылы 197,7 трлн теңгеге дейін өсті, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 42%-ға артық (139,6 трлн теңге)

(1.31-график). Мәмілелердің орташа айлық көлемі 2022 жылы 16,5 трлн теңгеге дейін өсті (2021 жылмен салыстырғанда 42%-ға жоғары – 11,6 трлн теңге). Көлемнің ең жоғары өсуі сәуір мен мамырда байқалды, осы кезеңдерде мәмілелер көлемі 20,5 және 19,3 трлн теңге болды. Ноталар мен депозиттік аукциондар нарығында осы кезеңде сұраныс керісінше төмендегенін естеріңізге саламыз. Осылайша, осы кезеңде теңгедегі құралдарға сұраныс азайды, ал қатысушылар теңге бойынша қысқа позицияны ұстауды және репо арқылы қаражат тарту есебінен қажеттіліктерді өтеуді жөн көрді.

1.31-график Автоматты репо нарығының көлемі, млрд теңге




Дереккөзі: ҚҚБ

**Ескертпе:** 1) Графигте репоның барлық құралдары теңгемен көрсетілген. Басқа заңды тұлғалар – брокерлердің/диллерлердің клиенттері болып табылатын заңды тұлғалар. Жеке тұлғалар – брокер-дилерлердің клиенттері Басқалар ретінде сыныпталды.

Репо нарығы нарыққа қатысушылардың өтімділікті беру жағында да, алу жағында да жоғары шоғырлануымен сипатталады (1.32-график). Банк секторындағы өтімділіктің жүйелік профицитіне байланысты сатып алушылардың шектеулі санында өтімділікке айтарлықтай қажеттілік байқалады, нәтижесінде

репо нарығындағы негізгі сұраныс өтімділікті бірнеше ірі сатып алушылар есебінен қалыптасады. Мысалы, 2022 жылы репо нарығындағы мәмілелердің орташа айлық көлемінің шамамен 65%-ы екі ірі сатып алушыға, шамамен 83%-ы өтімділіктің төрт ірі сатып алушысына (ҚРҰБ-ны ескере отырып) тиесілі болды.

1.32-график Автоматты репо нарығының шоғырлануы



Дереккөзі: ҚҚБ

**Ескертпе:** 2) ННИ – Херфиндаль-Хиршман индексі, ол нарықтағы операциялардың жалпы көлемінен әрбір қатысушының квадрат үлесі көлемінің қосындысы ретінде есептеледі; Концентрация бір айдағы жылжымалы орташа ННИ ретінде есептеледі.

Өтімділік сатушыларының шоғырлануы сатып алушылардың шоғырлануынан төмен, дегенмен ол да жоғары деңгейде. Мәселен, 2022 жылы мәмілелердің орташа айлық көлемінің шамамен 60%-ы ең ірі төрт сатушыға, шамамен 40%-ы өтімділіктің бір айдағы ең ірі екі сатушысына (ҚРҰБ есебімен) тиесілі болды. Нәтижесінде өтімділік қажеттілігі артқан кезде мөлшерлемелер базалық мөлшерлеме дәлізінің жоғарғы шекарасына тез ауысады.

2022 жылы ЕДБ-ның теңгелік өтімділігіне қажеттілік артты, ЕДБ-ның өтімділікті сатып алудағы үлесі 2021 жылғы 38%-дан артып, 45%-ды құрады. Кәсіби қатысушылар үшін өтімділікті сатып алу 16%-дан (2021 жылы) 2022 жылы 8%-ға дейін төмендеді. Басқа заңды тұлғалар<sup>9</sup> (ЕДБ және брокерлердің клиенттері) репо нарығының ірі қатысушылары болып табылады, олардың өтімділікті сатып алудағы үлесі 36%-дан төмендеп, 2022 жылы 31%-ды құрады. Басқа заңды тұлғалар тобы үшін өтімділікті орналастыру жағында 2022 жылы 15%-дан 33%-ға дейін өсті, ЕДБ-ның үлесі керісінше 45%-дан 26%-ға дейін төмендеді. Басқа заңды тұлғалар тобы үшін өтімділікті орналастыру жағында 2022 жылы 15%-дан 33%-ға дейін өсті, ЕДБ-ның үлесі керісінше 45%-дан 26%-ға дейін төмендеді. Сондай-ақ, өтімділікті орналастыру нарығындағы ірі қатысушылар даму банкері мен БЖЗҚ болып табылады, олардың үлесі 2022 жылы тиісінше 20%-ға және 5%-ға дейін (2021 жылы 22%-дан және 9%-дан) біршама төмендеді. Кәсіби қатысушылар өтімділікті сатып алу жағына көбірек қатысады, 2022 жылы олардың


үлесі 8%-ды құрады. Теңгелік өтімділікті сатуда кәсіби қатысушылардың үлесі 4%-ды құрады.

2022 жылы ҚРҰБ репо нарығына көбірек қатысты. Өтімділікті алу жағында ҚРҰБ-ның сауда-саттық көлеміндегі үлесі бір жыл ішінде екі есеге, (2021 жылы 7%-дан батсап) 2022 жылы 14%-ға дейін өсті. Өтімділікті беру жағында ҚРҰБ-ның үлесі 2021 жылғы 6%-дан 2022 жылы 9%-ға дейін өсті. 2022 жылғы алғашқы бес айда ҚРҰБ өтімділіктің нетто-сатушысы болды, ал маусымнан бастап ҚРҰБ өтімділікті едәуір дәрежеде алып тастады. ҚРҰБ-ның сату жағындағы ең жоғары үлесі ақпанда (20%) және сәуірде (21%) байқалды. 2022 жылғы өтімділікті алу жағында ҚРҰБ-ның барынша қатысуы шілдеде (40%), тамызда (28%) және қарашада (28%) байқалды, осы кезеңде ҚРҰБ орта есеппен айына 4,6 трлн теңге алынды.

2022 жылы ҚРҰБ алып қою жағында да, өтімділікті беру жағында да бір мезгілде қатысқан кезеңдер саны артты. ҚРҰБ-ның сатып алу және сату жағына бір мезгілде қатысуы нарықтың төмен тиімділігін көрсетеді. ҚРҰБ базалық мөлшерлеме дәлізінің шекараларында, яғни ең нашар шарттар бойынша мөлшерлемелер бойынша мәмілелер жасалады, тиісінше нарық қатысушылары неғұрлым тиімді шарттармен мәмілелер жасау үшін контрәріптесті іздеудің орнына ҚРҰБ-мен мәмілелер жасасуды жөн көрді. Бұл жағдай 2022 жылғы әр айда байқалды, көбінесе қаңтар, наурыз, сәуір, мамыр және тамыз айларында болды (1.33-график).

<sup>9</sup> Бұл ретте клиенттерді жіктеу жөніндегі ақпаратты банктің / брокердің өзі жүзеге асыратынын атап өткен жөн.

1.33-график ҚРҰБ-ның өтімділікті алу және беру жағында бір мезгілде қатысуы



Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ есептеулері

ҚРҰБ ең жиі сәуірде қатысты – 19 жұмыс күнінің 16-сында ҚРҰБ бір мезгілде алып, өтімділікті беруді қамтамасыз етті. Осындай күндері өтімділікті сатып алу бойынша мәмілелердің жалпы көлеміндегі ҚРҰБ үлесі бойынша орташа мән – 13%, ал өтімділікті сату бойынша – 26%. Осылайша, сәуірде 19 жұмыс күнінің 16-сында (күндердің 84%) орташа есеппен шамамен 13% мәмілелер нарық қатысушыларымен ең жақсы шарттар бойынша жасалынуы мүмкін болды. Мұндай күндері ҚРҰБ орташа үлесінің максималды мәні тамызда байқалды, өтімділікті сатып алудың орташа үлесі 16%, өтімділікті сатудың орташа үлесі 20% құрады. Осылайша, тамыздың 22 жұмыс күнінің 8 күні орташа есеппен мәмілелер көлемінің шамамен 16% нарық қатысушылары ең жақсы шарттарда жасай алады.

ҚРҰБ-ның өтімділікті алу және беру жағында бір мезгілде болуы дәліз шекарасындағы ҚРҰБ мөлшерлемесі мен нарықтық қатысушының мөлшерлемесі арасындағы спрэд кредиттік тәуекел үшін сыйлықақыны жаппайтындығының дәлелі болып табылады. Репо нарығындағы тар спрэд банкаралық нарықтың дамымай қалуына да себеп болуы мүмкін. Бұдан басқа, ҚРҰБ-ның өтімділікті орналастыру және тарту тараптарында бір мезгілде болуы қатысушылардың өтімділікті тарту және орналастыру бойынша өтімдер беру уақытының сәйкес келмеуімен қосымша түсіндіріледі. Сонымен, өтімділікті сатып алуға өтімдерді негізінен қатысушылар 15:30-ға дейін береді, ал өтімділіктің кейбір ірі са-


тушылары өтімділікті 15:30-дан кейін орналастырады. Өтім беру уақытының сәйкес келмеуі нарық қатысушыларының жоғары шоғырлануына және бір күндік РЕПО нарығының ірі қатысушылары қызметінің гетерогенділігіне байланысты.

1 күндік РЕПО, ҚРҰБ қатысатын нарық, репо нарығындағы ең танымал құрал болып қалуда (1.34-график). Алайда, 7 күндік репоның үлесі 2022 жылы өсе бастады, сондықтан қаңтардағы 4%-дан 7 күндік репоның үлесі 2022 жылғы желтоқсанға қарай біртіндеп 14%-ға дейін өсті. 1 күндік репо үлесі сәйкесінше 2022 жылы: қаңтарда 93%-дан желтоқсанда 81%-ға дейін төмендеді. Сондай-ақ, нарық қатысушылары репо мәмілелерін 14 және 30 күн мерзімімен жасасады, алайда бұл құралдардың үлесі мерзім бойынша өлшеуді есепке алмағанда едәуір төмен, орташа есеппен 2022 жылы 14 күн мерзімімен репоның ай сайынғы үлесі 3%-ды, ал 30 күн мерзімімен репо шамамен 2%-ды құрады.


Бұл ретте өтімділіктің бөлінуін бағалау кезінде операциялардың мерзімін ескеру қажет. Уақыт бойынша өлшеу кезінде ұзағырақ мерзімдері бар құралдардың үлесі айтарлықтай артады. Сонымен, мерзім бойынша өлшеу кезінде репо нарығындағы өтімділіктің тек 37%-ы бір күндік репо көмегімен бөлінді. Операциялардың 21%-ы 7 күндік репоға, 16%-ы 14 күндік репоға, 25%-ы 30 күндік репоға келді.

### 1.34-график Мерзімдер бөлінісінде автоматты репо операцияларының көлемі

Мерзімдер бөлінісінде автоматты репо операцияларының көлемі, трлн теңге



Мерзімдер бөлінісінде автоматты репо операцияларының мерзімі бойынша мөлшерленген үлесі, т.ш.




Дереккөзі: ҚҚБ

Ескерту: Графикте барлық репо құралдары, соның ішінде теңгеде және шетел валютасында көрсетілген.

2020 жылы ҚҚБ жаңа ASTS+ сауда-клирингтік жүйесі пайдалануға берілді. Нарық қатысушылары үшін ASTS+қа ауысуымен биржалық нарықтың барлық сегменттерінде, соның ішінде репо нарығында орталық контрагенттің қызметтері қолжетімді болды. Бұл жағдайда биржаның өзі орталық контрагент (ОК) болып табылады. Бұл жағдайда биржаның өзі орталық контрагент (ОК) болып табылады. ОК-мен мәмілелер жасасу кезінде ҚҚБ нарыққа қатысушылармен барлық мәмілелер бойынша жалғыз контрагент бола отырып, қаржы нарығына қатысушының ақша немесе қаржы активін жеткізу жөніндегі мін-

деттемесін орындамау тәуекелін өзіне алады. Осылайша, орталық контрагент әрбір сатып алушы үшін сатушы және әрбір сатушы үшін сатып алушы болады. Репо нарығында ASTS+ жүйесіне көшу 2020 жылдың тамызында жүзеге асырылды. Бұл ретте ОК-сыз сауда-саттыққа қатысу әлі де кейбір сауда-саттық режимдерінде қолжетімді, сауда-саттық режимін қатысушы мәміле жасасу шарттары бойынша (ОК-мен/ОК-сыз) және бағалы қағаздар қоржынына байланысты қалауына қарай дербес таңдайды.

### 1.35-график ОК режиміндегі және ОК-сыз репо мәмілелерінің үлесі



Дереккөзі: ҚҚБ

ASTS+ жүйесіне көшумен 2020 жылы ОК-сыз жасалған мәмілелердің үлесі біртіндеп төмендеді, 2021 жылы біршама өсім байқалды, 2021 жылғы шілдеде ОК-сыз мәмілелердің үлесі 26%-ға жетті және келесі айларда қайтадан төмендей бастады (1.35-график). 2022 жылы тәуекелдердің артуы аясында қатысушылар тәуекелдері азырақ мәміле-

лер жасасуды жөн көрді, ОК-сыз мәмілелердің үлесі біртіндеп төмендей берді және соңғы айларда 3-5%-ды құрады, мәмілелердің шамамен 95-97%-ы ОК-мен жасалды.

ОК-мен режимдерде ең үлкен үлесті МБҚ қоржынымен және МҚҰБ<sup>10</sup> қоржынымен репо операция-

<sup>10</sup> МҚҰБ ОК-мен бірге төмендегілер эмитенті болып табылатын, теңгемен номинирленген, Биржаның ресми тізіміндегі мынадай борыштық бағалы қағаздар пайдалануы мүмкін: 1) Қазақстан Республикасының Ұлттық компаниясы; 2) орналастырылған акциялардың жалпы санының 75 және одан да көп пайызы немесе төленген жарғылық капиталы мемлекетке, ұлттық холдингке не Ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұйым; 3) орналастырылған акциялардың жалпы санының 75 және одан көп пайызы немесе төленген жарғылық капиталынан Ұлттық холдингтің еншілес ұйымына не Ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымына тиесілі ұйым.

лары алады, 2022 жылы олардың үлесі 97% құрады (1.36-график). Жеке қаржы құралымен репо үлесі 2022 жылы 1%-ға дейін төмендеді, 2021 жылмен салыстырғанда олардың үлесі шамамен 4%-ды құрады, ал 2020 жылғы 4 айда үлесі 8%-ды құрады. ҚРҰБ қоржынымен репо үлесі де төмендеп, 2022 жылы 1% құрады, 2021 жылы ҚРҰБ қоржынымен жаса-

латын операциялардың үлесі 4%-ды құрады. TONIA индикаторы репо нарығында орталық контрагенттің қызметі пайдаланылатын режимде айқындалады, МБҚ қоржыны кепіл ретінде әрекет етеді, репо мерзімі 1 күнді құрайды, тиісінше TONIA индикаторы нарықтың неғұрлым өтімді бөлігінің мәмілелері бойынша айқындалады.

### 1.36-график Сауда-саттық режимінде операциялардың негізгі көлемі МБҚ қоржыны бар репоға тиесілі



Дереккөзі: ҚҚБ


Ескерту: \*2020 жылдың тамыз айындағы деректер – сауда ASTS+ жүйесіне көшкеннен кейін.

Своптар нарығының көлемі 2022 жылы айтарлықтай өсті және іс жүзінде 2018 жылғы деңгейге жетті (1.37-график). Естеріңізге сала кетейік, 2020–2021 жылдары своптар көлемінің төмендеген болатын. Осы жылдары долларландырудың төмен деңгейі (қазақстандық нарық үшін) ЕДБ-ға өткен жылдардағыдай туынды қаржы құралдарымен мәмілелердің елеулі көлеміне жүгінбей, бейтарапқа жақын валюталық позицияны қолдауға мүмкіндік берді. Наурызда валюталық своптар нарығының өсуінің негізгі драйвері жекелеген банктердің теңгелік өтімділікке қажеттілігінің артуы болды. Бұдан басқа, 2022 жылы валюталық құбылмалылықтың артуы аясында долларландыру ұлғайды, бұл ретте ЕДБ валютадағы ЖӨА қорларын ұстап қалуды және қарыз қаражаты (репо, валюталық своп) есебінен теңгелік өтімділікке қажеттілікті іске асыруды жөн көрді. Осылайша, 2022 жылы валюта нарығының көлемі өткен жылмен салыстырғанда 2,5 есе ұлғайып, 27,9 трлн теңгені құрады. 2022 жылы операциялардың орташа тәуліктік көлемі 121,5 млрд


теңгені құрады, 2021 жылмен салыстырғанда ол 46,3 млрд теңгені құраған. Валюталық своп нарығы көлемінің айтарлықтай өсуі наурыз айында байқалды, ақпанда олардың көлемі 787 млрд теңгеге, наурызда 2,9 трлн-ға дейін өсті. ҚРҰБ теңгелік өтімділікті беру жағында болды, наурызда өтімділіктің 61%-ы ҚРҰБ есебінен берілді. Сәуірде ҚРҰБ әлі де өтімділіктің едәуір көлемін ұсынды, ҚРҰБ-ның теңгелік өтімділікті берудегі үлесі 35%-ды құрады.

2022 жылғы наурызда валюта своптарының теңгелік өтімділігін сатып алу жағындағы шоғырлану едәуір өсті, наурыздағы ең ірі екі қатысушыға ақпандағы 47%-дан ұлғайып, 70%-ына тиесілі болды. Сатып алу жағындағы шоғырлану жыл соңына дейін өсіп, желтоқсанда ең жоғары мәнге жетті, екі ірі сатып алушылардың үлесі айына 94%-ды құрады. Орташа алғанда 2022 жылы өтімділікті ең ірі екі сатып алушыға бір айда мәмілелер көлемінің 76%-ға жуығы тиесілі болды.

## 1.37-график Валюталық своптар нарығының көлемі



## Валюталық своптар нарығының шоғырлануы



Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ есептеулері

Ескертпе: ННИ – нарықтағы операциялардың жалпы көлемінен әрбір қатысушының үлес көлемінің шаршы сомасы ретінде есептелетін Херфиндаль-Хиршман индексі; Шоғырлану кезекті 5 күн ішінде жылжымалы орташа ННИ ретінде есептелген.

Валюта своптары нарығындағы теңгелік өтімділікті сатушылардың нарықтағы шоғырлануы да жоғары болды, алайда сатып алушылар нарығына қарағанда едәуір төмен. 2022 жылғы наурызда шоғырланудың өсуі ҚРҰБ қатысуымен түсіндірілді, осы кезеңде айдағы ең ірі екі қатысушының үлесі 73%-ды құрады, оның 61%-ы ҚРҰБ-ға тиесілі болды (1.37-график).

2022 жылы орташа есеппен екі ірі қатысушыға айна 52%-ы тиесілі болды.

Осылайша, өтімділікті сатып алу жағындағы шоғырланудың айтарлықтай өсуі, сондай-ақ сату жағында ҚРҰБ-ның болуы валюталық своптар нарығындағы теңгелік өтімділікке деген қажеттіліктің артқанын көрсетеді.

### 1.3.3 ҚРҰБ пайыздық саясаты және ақша нарығының мөлшерлемелері

2022 жылы ҚРҰБ базалық мөлшерлемені алты рет арттырды. 25 қаңтарда базалық мөлшерлеме 50 базистік тармаққа 10,25%-ға дейін көтерілді. 2022 жылғы 24 ақпанда, ҚРҰБ базалық мөлшерлемені 350 базистік тармаққа 14,5%-ға дейін көтерді. Осыдан кейін ҚРҰБ геосаяси тәуекелдерді іске асыру аясында инфляциялық қысымның өсуі, жеткізу тізбектеріндегі іркілістердің салдарынан шығастардың ұлғаюы және 2022 жылы энерготасығыштарға бағаның өсуі салдарынан әлемдік бағаның өсуі нәтижесінде базалық мөлшерлемені бірнеше рет көтерді. Осылайша, 2022 жылы базалық мөлшерлеме 7 пайыздық тармаққа өсіп, жыл соңында 16,75%-ды құрады.

2022 жылы TONIA негізінен базалық мөлшерлеме дәлізінің ішінде болды. TONIA жоғарғы шегіне барынша жақын ақпанның 20-сы мен наурыздың басында болды. Маусым айының ішінде TONIA ба-


залық мөлшерлеменің төменгі шегіне біртіндеп жақындай бастады, ал шілде мен тамыздың кейбір күндері TONIA төменгі шекті басып өтті. Төменгі шектен төмен мәмілелер әдетте репо нарығындағы өтімділік ұсынысы өтімділікті алу жөніндегі мәмілелерді жасау үшін ҚРҰБ-да қолда бар МБҚ портфелінен асып кеткен кезде жасалады, ал мәмілелер нарыққа қатысушылар арасында төменгі шектен төмен мөлшерлемелер бойынша жасалады. 2022 жылғы шілдеде пайыздық мөлшерлемелердің төмендеуінің елеулі факторы ЕДБ портфелінде ұсталатын МБҚ өтеу нәтижесінде 250 млрд теңгеден асатын мөлшерде өтімділік ағыны болды.

2022 жылы TONIA айтарлықтай құбылмалы болып қалды және 2017–2019 жылдардағыдай төменгі шекте емес, дәліздің ішінде ауытқып тұрды (1.38-график). 2020–2022 жылдары төменгі шектен босату негізінен ірі сатып алушылар тарапынан қолдау та-

батын сұранысқа байланысты. TONIA 2022 жылғы шілде-тамызда төменгі шекте болған кезеңдерде

өтімділікті ірі сатып алушыдан сұраныстың төмендеуіне байланысты болды.

1.38-график **Базалық мөлшерлеменің операциялық бенчмарк - TONIA индикаторы**




Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ

Жеті күндік репо нарығында ҚРҰБ жоқтығына қарамастан, бұл нарықта бұрынғыша пайыздық мөлшерлемелердің трансмиссиясы сақталып отыр (1.39-график). Жеті күндік репо мөлшерлемелері негізінен базалық мөлшерлеме дәлізінің ішінде болады және бір күндік репо мөлшерлемелерінің траекториясын ұстанады. Бұл ретте жеті күндік репо мөлшерлемелері бір күндік репо мөлшерлемелерінің арасында теріс спрэдке ие болады, тиісінше бұл нарықтың өтімділік құны бір күндік репо нарығына қарағанда орташа алғанда төмен. Өтімділікке сұраныстың төмендеуі нәтижесінде 2022 жылғы шілдеде және тамызда жеті күндік репо нарығындағы орташа алынған мөлшерлеме бір күндік репо нарығының мөлшерлемелеріне ұқсас базалық мөлшерлеменің төменгі шегінен төмен түсті.

лерінің арасында теріс спрэдке ие болады, тиісінше бұл нарықтың өтімділік құны бір күндік репо нарығына қарағанда орташа алғанда төмен. Өтімділікке сұраныстың төмендеуі нәтижесінде 2022 жылғы шілдеде және тамызда жеті күндік репо нарығындағы орташа алынған мөлшерлеме бір күндік репо нарығының мөлшерлемелеріне ұқсас базалық мөлшерлеменің төменгі шегінен төмен түсті.

1.39-график **Репо нарығындағы пайыздық мөлшерлемелер**




Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ

Валюталық своп нарығындағы мөлшерлемелер бір күндік репо мөлшерлемелеріне қарағанда құбылмалы, бірақ олардың динамикасынан кейін келеді (1.40-график). Теңгелік өтімділікке сұраныстың өсуі нәтижесінде 2022 жылғы наурыз-сәуірде своптардың мөлшерлемелері репо мөлшерлемелерінің шегінен 1%-ынан асатын своптар мөлшерлемелерінің жоғарғы шегіне дейін көтерілді. Теңгелік өтімділікке сұраныстың төмендеуі кезінде шілде және қарашада орташа алынған мөлшерлеме базалық мөлшерлеме

шегінен төмен түсті. Бұл ретте 2022 жылы мөлшерлемелер валюталық своптардың төменгі шегінен едәуір асып түсті, ол федералдық қорлар бойынша тиімді мөлшерлеменің көтерілуі нәтижесінде репо мөлшерлемелері үшін төменгі шегіне қарағанда 2022 жыл ішінде біртіндеп төмен түсті.

1.40-график Валюталық своп нарығындағы пайыздық мөлшерлемелер



Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ


Аукциондардың нәтижелері бойынша 2022 жылы ҚРҰБ ноталарының орташа алынған кірістілігі негізінен базалық мөлшерлемеден шамалы төмен қалыптасты (1.41-график). Осылайша, 2022 жылы өткізілген 53 аукционның ішінде 9 аукционда ғана орташа алынған мөлшерлеме базалық мөлшерлемеден асып түсті. Ал 2020 жылғы маусымның жартысынан бастап 2021 жылғы ақпанға дейін бастапқы орналастыру кезінде ноталардың орташа алынған кірістілігі көбінесе базалық мөлшерлемеден асып түсті. Бұл ретте ҚРҰБ сұранысты іс жүзінде толық қанағаттандырған 2022 жылға қарағанда ҚРҰБ осы кезеңде ноталарға сұранысты толық қанағаттандырмады. 2021 жылғы ақпанның аяғынан бастап ҚРҰБ кірістілігі базалық

мөлшерлемеден едәуір жоғары өтімдерді қанағаттандыруды тоқтатты. 2022 жылы қатысушылар өтімдерді базалық мөлшерлемеге жақын берді, бұл өтімдерді қанағаттандырудың өсу көрсеткішін түсіндіреді.


2020 жылғы шілдеден бастап депозиттік аукциондарды орналастыру базалық мөлшерлеме бойынша жүргізіледі, 2022 жылы бұл тәжірибе жалғасты. Факті бойынша депозиттік аукцион аукцион болып табылмайды, себебі ҚРҰБ өтімділікті алып қоятын мөлшерлеме әрқашан базалық мөлшерлемеге тең. Нарыққа қатысушылар бұл туралы біле отырып, базалық мөлшерлеме бойынша өтімдер береді, нәтижесінде өтімдердің 100%-ы орындалады.

1.41-график Ашық нарық операциялары бойынша мөлшерлемелер

Нот аукциондары бойынша мөлшерлемелер



Депозиттік аукциондар бойынша мөлшерлеме




Дереккөзі: ҚҚБ

2022 жылғы наурызда геосаяси тәуекелдердің ұлғаюы аясында доллар-теңге валюталық жұбы бойынша NDF өсу мөлшерлемелері нәтижесінде TONIA мөлшерлемесі мен NDF мөлшерлемесі арасындағы спрэд теріс болды (1.42-график). Кейбір күндері жағымсыз спрэдтер 20%-дан асты, 9 наурызда TONIA мен NDF мөлшерлемесі арасындағы теріс спрэд 28%-ға дейін өсті. 2022 жылы базалық мөлшерлеменің бірнеше рет көтерілуіне қарамастан спрэд TONIA және NDF мөлшерле-

месі айтарлықтай теріс спрэд сақтады, ол тек жылдың соңына қарай қысқарды. Осылайша, 2022 жылы ҚРҰБ TONIA мөлшерлемесі мен NDF нөлге жақын мөлшерлеме арасындағы спрэдті қолдай алмады – наурыздан бастап спрэд теріс болды. 2022 жылғы айтарлықтай теріс спрэд төреліктің бар екендігін айғақтады, бұл теңгенің төмендеуіне есептелген стратегияларды пайдалы етті.

1.42-график **TONIA мөлшерлемесі мен USD/KZT валюта жұбы бойынша NDF мөлшерлемесі арасындағы спрэд**

TONIA мөлшерлемесі мен USD/KZT валюта жұбы бойынша NDF мөлшерлемесі арасындағы спрэд



Тониа мөлшерлемесі мен тұтыну бағаларының индексі арасындағы спрэд, п.т.



Дереккөзі: Bloomberg, ҚҚБ, ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

Инфляцияның өсуі салдарынан нақты мөлшерлеме 2022 жылғы наурызда нөлге дейін қысқарды, ал шілдеде теріс болды және 2022 жылдың соңына дейін осындай болып қалды. Осылайша, теңгедегі пайыздық мөлшерлеме жылдың екінші жартысында валюта бағамының өзгеруі және инфляция бойынша күтулерді өтемеді. Бұл ретте жеке тұлғалардың теңгедегі депозит-

тері бойынша 10% өтемақыны ескере отырып, халық үшін пайыздық мөлшерлеме әлдеқайда жоғары болды. Бұл мөлшерлеме өскен инфляцияны және валюта бағамының өзгеруі бойынша күтулерді өтеді, бұл теңгедегі өскен тәуекелдерге қарамастан депозиттердің долларлануының жүйелік деңгейде өсуінің болмауын түсіндіреді.

## 1.4 Фискалдық саясат

2022 жылы республикалық бюджеттің салық түсімдерінің өсуі және Ұлттық қордан қосымша нысаналы трансферттер республикалық бюджет тапшылығының азаюына ықпал етті. Бюджеттік түсімдердің құрылымындағы трансферттер үлесі 2022 жылы төмендеді, бірақ мұнайға қатысты емес тапшылық деңгейі жоғары күйінде қалып отыр. Үкіметтің борышын шегергенде, Ұлттық қордың активтерінің ЖІӨ-ге қатысты төмендеуі жалғасты, бұл ұзақ мерзімді перспективада салық-бюджет саясатының тұрақтылығын едәуір төмендетеді.


Қарыздарға қызмет көрсету жағынан да, өтеу жағынан да борыштық жүктеменің өсуі борыштық қаржыландыруға қажеттілікті арттырады. МБҚ-ның ішкі нарығы борыштық қаржыландыру қажеттілігін қаражатпен қамтамасыз ете алмаған жағдайда, фискалдық саясат Ұлттық қордың және сыртқы қарыздардың азайып бара жатқан активтеріне тәуелді болады.

2022 жылдың қорытындысы бойынша мұнайға қатысты емес тапшылық деңгейі ЖІӨ-ге 8,4%-ға дейін айтарлықтай төмендеді (1.43-график). Инфляцияның жоғары деңгейінен туындаған номиналды ЖІӨ-нің озық өсу қарқыны тапшылықтың азаюының негізгі факторлары болып табылады. Бюджеттің мұнайға жатпайтын

тапшылығы номиналды мәнде 8 трлн теңгеден 8,6 трлн теңгеге дейін өсті. Мұнай секторы ұйымдарынан мұнай түсімдерін ескере отырып, шоғырландырылған тапшылық 2021 жылмен салыстырғанда айтарлықтай төмендеп, ЖІӨ-ге қатысты 0,55%-ды құрады.

1.43-график **Мұнайға қатысты емес тапшылықтың жоғары деңгейі сақталуда**

Республикалық бюджет тапшылығы ЖІӨ-ге қатысты, %-бен



Дереккөзі: ҚР ҚМ, ХВҚ, Ұлттық Банктің есептеулері

Ескертпе: График үшін РБ шоғырландырылған тапшылығы ресми тапшылық ретінде Ұлттық қордан трансферттерді алып тастағанда және инвестициялық кірістерді қоспағанда, Ұлттық қорға түсетін түсімдер ретінде есептелді.

## Бюджеттік түсімдер

Республикалық бюджетке түсетін түсімдер 2022 жылы өткен жылмен салыстырғанда 27,3%-ға ұлғайып, 16,1 трлн теңге болды (1.44-график). ҚРҰҚ-дан трансферттер үлесі республикалық бюджетке түсетін түсімдердің жалпы көлемінен 2021 жылғы 35,5%-дан 2022 жылы 28,4%-ға дейін төмендеп, 2018 және 2019 жылдардағы пандемияға дейінгі деңгейге қайта оралды. Үлестің төмендеуі 2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылы 42,1%-ға ұлғайып, 10 трлн теңгені құраған салық түсімдерінің озыңқы өсу қарқыны есебінен болды. 2022 жылы ірі бизнес субъектілерінен корпоративтік табыс салығы (КТС), қосылған құн салығы (ҚҚС) және шикі мұнайдың экспорттық кедендік баж салығы (ЭКБ) бойынша түсімдер салық түсімдерінің өсуінің негізгі факторы болды.

2022 жылғы ҚҚС бойынша түсімдер 2021 жылмен салыстырғанда 50,5%-ға ұлғайып, 4,2 трлн теңге болды. ҚР аумағында өндірілген тауарларға, орындалған жұмыстарға және көрсетілген қызметтерге ҚҚС түсімдері 2021 жылдан бастап 66,1%-ға өсіп, 2022 жылы

1,6 трлн теңгені құрады. Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасының аумағынан импортталатын тауарлардан басқа, импортталатын тауарларға ҚҚС түсімдері 75,4%-ға өсіп, 1,4 трлн теңге болды. Бұл ретте ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер аумағынан импортталған тауарларға ҚҚС 14,3%-ға өсіп, 1 трлн теңге болды.

Ірі тау-кен-металлургия компаниялары төлейтін қосымша салық міндеттемелері, сондай-ақ негізгі экспорттық шикізат тауарлары бағасының өсуі аясында КТС түсімдерінің өсуі 2022 жылы жылдық мәнде 39,4%-ды құрады.

ЭКБ бойынша түсімдердің өсуі мұнайдың әлемдік бағасының өсуіне байланысты болды. Дүниежүзілік Банктің деректеріне сәйкес Brent маркалы мұнайдың бағасы 2021 жылмен салыстырғанда 41,7%-ға ұлғайып, 2022 жылы орта есеппен барреліне 99,8 АҚШ долларын құрады.

### 1.44-график Салық түсімдерінің өсуі

РБ түсімдер, трлн теңге



РБ салық түсімдері, трлн теңге



Дереккөзі: ҚР ҚМ, Ұлттық Банктің есептеулері

Номиналды мәндегі жоғары өсімге қарамастан, республикалық бюджеттің мұнайға қатысты емес кірістері номиналды ЖІӨ-ге қатысты төмен болып қалуда. 2009 жылы мұнайға қатысты емес түсімдердің айтарлықтай төмендеуі, соның салдарынан салық мөлшерлемелерінің төмендеуі шығыстарды тиісті түзетумен қатар болған жоқ, бұл мұнайға қатысты емес тапшылық деңгейінің өсуіне алып келді.

2015 жылға дейін мұнайға қатысты емес тапшылықтың жоғары деңгейі мұнайдың бағасы жоғары болған кезде мұнай секторы ұйымдарының үстеме кірістерімен өтелді. 2014 жылдың соңында мұнай бағасы төмендегеннен кейін мұнай секторы

ұйымдарынан түсетін түсімдерді ескере келгенде, республикалық бюджеттің жиынтық түсімдері республикалық бюджеттік шығыстар деңгейінен едәуір төмен болды (1.45-график).


2022 жылы мұнайдың әлемдік жоғары бағасы Ұлттық қорға түсетін мұнай түсімдерінің өсуіне ықпал етті, олар республикалық бюджетке бөлінген трансферттер деңгейінен асып түсті. 2022 жылғы түсімдердің оң үрдісіне қарамастан, ұзақ мерзімді перспективада Ұлттық қордың жинақтаушы тетігі болмаған жағдайда, жоғары құбылмалылыққа байланысты мұнай түсімдері бюджетті қаржыландырудың сенімді көзі бола алмайды.

**1.45-график Бюджеттік шығыстардың өсу қарқыны тұрақты траекторияға сәйкес келмейді, бұл фискалдық кеңістікті тарылтады**

Республикалық бюджеттің түсімдері мен шығысы ЖІӨ-ге %-бен



Ұлттық қорға салық түсімдері және ЖІӨ-ге %-бен трансферттер



Дереккөзі: ҚР ҚМ, ҚР ҰСБ, Ұлттық Банктің есептеулері

**Ескертпе:** РБ түсімдері мұнай түсімдерін ескере отырып, ҚР ҰҚ-дан түсетін трансферттерді алып тастағанда және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қосқанда РБ-ға түсетін түсімдер ретінде есептеледі. Мұнайға жатпайтын түсімдер ҚР ҰҚ-дан және ЭСА-дан трансферттерді шегергендегі ресми түсімдер ретінде есептеледі. 2009 жылы КТС мөлшерлемесі 30%-дан 20%-ға дейін төмендеді. ҚҚС мөлшерлемесі 2007 жылдан 2009 жылға дейін біртіндеп 14%-дан 12%-ға дейін төмендеді.

2024 жылдан бастап Ұлттық қорда он сегіз жасқа толмаған Қазақстан азаматтарына арналған нысаналы талаптар құрылатын болады. Нысаналы талаптар Ұлттық қордың 18 жыл ішіндегі орташа инвестициялық кірістерінің 50%-ы есебінен жыл сайын

толықтырылады. Осыған байланысты Ұлттық қордың жинақ функциясы Ұлттық қордың активтерін болашақ ұрпақ үшін сақтау тұрғысынан алғанда ба-сымдыққа ие болады.


### Бюджеттік шығыстар

2017 жылдан бастап Ұлттық қордан трансферттер тарту есебінен едәуір дәрежедегі бюджеттік шығыстарды нақтылау үрдісі байқалады (1.46-график). 2020 жылы орын алған жағдайға ұқсас дағдарысты кезеңдерде қосымша фискалдық ынталандыру

қажет болған кезде нақтылау тетігі тиімді жұмыс істейді. Бірақ, бюджеттік шығыстарды тұрақты кезеңдерде кеңейту мүмкіндігі салық-бюджет саясаты тәртібін төмендетіп, ұзақ мерзімді перспективада мемлекеттік қаржының тұрақтылығын төмендетеді

**1.46-график Республикалық бюджетті нақтылау**

Ұлттық қордан республикалық бюджетке түсімдер, шығыстар және трансферттер, трлн теңге



Дереккөзі: ҚР ҚМ


Мемлекеттік бюджеттік шығыстардың негізгі бағыттары – әлеуметтік сала шығыстары, оған әлеуметтік көмек пен қамтамасыз ету, білім беру және денсаулық сақтау кіреді және 2022 жылдың қорытындысы бойынша барлығы шамамен 11,1 трлн теңгені немесе ЖІӨ-ге қатысты 10,8%-ды құрайды (1.47-график).

Мемлекеттік бюджеттің денсаулық сақтауға арналған шығыстары 2021 жылғы 2,25 трлн теңгемен салыстырғанда 2022 жылы 2,1 трлн теңгеге дейін төмендеді (1.48-график). 2022 жылдың қорытындысы бойынша денсаулық сақтау шығыстарының

ЖІӨ-ге қатысты %-бен қатынасы пандемияға дейінгі деңгейге келді. Шығыстардың жалпы көлемінің 19,9%-ын әлеуметтік көмек пен қамтамасыз етуге жұмсалған шығыстар құрады. Мысалы, әлеуметтік көмек пен қамтамасыз етуге жұмсалған шығыстар 4,5 трлн теңге немесе ЖІӨ-ге қатысты 4,4% болды. Соңғы 5 жылда мемлекеттік бюджеттік шығыстардың айтарлықтай өскені 2018 жылдан бастап 232,3%-ға едәуір өсіп, 4,5 трлн теңгені (шығыстардың жалпы көлемінің 20%-ы) немесе ЖІӨ-ге қатысты 4,4%-ды құраған білім беру шығыстарынан көрінді.

### 1.47-график **Бюджет қаражатының ең көп үлесі білім беруге және әлеуметтік қамсыздандыруға бағытталған**

Мемлекеттік бюджеттік шығыстардың санаттар бойынша ЖІӨ-ге %-бен қатынасы



**Дереккөзі:** ҚР ҚМ, ҚР ҰСБ, Ұлттық Банктің есептеулері

**Ескертпе:** 2017 жылы ЕДБ қолдаудың біржолғы транзакциясын есепке алмағанда, 2 трлн теңге көлемінде мемлекеттік бюджет шығысы.

Республикалық бюджет шығысы санаттарының толық атаулары:

\* Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі

\*\* Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары

\*\*\* Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі

2022 жылдың қорытындысы бойынша 1,38 трлн теңге немесе ЖІӨ-ге қатысты 1,3% болған тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының шығыстары ЖІӨ-ге қатысты 0,21%-ға төмендеп, пандемияға


дейінгі деңгейге келді. 2022 жылы мемлекеттік бюджеттің қорғаныс шығыстары 46,3%-ға өсіп, 1,1 трлн теңгені немесе ЖІӨ-ге 1,1%-ды құрады.

Шығыстардың артуына 2022 жылы 386 млрд теңгеге өскен (273,6%-ға өсім) өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметіне арналған шығыстар да елеулі үлес қосты. Алайда олардың

деңгейі отын-энергетика кешені мен жер қойнауын пайдалануға жұмсалатын шығыстармен қатар мемлекеттік шығыстар құрылымындағы ең төмен деңгейдің бірі болып қалуда.

#### 1.48-график Әлеуметтік шығыстар мемлекеттік бюджеттің ең басым шығыстары болып қалады

Мемлекеттік бюджеттік шығыстардың ЖІӨ-ге %-бен қатынасы




Дереккөзі: ҚР ҚМ, ҚР ҰСБК, Ұлттық Банктің есептеулері

Экономикалық сыныптаудағы мемлекеттік шығыстар ағымдағы шығыстардың тұрақты өсуін, сондай-ақ олардың 2022 жылғы жалпы шығыстардың 75,3%-ын немесе ЖІӨ-ге қатысты 17,8%-ын құрай отырып, 2022 жылдың қорытындысы бойынша жиынтық мемлекеттік шығыстар құрылымында сәйкес келместен басым болып тұрғанын көрсетеді (1.49-график). Ағымдағы шығыстардың жоғары үлесі

2022 жылдың қорытындысы бойынша 2,9 трлн теңгені немесе жалпы шығыстардың 12%-ын құраған күрделі шығынды өсіру мүмкіндіктерін шектейді. Мемлекеттік шығыстар құрылымындағы әлеуметтік шығыстардың жоғары үлесін ескере отырып, ағымдағы шығыстарды кеңейту болашақта бюджетті түзету мүмкіндігін едәуір азайтады.

#### 1.49-график Ағымдағы шығыстар арқылы күрделі мемлекеттік шығыстарды ығыстыру

Экономикалық сыныптаудағы мемлекеттік бюджеттік шығыстар



Дереккөзі: ҚР ҚМ

## Резервтердің сарқылуы

Мұнайға қатысты емес түсімдер мен бюджеттік шығыстар арасындағы үлкен алшақтық үкіметтік борышты тарту және Ұлттық қор қаражатын пайдалану есебінен өтеледі. 2022 жылдың қорытындысы бойынша үкіметтің таза активтері есебі-


нен жалпы сомасы 8,5 трлн теңге тартылды, оның ішінде 4,58 трлн теңгені ҚРҰҚ-дан бөлінген трансферттер құрайды (1.50-график). 2022 жылы Үкімет негізгі борышты өтеуге және бюджет тапшылығын қаржыландыруға 4 трлн теңге тартты, оның ішінде

3,97 трлн теңгені ішкі қарыздар құрайды. Мұндай құрылым инфляцияның жоғары деңгейімен, сондай-ақ геосаяси ахуалдың шиеленісуіне орай құбылмалы айырбастау бағамымен қатар келген әлемдік

нарықтардағы экономикалық тұрақсыздыққа байланысты ішкі борыштың рөлін күшейту нәтижесі болып табылады.

### 1.50-график Мұнайға қатысты емес кірістердің жеткіліксіз көлемі Ұлттық қордың активтері және борышты тарту есебінен өтеледі

РБ таза қаржы активтері есебінен қаржыландыру, трлн теңге



Үкіметтік борыш қарыздары бойынша негізгі борышты өтеу, трлн теңге



Дереккөзі: ҚР ҚМ

Үкімет борышы үкіметтің негізгі борышын өтеу есебінен тартылады, ол 2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылы 43%-ға ұлғайып, 1 574,3 млрд теңгені құрады. 2021 және 2022 жылдары номиналды мәнде ішкі қарыздарды өтеу көлемі едәуір ұлғайды.


Борыш жүктемесінің өсуі және бюджеттің кірістері мен шығыстары арасындағы үлкен алшақтық үкіметтің таза активтеріне қысым жасайды (1.51-график). Мысалы, 2022 жылдың соңында үкіметтің ЖІӨ-ге қатысты таза активтері 6,4% болды. Ұлттық қордың активтері 2022 жылдың соңында 28,6 трлн теңгені немесе ЖІӨ-ге қатысты 27,8%-ды құрады.

### 1.51-график Мемлекеттің ЖІӨ-ге қатысты %-бен таза қаржы активтері теріс мәнге қарай жылжуда

Мемлекеттің таза активтері ЖІӨ-ге %-бен



Үкіметтік борыш, трлн теңге



Дереккөзі: ҚР ҚМ, ҚР ҰСБ, Ұлттық Банктің есептеулері

**Ескертпе:** (1) Үкіметтің таза активтері Ұлттық қордың активтері ретінде үкіметтік борышты шегергенде есептеледі. (2) Мемлекеттің таза активтері мемлекеттік борышты, мемлекет кепілдік берген борышты және мемлекет кепілгерліктері бойынша борышты ескере отырып, борышты шегере отырып, Ұлттық қордың активтері ретінде есептеледі.

2023 жылдан бастап Бюджет кодексінде бекітілген және екі элементтен тұратын бюджеттік қағида қолданылады. Бюджеттік қағиданың бірінші элементі-

не сәйкес кепілдік берілген трансферттің мөлшері мұнай секторы ұйымдарынан Ұлттық қорға түсетін түсімдердің болжамды деңгейінен аспайтын бола-

ды. Бюджеттік қағиданың екінші элементі республикалық бюджеттік шығыстардың өсу қарқынын инфляция мақсатына үлкейтілген ұзақ мерзімді экономикалық көрсеткіш деңгейінде шектейді.

Бюджеттік қағида кері тартушылық мен икемділік арасындағы, бюджеттік тәртіпті қамтамасыз ету мен экономикалық өсуді ынталандыру арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізуге бағытталған. Орта мерзімді перспективада бюджеттік қағидаларды сақтау мемлекеттік қаржының теңгерімділігін және салық-бюджет саясатының орнықтылығын қамтамасыз етеді. Алайда, ұзақ мерзімді перспективада ең алдымен тиімсіз салық жеңілдіктерін алып тастау және салық әкімшілігін жүргізуді жақсарту арқылы

салық жинауды арттыру есебінен бюджеттің мұнайға қатысты емес кірістерін арттыруға бағытталған шараларды іске асыру фискалдық саясаттың басты артықшылығы болып қалады.

Үкімет борышының динамикасы тұрақты болып қалады. 2022 жылдың соңында Үкімет борышының ЖІӨ-ге қатынасы 2021 жылмен салыстырғанда 0,9%-ға төмендеп, 21,4% болды. 2018 жылдан бастап республикалық бюджетті борыштық қаржыландыруға жалпы қажеттілік айтарлықтай өсті. Егер 2020 жылы ол фискалдық ынталандыруды кеңейту қажеттілігінен туындаса, 2021 және 2022 жылдары үкіметтің негізгі борышын өтеудің рекордтық көлеміне байланысты болды.

### 1.52-график Республикалық бюджеттің борыштық жүктемесінің өсуі байқалады

Үкіметтік борышқа қызмет көрсету, трлн теңге



Борыштық қаржыландыруға жалпы қажеттілік, трлн теңге



Дереккөзі: ҚР ҚМ, ҚР ҰСБ, Ұлттық Банктің есептеулері

**Ескертпе:** Борыштық қаржыландыруға жалпы қажеттілік бастапқы тапшылықтан және қарыздарға қызмет көрсету жөніндегі шығыстан тұратын бюджет тапшылығының сомасы және кезеңге негізгі борышты өтеу ретінде есептеледі.

Қаржыландыруға жалпы қажеттіліктің өсуіндегі тағы бір негізгі фактор – Үкімет борышына қызмет көрсету шығыстарының өсуі, ол 2022 жылдың соңында республикалық бюджетке түскен мұнайға қатысты емес түсімдер көлемінің 13%-ын және ЖІӨ-ге қатысты 1,26%-ын құрады. 2022 жылы Қазақстан үкіметі борышқа қызмет көрсетуге 1,3 трлн теңге жұмсады, бұл өткен жылға қарағанда 32,7%-ға жоғары. Қызмет көрсетуге жұмсалған шығыстардың осылай өсуі қарыз алудың артуына және бастапқы нарықтағы мөлшерлемелердің өсуіне де байланысты болды. Мәселен, мемлекеттік борыш бойынша

пайыздық шығыстар тартылған борышқа қатысты 32,15%-ды құрады (1.52-график). Осылайша, борышты өтеу мен оған қызмет көрсету көлемінің өсуі, нарықтық инвесторлардың МБҚ нарығына қатысу деңгейінің төмендеуі және оның төмен өтімділігі аясында ішкі нарықтың республикалық бюджетті қаржыландыруға өсіп келе жатқан қажеттілікті қамтамасыз ете алмау тәуекелі туындайды. Аталған тәуекел орын алған жағдайда, салық-бюджет саясаты Ұлттық қордың төмендеп бара жатқан активтеріне және сыртқы борыштық қаржыландыруға тағы да тәуелді болады.



МЕМЛЕКЕТТІК  
БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР  
НАРЫҒЫ



## II. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы

2022 жылы тұрақсыз геосаяси ахуал жағдайындағы жоғары инфляциялық күтулер бағалы қағаздардың құнына және орналастыру жеделдігінің құрылымына тікелей әсер етті. Нарыққа қатысушыларды инвестициялау ауқымы қысқа және орта мерзімді бөлікке ауысты. Нарықтың ерікті қатысушылары тарапынан сұраныстың болуына қарамастан, олардың ұзақ мерзімді қағаздарды сатып алуға тәуекел дәрежесінің төмендеуі үкімет қанағаттандырғысы келмеген талап етілетін кірістіліктің артуына әкелді. Мәселен, нарықтық инвесторлардың ҚР ҚМ МБҚ бастапқы нарығына қатысу үлесі 2022 жылы 24,47%-ға дейін төмендеді. Өз кезегінде, каптивті қатысушылар 2022 жылы МБҚ бастапқы нарығына 3 трлн теңге инвестициялай отырып, өздерінің белсенділік деңгейін едәуір арттырды. Осылайша, 2022 жылы ҚР ҚМ-нің қарыздық қаржыландыру қажеттілігі негізінен каптивті инвесторлар есебінен іске асырылды.

Қазақстандық МБҚ нарығы өтімділігінің төмендігімен және тиімсіздігімен сипатталады, олар МБҚ-ның басқа теңгелік қаржы құралдарын бағалауда бағдар болу мүмкіндігін шектейді. Атап айтқанда, бұл тек бағалы қағаздар нарығының ғана емес, тұтастай алғанда қаржы нарығының қалыпты дамуына кедергі келтіреді.

Біріздендірілген тәсіл және зейнетақы активтерін басқаруда бәсекелестік ортаның болмауы МБҚ нарығының дамуын шектейді. Нәтижесінде өз қаражатын өтімді емес нарыққа инвестициялағысы келмейтін әлеуетті инвесторлар шеңбері тарылып, МБҚ нарығы ҚРҰБ инвестициялық шешімдеріне одан әрі тәуелді болатын тұйық шеңбер байқалады. Сондай-ақ, даму деңгейінің төмендігі және белсенді институционалдық инвесторлардың жеткілікті санының жетіспеушілігі, халықаралық инвесторлар тарапынан қызығушылықтың болмауы біртекті инвесторлық қордың қалыптасуына ықпал етеді, бұл нарықтың тиімділігіне теріс әсер етеді. Осылайша, МБҚ нарығы орталықсыздандыруды және әртүрлі инвестициялық пікірлері бар инвесторлардың периметрін кеңейтуді қажет етеді.

МБҚ нарығындағы нарықтық инвесторлар үлесінің төмендеуі нарыққа қатысушылардың күтулеріне сәйкес келмейтін кірістілік қисығының туындауына әкелді. Осылайша, кірістілік қисығы бойынша айқындалатын бағалар нарыққа қатысушылар оларды сатып алуға дайын болған бағаларға қарағанда жоғары болды. Нәтижесінде сұраныс пен ұсыныс бағасының алшақтығы пайда болды, бұл өз кезегінде МБҚ-мен жаңа мәмілелер жасауға кедергі болды.


### 2.1 Мемлекеттік борыш

2022 жылы әлемдік нарықтардағы жоғары белгісіздік және пайыздық мөлшерлемелердің жаппай өсуі аясында мемлекеттік борышты басқару саясаты ішкі қысқа мерзімді қағаздарға қайта бағдарлау икемділігін көрсетті, бұл борыштық міндеттемелерге қызмет көрсетуге арналған шығыстардың құрылымын оңтайландыруға мүмкіндік берді. Осылайша, ҚР ҚМ МБҚ құрылымының орташа мерзімділігі 2022 жылы айтарлықтай төмендеді. Атап айтқанда,


егер 2019 жылдың соңында 3 жылға дейінгі өтеу мерзімділігімен МБҚ портфельдің 15,4%-ын құраса, 2022 жылдың аяғында олардың үлесі 33,9%-ға жетті (2.1-график). 2019 жылдан 2022 жылға дейін мемлекеттік қағаздардың орташа мерзімділігі 8,3 жылдан 6 жылға дейін төмендеді. Орташа алынған мерзімділіктің төмендеуі ҚР ҚМ борыштық қағаздарын өтеу мерзімінің жақындауына байланысты болды.

**2.1-график ҚР ҚМ борыштық міндеттемелеріндегі қысқа мерзімді қағаздардың үлесі өсуде**

ҚР ҚМ МБҚ және еурооблигацияның мерзімді құрылымы, трлн теңге



ҚР ҚМ МБҚ-ның теңгедегі мерзімді құрылымы және олардың орташа мерзімділігі, трлн теңге




Дереккөзі: БҚОД, ҚР ҰБ, ҚРҰБ есептері

Ескертпе: 1) E – ҚР ҚМ еурооблигациялары; 2) еурооблигациялар бойынша негізгі борыш сомасы есепті кезеңнің соңындағы ресми бағамдар бойынша теңгеге айырбасталды.

2022 жылы орналастырылған қысқа мерзімді қағаздар үлесінің өсуіне байланысты алдағы бес жылға өтеу көлемі едәуір өсті (2.2-график). 2023 жылғы жинақталған ішкі борышты өтеудің негізгі көлемі (1) жүйелі маңызы бар банкке оны сауықтыру жөніндегі шаралар шеңберінде шұғыл көмек жүзеге асырылған 2017 жылы; (2) COVID-19 дағдарысы жағ-

дайында үдемелі фискалдық қысым салдарынан мемлекеттің қысқа және орта мерзімді міндеттемелері өскен 2020 жылы, сондай-ақ (3) инвестициялаудың қысқа аралығына бағдарланған нарықтық сұраныс болған 2021–2022 жылдары орналастырылған МБҚ-ға келеді.

**2.2-график Орналастыру кезеңі бөлінісінде ҚМ МБҚ-ны өтеу бейіні**



Дереккөзі: БҚОД, ҚРҰБ есептері

Ескертпе: 1) графикте МБҚ эмиссиясының жылдары көрсетілген; 2) Ұлттық валютадағы МБҚ бойынша негізгі борыш сомасы тұтас құймамен берілген, еурооблигациялар бойынша негізгі борыш сомасы өрнекті құймамен берілген; 3) еурооблигациялар бойынша негізгі борышты өтеу сомасы 31.12.2022 жылға арналған ресми бағам бойынша теңгеге айырбасталды.

Теңгерімсіз өтеу кестесі жағдайында негізінен қысқа және орта мерзімді сипаттағы мемлекеттік қарыздың тез және біршама өсуі қайта қаржылан-

дыру тәуекелі өсуіне айтарлықтай әсер етті, бұл эмитенттің жинақталған қарызды өтеу үшін қолайлы шарттарда жаңа қарызды алу мүмкіндігі болмау

ықтималдығын білдіреді. Басқаша айтқанда, нақты кезеңдердегі негізгі қарызды өтеу сомасының шоғырлануы жаңа шығарылымдардың әлеуетті құнын арттыруы мүмкін. Өз кезегінде, жергілікті МБҚ нарығындағы шектеулі инвесторлық база аясында

қарыз тартудың жоғары құны ҚМ-нің ішкі қарызды сыртқы қарызды тартуымен және ҚРҰҚ-дан трансферттерді ұлғайтуымен алмастыруға мәжбүр болуына әкеледі.

## 2.2 МБҚ нарығының микроқұрылымы

### МБҚ аукциондары


2022 жылы орналастыру кестесінен айтарлықтай ауытқу әлемдік нарықтардағы белгісіздіктің жоғарылауына және олардың ішкі макроэкономикалық жағдайға әсер етуіне байланысты болды. Орналастыру кестесін сақтауға қайта келу нарықтық инвесторлар үшін тартымдылықты арттыру үшін шарттардың бірі болып табылады.

2022 жылға арналған МБҚ шығару кестесіне сәйкес ҚР ҚМ МБҚ 2,82 трлн теңге сомада шығаруды жоспарлаған (2.3-график). Аукциондарда жарияланған көлемдер шығарылымның жоспарланған көлемінен әлдеқайда асып түсті. Егер 2022 жылғы мамырға дейін жарияланған көлемдер жоспарлы көлем мен алдыңғы аукциондарда толық алынбаған сомалардың қосындысына тең соманы көрсетсе, ал маусымнан бастап ҚР ҚМ шетелдік капиталды тартуды қысқарту және ішкі борышты тартуды тиісті ұлғайту жөнінде шешім қабылдауына байланысты елеулі түзетулер орын алды. ҚМ тарапынан мұндай шара геосаяси жағдайдың шиеленісуіне және

әлемдік нарықтардың экономикалық тұрақсыздығына байланысты мәжбүрлі болды.

Экономика айтарлықтай ауытқуларсыз және дағдарыстарсыз жұмыс істейтін жағдайда, МБҚ шығару кестесін орындаудағы мұндай бұзушылықтар белгісіздікке және инвесторлардың ақша ағындарын жоспарлау мүмкіндігі төмендеуіне байланысты МБҚ-ға әлеуетті сұраныс төмендеуіне әкелуі мүмкін. МБҚ нарығын дамыту қаржы нарығына қатысушылар тарапынан олардың эмитентіне сенім болуын талап етеді. Ұтымды және орнықты фискалдық және монетарлық саясатты жүргізуден және тиісті нормативтік-құқықтық базаны құрудан басқа, үкіметке МБҚ шығару стратегиясы туралы уақтылы және жаңартылған ақпаратты беру қажет. Стратегия елдің макроэкономикалық жағдайын кешенді бағалауға негізделуі, нарыққа қатысушылардың қалауын ескеруі және тұрақты негізде жариялануы тиіс.

2.3-график 2022 жылдың ортасынан бастап ҚР ҚМ-нің МБҚ ұсынысы бойынша елеулі түзетулер байқалды, ал өткізілмеген аукциондар саны екі есе өсті



Дереккөзі: ҚҚБ

Ескертпе: Қатысушылардың орташа саны аукциондарға қатысушылар санының аукциондар санына қатынасы ретінде есептеледі.

2022 жылы өткізілген 154 аукционның 12 аукционы өтпеді, бұл өткен жылмен салыстырғанда екі есе көп (тиісінше 6 және 12). Оның 9 аукционын ҚР ҚМ беріл-


ген өтінімдерде баға параметрлері қанағаттанарлықсыз болуына байланысты өткізбеді. Сондай-ақ, 2022 жылғы қаңтар-ақпанда 3 аукцион лимиттелген

өтінімдер болмауына байланысты өткізілмеді, бұл ұзақ мерзімді МБҚ шығарылымдарына сұраныс төмендеуімен түсіндірілді (2.3-график).

2022 жылдың қорытындысы бойынша бастапқы нарықта МБҚ сатып алуға қатысушылар 4,67 трлн теңге сомаға өтінім берді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 22,38%-ға жоғары. Алайда, мұндай өсім

каптивті инвесторлардың қатысуының 4 есе артуына байланысты болды. Өз кезегінде нарық қатысушылары аукциондарға қатысуын өткен жылға қатысты 45,95%-ға қысқартты (2.4-график а). Атап айтқанда, олардың белсенділігі қысқа және орта мерзімді инвестициялау көкжиегі бар қағаздарда шектелді (2.4-график б).

#### 2.4-график **Нарықтық қатысушылардың МБҚ аукциондарына қатысу қарқындылығы айтарлықтай төмендеді**




Дереккөзі: ҚҚБ

Бастапқы нарықтағы өтінімдерді қанағаттандырудың орташа деңгейі 2021 жылғы 63,5%-дан 2022 жылы 82,8%-ға дейін өсті (2.4-график а). Алайда, нарықтық инвесторлардың өтінімдерін қанағаттандыру деңгейі каптивті инвесторлардан айтарлықтай ерекшеленді. Осылайша, 2022 жылы нарық қатысушыларының өтінімдерінің тек 56,2%-ы ғана табыс-

ты болды, ал каптивті инвесторлар берген өтінімдердің жалпы көлемінің 97,3% қанағаттандырылды (2.4-график а). Бұл ретте Қаржы министрлігі тартудың жоспарлы көрсеткіштеріне қол жеткізген жоқ. Оның ішінде, 2022 жылдың ішінде аукциондарда жарияланған көлемге орналастырылған көлемнің айлық көрсеткіші 50%-дан аспады (2.5-график).

#### 2.5-график **2022 жылы өтінімдердің табыстылық деңгейі артты**



Дереккөзі: ҚҚБ

Өтінімнің сәттілігі нарық сұраған кірістілік мөлшерлемелеріне байланысты болды. Атап айтқанда, нарық ойыншылары МБҚ-да жоғары кірісті талап етті, өз кезегінде Қаржы министрлігі жоғары кірісті


өтінімдерді қанағаттандырмады, өйткені ол бағалы қағаздар бойынша жоғары пайыздық мөлшерлемені төлегісі келмеді, себебі бұл оның қарыз алу құнының өсуіне әкелуі мүмкін (2.6-график).

## 2.6-график **Нарық қатысушылары бастапқы нарықта жоғары кірістілікті тіркегісі келді**

Кірістілігі тіркелген МБҚ-ның бастапқы аукционындағы қанағаттандырылған және қанағаттандырылмаған лимиттелген өтінімдер

● каптивті қатысушылардың қанағаттандырылған өтінімдері    ◆ каптивті қатысушылардың қанағаттандырылмаған өтінімдері

● нарық қатысушыларының қанағаттандырылған өтінімдері    ◆ нарық қатысушыларының қанағаттандырылмаған өтінімдері



Дереккөзі: ҚҚБ

ҚР ҚМ МБҚ аукционын өткізу тетігі басқа елдердің қазынашылық қағаздарының аукционын өткізудің стандартты тәжірибесінен өзгеше. Стандартты аукцион дизайнына сәйкес, бөлу бағасы барлық мәлімделген көлемді қанағаттандыруға болатын ең жоғары мөлшерлеме ретінде анықталады. Өз кезегінде,

Қаржы министрлігі алдын-ала жариялаған орналастыру көлемі өтінімдерді қанағаттандыру бойынша шешім қабылдауға іс жүзінде әсер етпейді. Осылайша, қаржыландырудың баламалы көздерінің болуы, қарызға қызмет көрсету құнын төмендетуге бағдарлану, мәлімделген көлемді орналастыру бойынша

міндеттемелердің болмауы орналастырылатын көлем туралы шешім қабылдау кезінде бөлу бағасын басты өлшемге айналдырады. Нарықтық емес тетіктерге негізделген бағаны анықтаудың бұл әдісі


## МБҚ нарығындағы инвесторлық база

Нарыққа қатысушылар тарапынан мәлімделген көлемдердің төмендеуіне және ҚР ҚМ мен нарық арасындағы пайыздық мөлшерлемелер бойынша келіспеушіліктерге байланысты МБҚ орналастыруда нарықтық инвесторлардың қатысу үлесі 2021 жылғы 68,76%-дан 2022 жылы 24,47%-ға дейін төмендеді (2.7-график). Нарықтық инвесторлар арасында ҚР ҚМ МБҚ аукциондарында негізгі сатып алушылар болып банктер қалды, алайда олардың үлесі 2021 жылғы 51,31%-дан 2022 жылы 15,13%-ға дейін айтарлықтай төмендеді.

Сонымен қатар, соңғы 2 жылда МБҚ бастапқы және қайталама нарықтарында брокерлер клиенттерінің белсенділігінің артуы байқалды, бұл Қазақстанда брокерлік қызметтің белсенді болуына байланысты.

### 2.7-график 2022 жылы банктердің ҚР ҚМ МБҚ-ның бастапқы орналастыруға қатысу үлесі 2021 жылғы 51,31%-дан 15,13%-ға дейін төмендеді

ҚР ҚМ МБҚ-ның ұстаушылар бөлінісінде бастапқы орналастыру, млрд теңге



Дереккөзі: БҚОД

**Ескертпе:** 1) Инвестордың «Басқасы» түріне брокер-дилерлер, инвестициялық қорлар, жеке адамдар, мемлекеттік ұйымдар, басқа да заңды тұлғалар және зейнетақы қорларының меншікті активтері кіреді; 2) СҰ – сақтандыру ұйымдары; 3) БЖЗҚ (ИПБ) – БЖЗҚ инвестициялық портфельдің жеке басқарушылары.

2021 жылғы қаңтардан бастап азаматтардың зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегінен асатын бөлігін басқарушы компанияларға инвестициялық басқаруға беру мүмкіндігі пайда болды. 2022 жылдың соңында 5 ИПБ басқаруындағы зейнетақы активтері барлық зейнетақы жинақтарының 0,064%-ын құрады. Мұндай төмен көрсеткіш зейнетақы жинақтарын ИПБ-ға беру сомасы бойынша белгіленген лимиттермен, халықтың қаржылық сауаттылығының төмен деңгейімен, сондай-ақ азаматтардың зейнетақы жинақтарының сақталуына мемлекеттік кепілдікті қамтамасыз ететін зейне-

нарық қатысушылары үшін белгісіздік деңгейін арттырады және олардың аукциондарға белсенді қатысуға деген қызығушылығын төмендетеді.

2012–2020 жыл аралығында брокерлердің басқа клиенттері арасында бастапқы нарықта МБҚ орналастыру үлесі орналастырудың барлық көлемінің 2%-нан аспады, ал 2021 және 2022 жылдары олардың үлесі тиісінше 7,96% және 7,16%-ды құрады.

Өтімділігі төмен МБҚ нарығы жағдайында әлемдік аренадағы саяси тұрақсыздықтың артуы бейрезиденттердің МБҚ нарығынан кетуіне әкелді. Бейрезиденттердің кетуі ҚР ҚМ МБҚ бастапқы орналастыру операцияларында, сондай-ақ өз активтерін қайталама нарықта сатуда олардың болмауынан да байқалды. ҚР ҚМ МБҚ бейрезидент ұстаушылардың үлесі 2021 жылғы 3,23%-дан 2022 жылы 1,63%-ға дейін екі есе қысқарды.

тақы активтерін басқарудың мемлекеттік құрылымын артық көретінімен түсіндіріледі.

Зейнетақы активтерінің бір бөлігін бәсекелестік ортаға беру бойынша зейнетақы активтерін басқару реформасы зейнетақы активтерін басқару қызметтері нарығындағы монополиялау деңгейін төмендеткен жоқ.

Бірыңғай тәсіл және зейнетақы активтерін басқаруда бәсекелестік ортаның болмауы МБҚ нарығының дамуын шектейді. Нәтижесінде өз қаражатын өтімді емес нарыққа инвестициялағысы келмейтін әлеует-

ті инвесторлар шеңбері тарылып, МБҚ нарығы ҚРҰБ инвестициялық шешімдеріне одан да тәуелді болатын тұйық шеңбер байқалады.

Дамудың төмен деңгейі және белсенді институционалдық инвесторлардың жеткілікті санының болмауы, халықаралық инвесторлар тарапынан

## МБҚ мерзімді құрылымы мен түрлері


Сұраныстың қысқа және орта мерзімді МБҚ-ға бағдарлануы МБҚ-ны орналастыру мерзімділігі құрылымының өзгеруіне әсер етті. 2022 жылы өтеу мерзімі 1 жылға дейінгі МБҚ орналастыру көлемі 2021 жылмен салыстырғанда үш есе өсті, ал олардың үлесі 6,2%-ды (2021 ж. – 2,67%) құрады. Со-

қызығушылықтың болмауы біртекті инвесторлық базаның қалыптасуына ықпал етеді, бұл нарықтың тиімділігіне теріс әсер етеді. Осылайша, МБҚ нарығы орталықсыздандыруды, нарықтық инвесторлардың пікірлерінің бәсекелестігін, оның ішінде БЖЗҚ активтерін жеке басқарушы компаниялардың басқаруына беру тетіктерін жақсартуды қажет етеді.


нымен қатар, орналастырылатын орта мерзімді МБҚ үлесі (1 жылдан 5 жылға дейін) 2021 жылғы 49,22%-дан 2022 жылы 70,88%-ға дейін өсті (*2.8-график*). 2022 жылы шығарылған қағаздардың орташа өлшемді мерзімділігі 4,19 жылды құрады, бұл соңғы 14 жылдағы тарихи ең төменгі көрсеткіш.

### 2.8-график *Нарыққа қатысушыларды инвестициялау ауқымы инвестициялаудың қысқа және орта мерзімді ауқымына ауысты*

Мерзімділігі бойынша ҚР ҚМ МБҚ бастапқы орналастыру, млрд теңге



МБҚ түрлері бойынша ҚР ҚМ МБҚ бастапқы орналастыру, млрд теңге



Дереккөзі: БҚОД

Қайта қаржыландыру тәуекелінің артуы аясында ҚР ҚМ орналастыру мерзімдерін ұзартуға бағытталған және ұзақ мерзімді нарықтық сұранысты арттыру құралы ретінде өзгермелі мөлшерлеме – МЕТИКАМ МБҚ (TONIA мөлшерлемесіне индекстелген міндеттемелер) әзірледі<sup>11</sup>. Мұндай қағаздар 2022 жылғы тамыздан бастап шығарыла бастады, ал 2022 жылы 3, 4, 5 және 6 жылдық мерзімді шығарылымдар орналастырылды (*2.9-график*).


2022 жылдың соңында нарық қатысушыларының МЕТИКАМ ұстау үлесі 9,42% құрады, қалған бөлігі

БЖЗҚ-да болды. МЕТИКАМ да МБҚ сияқты өзгермелі мөлшерлеме арқылы нарық қатысушыларына пайыздық тәуекелдерді басқаруды гипотетикалық түрде жеңілдетсе де, оларға нарықтық сұраныс өте шектеулі болды (*2.9-график*). 2022 жыл ішінде қор нарығында KASE-нің 42 мүшесінің тек 5 нарықтық қатысушысы ғана бастапқы нарықта белсенділік көрсетті, ал қайталама нарықта сауда-саттық болмады. Сонымен қатар, нарықтық инвесторлардың белсенділігі біркелкі болмады, бес қатысушының үшеуінің аукциондарға қатысуының жалпы үлесі 6,2% құрады.


<sup>11</sup> 2022 жылғы 8 шілдедегі № 469 ҚР ҰҚ

2.9-график **МЕТИКАМ-ға нарықтық сұраныс өте шектеулі болды**

2022 жылғы әрбір шығарылым бөлінісінде МЕТИКАМ бастапқы орналастыру, млрд теңге



TONIA және TCR\_6M ставкаларының динамикасы, п.т.



Дереккөзі: ҚҚБ

Нарық қатысушыларының TONIA-ға индекстелген МБҚ-ға деген төмен қызығушылығы бірқатар факторларға байланысты болуы мүмкін. Кейбір факторлардың бірі, МЕТИКАМДЫ есептеу әдісінде бастапқы нарықта қайта орналастыру және қайта-

лама нарықта сатып алу-сату операцияларында T+2 режимінде мәмілелер жасауға мүмкіндік бермейтін бірқатар кемшіліктер бар, осылайша мәмілелерді Орталық контрагент арқылы өткізу мүмкіндігін шектейді.


**МБҚ қайталама нарығы**

ҚР ҚМ МБҚ қайталама нарығындағы мәмілелер көлемі 2022 жылы 43%-ға өсіп, 1,17 трлн теңгені құрады, ал орташа айлық айналым 2021 жылғы 0,72%-дан 2022 жылы 0,9%-ға дейін өсті (2.10-гра-

фик). МБҚ сатып алу-сату мәмілелерінің негізгі алаңы биржалық нарық болып қалуда, онда 2022 жылы сауда айналымы 2021 жылмен салыстырғанда 87,7%-ға ұлғайды.

2.10-график **Қайталама нарықтағы мәмілелер көлемі 43%-ға өсті**

Қайталама нарықтағы биржалық және биржадан тыс мәмілелер, млрд теңге



Дереккөз: БҚОД


Ескертпе: Turnover ratio МБҚ қайталама нарығындағы айналымның олардың айналыстағы көлеміне арақатынасы ретінде есептеледі.

Ұйымдастырылмаған нарықта мәмілелер көлемі 41,54%-ға төмендеді, онда бейрезиденттердің шығу үрдісі байқалды, яғни бейрезиденттер мәмілелердің барлық көлемінің 71%-ы МБҚ сатқан (2.11-график). Қайталама биржалық нарықтың негізгі нарықтық драйверлері ОБ нарығының кәсіби қатысушылары-


ның басқа клиенттері мен банктері болды (2.11-график). Сәуір айында Ресейдің еншілес банктері санкцияларға ұшыраған кезде салымдардың кетуіне байланысты өтімділік жетіспеген кезде банктер тарапынан сауда-саттықтың ерекше белсенділігі көрсетілді.

### 2.11-график **Биржадан тыс нарықта бейрезиденттердің шығу үрдісі орын алды**

Ұйымдастырылмаған қайталама нарықтағы мәмілелер көлемі, млрд теңге



Қайталама нарықтағы биржалық мәмілелер, млрд теңге



Дереккөзі: БҚОД


**Ескертпе:** 1) Инвестордың «Басқалар» түріне инвестициялық қорлар, жеке тұлғалар, мемлекеттік ұйымдар, басқа да заңды тұлғалар және зейнетақы қорларының меншікті активтері кіреді; 2) СҰ – сақтандыру ұйымдары; 3) БЖЗҚ (ИПБ) – БЖЗҚ инвестициялық портфелін жеке басқарушылар.

Банктер 3 жылға дейін өтеу мерзімі бар қағаздармен сауда-саттыққа көп қатысты. Брокерлердің клиенттері неғұрлым ұзақ мерзімді қағаздармен сауда жасады (2.12-график). Мәмілелер көлемінің белсенділігін арттыру оң үрдіс болып табылатынына қарамастан, сауда-саттықтың барлық көлемінен мәмілелердің 44,16%-ына МБҚ сатып алушысы мен сатушысы үшін брокерлік қызметті бір ұйым жүзеге

асырған. Өз кезегінде мұндай мәмілелер белгілі бір деңгейде нарықтағы бағаларды бұрмалауы және нарыққа қатысушылардың нақты баға қалауы мен күтулерін толық көрсетпеуі мүмкін. Мұндай мәмілелерді жасау мүмкіндігі сауда жүйесінің кемшіліктерімен түсіндірілмейді, бірақ қайталама нарықтағы оқиғалардың спорадиялық сипатымен түсіндіріледі.

### 2.12-график **Биржадан тыс нарықта бейрезиденттердің шығу үрдісі орын алды**

Қайталама нарықтағы биржалық мәмілелер, млрд теңге



Дереккөзі: ҚҚБ

**Ескертпе:** 1) Инвестордың «Басқалар» түріне инвестициялық қорлар, жеке тұлғалар, мемлекеттік ұйымдар, басқа да заңды тұлғалар және зейнетақы қорларының меншікті активтері кіреді; 2) СҰ – сақтандыру ұйымдары; 3) БЖЗҚ (ИПБ) – БЖЗҚ инвестициялық портфелін жеке басқарушылар.


Сонымен қатар МБҚ қайталама нарығында нарыққа қатысушылар арасында жоғары шоғырлану байқалады. 2022 жылы 64,62% мәмілелерді бір нарықтық қатысушы жүзеге асырды. Жоғары шоғырлану нарықты манипуляцияға ұшыратады, оның ақпараттық тиімділігін шектейді, өйткені баға гипотетикалық тұрғыдан адамдардың шектеулі тобының пікірін көрсетеді.

Қайталама нарықтағы мәмілелердің тұрақты емес, жүйелі емес және оқиғалық сипаты қайталама нарықтағы МБҚ кірістілігінің бастапқы нарықпен салыстырғанда төмен болуына әкелді. Осылайша 2022 жылғы наурыздан бастап нарықтық мөлшерлемеден төмен және базалық мөлшерлеменің жоғарылауымен мәмілелердің болуы, қысқа мерзімді МБҚ орналастыру бойынша ҚР ҚМ іске қосылуы

аясында кірістілік қисығы инверсиялық формаға ие бола бастады. МБҚ кірістілігінің қарқынды өсуіне қарамастан, бағалы қағаздарды өтеу мерзімдерінің

ұзаруына қарай олардың кірістілігінің жылдамдығы мен өсу деңгейі төмендеді.

### 2.13-график МБҚ-ның өтеуге кірістілігі (өтеуге дейінгі мерзімдер бойынша кесінді)




Дереккөзі: ҚҚБ

Осылайша, 2022 жылғы наурыздан бастап орташа, ұзақ мерзімді қағаздар мөлшерлемелерінің қысқа қағаздармен айырмашылығы теріс мәнді көрсетті. 2022 жылы спред кеңейіп, желтоқсанда 10 жылдық және жылдық қағаздар арасындағы спред –507 б.т. құрады, бұл тарихи максимумды көрсетті (2.13-график).

Нарықтық емес мәмілелердің жоғары үлесі кірістілік қисығының ақпараттылығы мен барабарлығын төмендетеді. Өз кезегінде, МБҚ нарығындағы баға-

лардың бұрмалануы жұмыс істеу тиімділігін шектейді және капиталдың басқа нарықтарының дамуын тежейді. Өтімділікті арттыру үшін қажетті шарттардың бірі МБҚ-ны каптивті инвесторларда ұстаудың жоғары шоғырлануына, инвесторлардың төмен әртараптандырылған базасына, МБҚ нарығында эталондық шығарылымдардың фрагменттелуіне және болмауына, сондай-ақ мемлекеттік борышты басқарудың ұтымсыз саясатына байланысты проблемаларды шешу болып табылады.



**ЖЫЛЖЫМАЙТЫН  
ТҰРҒЫН ҮЙ НАРЫҒЫ**



### III. Жылжымайтын тұрғын үй нарығы


2022 жылы бастапқы нарықта сияқты қайталама нарықта да жылжымайтын мүлік бағасының құны біршама ұлғаюы жалғасқаны байқалды. Бір айда жасалған сатып алу-сату мәмілелерінің орташа саны 2021 жылмен салыстырғанда төрттен бір бөлікке азайды, бірақ 2020 жылғы көрсеткіштерден 1,5 есе артық. Жылжымайтын мүліктің құны ұлғаюы, оған сұраныс артуы және геосаяси белгісіздік аясында тұрмысқа жайлы тұрғын үйді жалдаудың жылдық құны өсуі жеделдеп, 2022 жылдың соңында 45%-ды құрады. Жылжымайтын мүлік нарығында мәмілелердің саны едәуір төмендеуі негізінен тұрғын үй құны өсуіне байланысты болды. «7-20-25» жеңілдепкпен кредиттеу бағдарламасы алғашқы тұрғын үйді сатып алатын халықтың тұтынушылық сұранысына оң әсер етті, бірақ нарықтық мөлшерлемелер бойынша ипотекалық кредиттеуді ығыстырып, нарықтық баға белгілеуді бұрмалады.

#### 3.1 Жылжымайтын нарықтағы бағаның динамикасы

2022 жылғы желтоқсанда өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда тұрмысқа жайлы тұрғын үйді қайта сату бағасы 21.6%-ға, жаңа тұрғын үйді сату бағасы 15.6%-ға өсті (1.31-график). 2022 жылдың соңында Қазақстанда бастапқы тұрғын үйдің 1 шаршы метрінің бағасы номиналды мәнде 437,5 мың теңгеге, Алматыда 460,5 мың теңгеге, елордада 575,4 мың теңгеге жетті. 2021 жылмен салыстырғанда жылжымайтын мүлікті сату динамикасы төмендеуіне қарамастан, ол алдыңғы кезең-

дердегі көрсеткіштерден жоғары болып қалуда. Бұл ретте, Астана мен Алматы қалаларының қайталама нарығындағы жылжымайтын мүлік бағасы бастапқы нарыққа қарағанда 15%-ға және 11%-ға жоғары болды. Орта есеппен 2022 жылы Алматыдағы және ҚР бағамен салыстырғанда Астанада жаңа тұрғын үйдің бағасы 21%-ға және 30%-ға жоғары болды, ал қайталама тұрғын үйдің бағасы 29%-ға және 35%-ға жоғары болды.

3.1-график 2022 жылы жылжымайтын мүлік нарығының орташа бағасы ұлттық және шетел валютасында айтарлықтай өсті




Дереккөзі: ҚР СЖРА ҮСБ, ҚРҰБ есептеулері

2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылы бір айда жасалған сатып алу-сату мәмілелерінің орташа саны 50,5-ден 38,8 мың мәмілеге дейін шамамен төрттен бір бөлікке азайды (3.2-график). Мәмілелердің саны айтарлықтай азаюы тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан шекті мәннен асатын зейнетақы жинақтарының бір

бөлігін мерзімінен бұрын алуға мүмкіндіктің шамамен болмауына және 2021 жылы 600 млрд теңге таргеттелетін көлемі бар Баспана-Хит ипотекалық бағдарламасының аяқталуына байланысты болды.

3.2-график 2022 жылдың екінші жартыжылдығында мәмілелер саны айтарлықтай төмендеді  
Жылжымайтын мүлік нарығындағы сатып алу-сату мәмілелері санының динамикасы, мың



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

2022 жылғы бірінші тоқсанда мәмілелер саны құбылуы зейнетақы жинақтарын алу үшін жеткіліктілік бұрынғы шегін қолдану мерзімін 2022 жылғы 1 қаңтардан 1 сәуірге дейін ұзарту туралы хабар-

лауға негізделді. Бүкіл республика бойынша жасалған мәмілелер саны шамамен 68 мың мәнімен 2022 жылғы наурызда күрт өсті.

## 3.2 Тұрғын үй құрылысы

2022 жылғы қаңтар-желтоқсанда тұрғын үй құрылысына шамамен 2,7 трлн теңге жұмсалды, бұл 2021 жылға қарағанда 12,2%-ға артық (3.3-график). Тұрғын үй ғимараттарының жалпы аумағының шамамен 15,4 млн шаршы метрі және 131 мың пәтер пайдалануға берілді, бұл 2021 жылғымен салыстырғанда тиісінше 8,8%-ға және 12,6%-ға аз. Пайдалануға берілген жалпы тұрғын үй аумағының 26%-нан астамы Астана және Алматы қалаларына тиесілі, тиісінше 15,4% және 11,2%. Үшінші орында 8,1%-бен Ақтөбе облысы тұр.


2021 жылғы деректермен салыстырғанда тұрғын үйдің, оның ішінде жеке үйлердің жалпы аумағының 1 шаршы метрін салуға жұмсалатын орташа нақты шығыны 2022 жылғы қаңтар-желтоқсанда 148,4 мың теңгеге жетті. Тұрғын үй ғимараттарының жалпы санынан 36 365 жеке және 1540 көппәтерлі үй пайдалануға берілді. Пәтерлердің шамамен үштен бір бөлігі Астана және Алматы қалаларына тиесілі,

тиісінше шамамен 26,4 және 16,1 мың пәтер. Үшінші орында пайдалануға берілген 9 мың пәтерімен Шымкент қаласы тұр.


Жылжымайтын тұрғын үй нарығындағы теңгерімділікті талдау үшін біз көппәтерлі үйлердегі тұрғын үйге деген сұраныс пен ұсыныстың динамикасын зерттедік. Сұраныс өлшемі ретінде 2015 жылдың басынан бері транзакциялар санының жинақталған қосындысы пайдаланылады. Тиісінше, ұсыныстың метрикасын өлшеу ретінде 2015 жылдың басынан бері көппәтерлі үйлерде пайдалануға берілген пәтерлер санының жинақталған қосындысы пайдаланылады. 2018 жылдың соңына дейін транзакциялар саны өсуімен бірге пәтерлер саны тиісті өсуі қатар жүрді, бұл сұраныс пен ұсыныс теңгерімін сақтады. Бірақ, 2019 жылдан бастап сұраныс пен ұсыныс метрикаларында айырмашылық артқаны байқалады, бұл тұрғын үй нарығында теңгерімсіздік ұлғаюына әкеледі (3.3-график).

### 3.3-график 2019 жылдан бастап жылжымайтын мүлік нарығында сұраныс пен ұсыныс теңгерімсіздігі байқалады

Тұрғын үйлерде пайдалануға берілген пәтерлер санының динамикасы, мың



2015 жылғы қаңтар көрсеткішінде пайдалануға берілген транзакциялардың жинақталған саны және пәтерлердің саны




Дереккөзі: ҚР СЖРА ҮСБ, ҚРҰБ есептеулері

2022 жылы нақты ЖІӨ өсуі 3,2% болды, ол 2017–2019 жылдардағы және 2021 жылғы деңгейден шамалы төмен. 2019 жылдан бері құрылыс секторы нақты ЖІӨ-нің өсуіне елеулі үлесін қосып келеді және шамамен 1,1%-ды құрайды (3.4-график).

Экономиканың қалған секторларының үлесі 2%-ға төмендеді. Құрылыс секторының байқалған үлесі 2009 жылдан бастап едәуір өсті, бірақ 2006 және 2007 жылдардағы дағдарысқа дейінгі көрсеткіштерге жетпейді.

### 3.4-график Құрылыс секторының салымы 0.9%-дан 1.1%-ға дейін ұлғайды




Дереккөзі: ҚР СЖРА ҮСБ

Ескертпе: Нақты ЖІӨ – 2005 жылғы бағадағы ЖІӨ

2022 жылғы 3-тоқсанда ішінара жұмылдыру жарияланғаннан кейін РФ азаматтары тарапынан сұраныс өсуі аясында тұрғын үй жылжымайтын мүлікті жалдау кірістілігі күрт өскені байқалды. Мәселен,

тұрмысқа жайлы тұрғын үйді жалдау құнының жылдық өсуі тиісінше 47,2% және 54,2%-ды құрап, 2022 жылғы қыркүйекте және қазанда жоғарғы мәніне жетті (3.5-график).

3.5-график 2022 жылғы 3 тоқсанда жылжымайтын мүліктің жалға берілетін табысы айтарлықтай өсті



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

Ескертпе: Жалдау кірістілігі коммуналдық шығын мен ілеспе шығынды қоспай есептелген.

### 3.3 Ипотекалық кредиттеу

2022 жылдың соңына қарай екінші деңгейдегі банктер берген кредиттердің жалпы үлесінде ипотекалық кредиттеудің үлесі тарихи ең жоғары көрсеткіші 20,7%-ға жетті, ал ипотекалық кредиттеудің жалпы көлемі өсіп барады. Кредиттеудің жалпы көлемінде жеке тұлғаларды ипотекалық кредиттеудің үлесі өсуі жеңілдігі бар ипотекалық бағдарламалар бойынша ипотекалық қарыздарды жоғары қарқынмен беруге және тиісінше корпоративтік кредиттерге қарағанда жеке тұлғаларды кредиттеудің барынша жоғары деңгейіне байланысты болды.

ЕДБ жеке тұлғаларды кредиттеуінің жалпы көлемінде ипотекалық кредиттеудің үлесі 32,3%-ға дейін

өсті, ал абсолютті көрсеткіште ипотекалық кредиттеудің жалпы көлемі өсуде (3.6-график).

Жеңілдігі бар мемлекеттік тұрғын үй бағдарламаларын жалғастыру, сондай-ақ азаматтардың зейнетақы жинақтарын тұрғын үй жағдайларын жақсартуға пайдалану мүмкіндігін 2022 жылғы сәуірге дейін жалғастыру нәтижесінде 2022 жылдың қорытындысы бойынша ипотекалық қарыздар көлемі шамамен 2,3 трлн теңгеге жетті, бұл 2015 жылғы желтоқсанда осы көрсеткіштен 80%-ға артық. ЕДБ жеке тұлғаларды кредиттеуінің жалпы көлемінде ипотекалық кредиттеудің үлесі 2015 жылғы 21,6%-дан 2022 жылдың соңына қарай 32,3%-ға дейін өсті.

3.6-график Ипотекалық қарыздар бойынша мөлшерлеменің төмендеуі ипотекалық кредиттеудің өсуіне әкелді

ҚР-да жеке тұлғаларға жалпы кредит беру бөлігінде ипотекалық кредит беру көлемі



Берілген ипотекалық қарыздар бойынша орташа алынған мөлшерлеме



Дереккөзі: ҚРҰБ, ЕДБ есептілігі, ҚРҰБ есептеулері

Ескертпе: Орташа алынған мөлшерлеме нарықтық та, жеңілдікті де ипотекалық қарыздардың мөлшерлемерін қамтиды.


2018 жылдың басынан бері ипотекалық қарыздардың үлесі 8,8%-дан 2022 жылдың соңына қарай 20,7%-ға дейін күрт өскені байқалады. 2021 жылғы қарашадағы 6,9% ең аз мәнге жете отырып, аталған кезеңде мөлшерлемелердің 10,2%-дан 9,7%-ға дейін құлдырауы ЕДБ кредиттерінің портфелінде ипотекалық қарыздардың үлесі өсуіне әсер етті.

Соңғы 3 жылда ипотекалық кредиттеудің жеңілдігі бар мемлекеттік бағдарламаларын енгізу аясында ипотекалық қарыздар бойынша мөлшерлемелердің тарихи ең төменгі көрсеткіштеріне дейін төмендеуі байқалды, бұл нарықтық ипотекаға теріс әсерін тигізіп, оны ығыстырды. Алайда, 2021 жылы Баспана-Хит бағдарламасын аяқтау және базалық мөлшерлемені біртіндеп ұлғайту 2022 жылдың соңында

кредиттер бойынша мөлшерлемелер өсуіне әсер етті. Бастапқы нарықтағы сияқты қайталама нарықта да тұрғын үйге төленетін ипотекалық төлемнің үй шаруашылықтарының қолда бар кірісіне арақатынасы барлық өңірлердегі үй шаруашылықтарының номиналды қолда бар кірісінің 50%-нан асып, 2022 жылы айтарлықтай өсті (3.7-график).

2019 жылдан бастап қолда бар кіріске қатысты ипотекалық төлемдердің арақатынасы бастапқы нарықтағы сияқты қайталама нарықта да едәуір өсуде. Номиналды көрсеткіште халықтың кірісі ұлғаюына және берілген ипотекалық қарыздар бойынша төмен мөлшерлемелерге қарамастан, жылжымайтын мүліктің құны біршама ұлғаюы осындай өсудің негізгі факторлары болды.

### 3.7-график 2022 жылы ипотекалық төлемнің үй шаруашылықтарының қолда бар табысына қатынасы 50%-дан асты



Дереккөзі: ЕДБ есептілігі, ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

**Ескертпе:** Ипотекалық төлем тұрғын үйдің 54 ш.м., бастапқы жарнасы 30%, ЕДБ орташа мөлшерлемесі бойынша 20 жыл мерзімге орташа бағасы ретінде есептеледі. Қолда бар табыс салықтарды, төлемақыларды және басқа да төлемдерді, басқа үй шаруашылықтарына берілетін ағымдағы трансферттерді шегергенде үй шаруашылықтарының атаулы ақшалай табыстары ретінде есептеледі.

Ипотекалық қарыздар бойынша мөлшерлемелерді өсіру және жылжымайтын мүлік нарығындағы бағалардың қатар өсуі тұрғын үйдің қолжетімділігін төмендетеді, халықтың борыштық жүктемесі өсуін

арттырады. Дегенмен, ипотекалық кредиттеудің біршама өсуі қаржылық тұрақтылық үшін әлеуетті тәуекелдерді туындатады.


## 3.4 Мемлекеттік бағдарламалар

7-20-25 жеңілдігі бар кредиттеудің мемлекеттік бағдарламалары ипотекалық қарызды нарықтық мөлшерлеmeden төмен мөлшерлеменен алуға мүмкіндік береді. Бағдарлама бойынша қайталама нарықта тұрғын үйді сатып алу мүмкіндігі жоқ және 25 млн теңге ең жоғары лимиті бар.

2022 жылдың соңына қарай 438 мыңнан астам өтінім қабылданды, бұл өткен жылдың көрсет-

кішінен 5 еседен астам көп, оның ішінде 116,5 мың өтінім мақұлданды, бұл 2021 жылдың соңындағы көрсеткіштен 2,5 есе артық (3.8-график). Берілген қарыздардың жалпы сомасы 870,6 млрд теңгені құрады. Өтінімдердің саны Баспана Хит бағдарламасы жабылуына, зейнетақы жинақтарын алу үшін жеткіліктілік шегі артуына және бағдарламаның қолданыс мерзімі аяқталуына байланысты күрт өсті.

3.8-график 2022 жылы «7-20-25» жеңілдікті ипотекалық бағдарламасына сұраныс айтарлықтай өсті  
7-20-25 бағдарламасының айлар бойынша өтінімдер жалпы санының динамикасы



Дереккөзі: ҚОҚ


Алайда, 2019–2022 жылдар аралығында республика бойынша 7-20-25 бағдарламасы бойынша үй шаруашылықтарының кірісіне қатысты ипотекалық төлемдердің қатынасы 24,3%-дан 28,7%-ға дейін ұлғайды (3.9-график). 7-20-25 бағдарламасы бойынша ипотекалық төлемдердің үлесі ШҚО, Шымкент, Ақмола және Қызылорда облыстарындағы халықтың кірісінің 30%-нан асты. Бұл көбінесе кредиттерді берудің құрылымында ірі қалалардың үлесі өсуіне байланысты болды.

2019 жылмен салыстырғанда 2022 жылы ресімделген тұрғын үйдің құны 20,5%-ға өсіп, 17,5 млн теңге жетті. Осылайша, тұрғын үйдің құны біршама ұлғаюы 7-20-25 бағдарламасы бойынша ипотекалық төлемдерді 16,8%-ға ұлғайтты.


Атырау облысында, Алматы мен Астана қалаларында 7-20-25 бағдарламасы бойынша неғұрлым қымбат тұрғын үй сатып алынды. Ал едәуір қолжетімді тұрғын үй Павлодар, Жамбыл, Қызылорда және Қостанай облыстарында сатып алынды.

3.9-график 7-20-25 бағдарламасы бойынша үй шаруашылықтарының орташа кірісіне ипотека бойынша айлық төлемнің қатынасы

Тұрғын үйдің орташа құны, млн теңге



Ипотека бойынша айлық төлемнің үй шаруашылықтарының орташа кірісіне қатынасы




Дереккөзі: ҚОҚ

2021 жылы азаматтардың тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін зейнетақы жинақтарын алу мүмкіндігі жылжымайтын мүлік нарығындағы бағаның негізгі қозғаушы күштерінің бірі болды. 20.04.2022 жылы БЖЗҚ-дан шамамен 2 трлн теңге тұрғын үйді са-

тып алуға пайдаланылды, ол барлық біржолғы зейнетақы төлемдерінің 3,1 трлн теңге көлемінен шамамен 64%-ын құрады (3.10-график).

### 3.10-график **Мақсаттардың барлық санаттарына төленетін төлемдердің үлесі іс жүзінде өзгерген жоқ, тек абсолюттік мәнде шамалы ғана ұлғайды**

Біржолғы зейнетақы төлемдерінің сомасын мақсаттар бойынша бөлу, млн теңге



*Дереккөзі: БЖЗҚ-ның 20.04.2022 ж. және 01.02.2023 ж. деректері*

01.02.2023 жылға қарай барлық біржолғы зейнетақы төлемдерінің көлемі тек 70 млрд теңгеге ұлғайып, 3,18 трлн теңгеге дейін өсті. 20.04.22 бастап 28,7 мың жаңа өтінімдерден 11,6 мың өтінім шамамен 44 млрд теңге сомада жылжымайтын мүлікті сатып алуға бағытталды. Ипотекалық қарыздарды толық өтеуге шамамен 10,8 млрд теңге сомада 7,6 мыңға жуық өтініш берілді, ал 6,1 млрд теңге

сомада 1,2 мыңнан астам өтініш бастапқы ипотекалық жарнаны енгізуге берілді. Жинақ шоттарын толықтыруға және қалған мақсаттарға 13,2 млрд теңге сомада 9,1 мыңға жуық өтінім берілді. Осылайша, зейнетақы жинақтарын алу бағдарламасының жылжымайтын мүлік нарығына әсері 2022 жылдың соңына қарай толығымен тоқтады.

#### 3.1-бокс. **Тұрғын үй тәуекелдері Қытайдың банк нарығына таралуы мүмкін**

Қытай экономикасының көлемі мен жаһандық маңыздылығын ескере отырып, жылжымайтын мүлік нарығындағы макроэкономикалық өзгерістер бүкіл әлемдегі қаржылық тұрақтылық тәуекелдерін арттырып, әлемдік экономиканың өсуі баяулауына және мұнай бағасына баға белгілеу динамикасына айтарлықтай әсер етуі мүмкін.

2022 жылы Қытай экономикасы пандемиямен күрес және соңғы онжылдықта ЖІӨ-нің 30%-на дейін тиесілі болған жылжымайтын мүлік нарығындағы дағдарыс сияқты қиындықтарға тап болды. Сонымен қатар, Bloomberg деректері бойынша 2022 жылы өнеркәсіптік өндірістің өсуі айтарлықтай баяулады. Қытайдың ірі экономикалық орталықтары COVID-19-дан орын алған толық локдаундардан қатты зардап шекті, әсіресе шектеулер құрылыс секторына айтарлықтай әсер етті. ХВҚ мәліметтеріне сәйкес, соңғы жылдары тұрғын үйді алдын-ала сату (әлі салынбаған жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу) жалпы сатылымның шамамен 90%-ын құрап, Қытайдағы құрылыс салушылар үшін негізгі

қаржыландыру құралына айналды. Сонымен қатар, 2021 жылдың басында жүйелік тәуекелдерді азайту мақсатында Қытайдың реттеуші органдары «**Үш қызыл желек**<sup>12</sup>» атты шаралар кешені арқылы 12 ірі құрылыс салушылар үшін борыштарына шектеулер қойды. Алайда, Қытай девелоперлері көпшілігінің балансы осы нормалардың кем дегенде біреуіне сәйкес келмеді және Reuters агенттігінің ақпараты бойынша, девелоперлер ережелерді ұстанбау және қарызды баланстан тыс міндеттемелерге ауыстыру жолдарын іздестіре бастады.

Сату көлемі бойынша нарықта екінші болған **Evergrande** құрылыс салушы компаниясы Қытайдың жылжымайтын мүлік нарығындағы өтімділік дағдарысын туындатты. Қытай банктері бір кездері құрылтайшының беделіне сүйене отырып, Evergrande кредиттерді белсенді түрде берді. Алайда, Evergrande \$300 млрд сомасындағы міндеттемелерін қайта құрылымдау бойынша бірнеше шекті мерзімдерді өткізіп алды, оның нәтижесінде ол 2021 жылғы желтоқсанда ресми түрде дефолт-

<sup>12</sup> Құрылыс салушылар қарыз қаражатын тартып, мына үш талапты сақтауы тиіс болған: «активтерге қатысты борыш» коэффициенті 70%-дан аз, «капиталға қатысты борыш» — кемінде 100%, «қысқа мерзімді борышқа қатысты ақшалай қаражат пен олардың баламалары» — кемінде бір болуы тиіс.

қа ұшырағаны туралы жариялаған кезде әлемдегі құрылыс салушылар арасында берешегі бойынша рекордсмен болды. Evergrande дефолты Қытайдың құрылыс салушыларының облигациялар нарығы құлдырауына себепші болды.

Карантин кезінде үй сатылымы күрт төмендеуі құрылыс салушылардың өтімділік тапшылығын күшейтті және олардың ағымдағы құрылысты аяқтау қабілетін төмендетті. 2022 жылғы алғашқы тоғыз айда құрылыс салушылар 2021 жылғы сәйкес кезеңге қарағанда 21%-ға аз қаражат тартты. Үй сатып алушылар бұрын сатып алған жылжымайтын мүлігі үшін ипотекалық төлемдерді енгізуді тоқтату мүмкіндігі алаңдаушылық туғызады. Өтімділіктің күрт тапшылығы құрылыс салушылардың төлем қабілеттілігінің кептеген тәуекелдеріне қатысты алаңдаушылық туғызады.

Жылжымайтын мүлік нарығындағы белгісіздік нарықтың сенімін одан әрі төмендетіп, құрылыс

салушылардың болашақ кредиттерге қолжетімділігін шектеуі мүмкін. Өз кезегінде, құрылыс салушылардың дефолттары капитал резерві барынша төмен және жылжымайтын мүлікке байланысты қаражат шоғырлану тәуекелі барынша жоғары жағдайында шағын банктер мен ішкі жүйелік маңызы бар банктерге әсер етіп, банк секторына таралуы мүмкін.

Осылайша, құрылыс салушылардың ықтимал дефолттары да, тұрғын үйді сатып алушылардың ипотекалық төлемдерден бас тартуының ықтимал тәуекелі де банк баланстарына айтарлықтай әсер етеді. Сонымен қатар, макроэкономикалық күтпеген өзгерістердің орын алуы жаһандық сұранысты төмендетуі және Қытайдың экономикалық өсу қарқынының бәсеңдеуі арқылы әлем экономикасы мен Қазақстанның экономикасына да әсер етуі мүмкін.

# IV

БАНК ЖӘНЕ  
МИКРОҚАРЖЫ  
СЕКТОРЛАРЫН  
ДАМУ ТУ ЖӘНЕ ОНЫҢ  
ТӘУЕКЕЛДЕРІ



## IV. Банк және микроқаржы секторларын дамыту және оның тәуекелдері

### 4.1 Банктердің кредиттік белсенділігі

Геосаяси дағдарыстың шиеленісуі ресейлік ірі банктердің бірқатар еншілес ұйымдарының қазақстандық нарықтан шығуына әкелді. Белгісіздіктің күшеюіне қарамастан, қазақстандық банк секторы сыртқы шоктарға төзімділік көрсетті.


2022 жыл ішінде банктердің несиеленуі портфелі өсуді жалғастырды. Банктердің негізгі қарыз алушылары жеке тұлғалар болды және бір жыл ішінде жеке тұлғаларға қарыз берудің өсуі заңды тұлғаларға қарыз берудің өсуінен едәуір асып түсті. Жеке тұлғаларды кредиттеу сегментінде кредиттеудің ең көп көлемі тұтынушылық және ипотекалық қарыздарға тиесілі болды.

2022 жылы болған оқиғалар банк секторының жағдайына айтарлықтай әсер етті. Еліміздегі ауқымды әлеуметтік наразылықтарға байланысты қайғылы қаңтар оқиғалары бірқатар қалалардағы, соның ішінде еліміздің қаржы орталығы – Алматыдағы іскерлік белсенділікті тоқтатты. Бұл шоктың қаржы жүйесіне тигізген әсері тез арада жойылып, қысқа мерзім ішінде қаржы жүйесі қалыпты тәртіпке келтірілді. Қарыз алушылар пандемия кезіндегі шараларға ұқсас несиелері бойынша төлемдерді кейінге қалдыру мүмкіндігіне ие болды.

Елдің қаржы секторына геосаяси дағдарыстың шиеленісуі едәуір қысым көрсетті, оның нәтижесінде ресейлік еншілес банктердің қазақстандық нарықта қатысуы қысқарды. (4.1-бөкс).

Екі ресейлік банктің, оның ішінде «Сбербанк» ЕБ АҚ активтерінің көлемі бойынша ірі банктердің бірінің, қазақстандық нарықтан кетуі шетелдік банктердің жергілікті нарықтағы үлесінің одан әрі қысқаруына және банк секторындағы шоғырланудың өсуіне әкелді (4.1-график).

4.1-график Банк секторының шоғырлануы жоғары болып қалуда




Дереккөзі: банктердің есептілігі

2022 жыл соңындағы жағдай бойынша банктердің кредиттік қызметі бөлігінде топ-5 банктің шоғырлануының елеулі өсуі және орташа банктер үлесінің төмендеуі байқалады (4.2-график). Соңғы жылдары бөлшек несиеленудің белсенді дамуы жекелеген орта банктер активтерінің өсуіне және олардың ірі банктер тобына ауысуына, сондай-ақ ірі банктердің бұрыннан бар позицияларының нығаюына әкелді. Ірі банктердің анағұрлым озық банк өнімдерін ұсынуы, қызметтің жоғары деңгейі және заманауи технологиялық шешімдер клиенттердің аталған банктерді таңдауын айқындайды. Екінші жағынан,

орта банктердің нарықтық үлесінің төмендеуі 2020–2022 жылдары екі орта банктердің нарықтық үлесі төмен банктермен бірге («АТФ Банк» АҚ, «Альфа Банк» ЕБ АҚ) нарықтан шығу есебінен орын алды.

4.2-график **Топ-5 банктің неғұрлым көп шоғырлануы несие портфелі бойынша байқалады**



Дереккөзі: Банктердің есептілігі

Ескертпе: Шоғырлану көрсеткіштері тиісті көрсеткіштер бойынша банктердің нарықтық үлестері негізінде есептелген


**4.1-бок. Ресейге қарсы санкциялардың Қазақстанның банк секторына әсері**


**2022 жылдың басында геосаяси күтпеген өзгеріс және одан кейінгі Ресейге қарсы санкциялар Қазақстан банк секторының құрылымына да, оның жұмыс істеу шарттарына да әсер етті.**

2022 жылы РФ-ға АҚШ пен ЕО тарапынан санкциялар енгізу ірі ресейлік банктердің еншілес ұйымдары болып табылатын қазақстандық банктердің операцияларын шектеуге әкелді. Санкциялар нәтижесінде енгізілген негізгі шектеулер VISA және Mastercard халықаралық төлем жүйелерінің төлем карталарымен операцияларға, шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарды бұғаттауға, сондай-ақ шетел валютасындағы аударымдар мен төлемдер бойынша операцияларға қатысты болды. Банктердің қызметіне шектеулер клиенттер салымдарының елеулі және жылдам кетуіне және осы банктердің активтерінің қысқаруына әкелді. Осылайша, 2022 жылы ақпан

нан бастап тамыз аралығында «Bereke Bank» АҚ (бұрынғы «Сбербанк» АҚ ЕБ) активтері мен депозиттері 37,4% және 64,4%-ға қысқарды; ақпаннан бастап мамыр аралығында «Eco Center Bank» АҚ (бұрынғы «Альфа-банк» АҚ ЕБ) активтері мен депозиттері 73,5% және 85,8%-ға; ақпаннан бастап желтоқсан аралығында «ВТБ Қазақстан Банкі» АҚ ЕБ-ның активтері мен депозиттері тиісінше 59,3% және 84,5%-ға қысқарды. Сонымен қатар ресейлік еншілес банктер тап болған стрестің неғұрлым өткір кезеңдерінде жүйе деңгейінде несие портфелінің және депозиттердің айтарлықтай қысқаруы байқалмады. Мәселен, ресейлік еншілес банктер өздерінің несие портфельдерін жергілікті ірі және орта банктерге сатқан. Ресейдің еншілес банктерінің салымшылары да өз қаражатын өзге қазақстандық банктерге қайта бөлді.

**Санкцияларға ұшыраған ресейлік еншілес банктердің қаржылық көрсеткіштерінің динамикасы**





Дереккөзі: банктердің есептілігі

**Ескертпе:** «Сбербанк» АҚ ЕБ акционерлерінің ауысуына және «Есо Center Bank» АҚ активтері мен міндеттемелерінің («Альфа-банк» ЕБ АҚ бұрынғы атауы) «Банк ЦентрКредит» АҚ-ға 2022 жылғы қыркүйекте берілуіне байланысты банктердің қаржылық көрсеткіштері 2022 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша көрсетілген.

Санкциялық тізімдерден алып тастау және Қазақстан аумағындағы қызметті сақтау мақсатында санкцияға ұшыраған банктер жаңа акционерлерді іздеуге мәжбүр болды. 2022 жылғы мамырда «Альфа-банк» ЕБ АҚ «Банк ЦентрКредит» АҚ сатып алды, ол банктің атауын «Есо Center Bank» АҚ деп өзгертті. «Есо Center Bank» АҚ 2022 жылғы шілдеде санкциялық тізімнен шығарылды, ал 2022 жылғы қыркүйекте банк «Банк ЦентрКредит» АҚ-ға қосылу арқылы қайта ұйымдастырылды. Өз кезегінде, 2022 жылғы қыркүйекте «Сбербанк» АҚ ЕБ-ін «Бәйтерек» ҰБХ АҚ сатып алып, «Bereke Bank» АҚ деп өзгертілді. Бұл ретте 2023 жылғы наурызда АҚШ Қаржы министрлігі «Bereke Bank» АҚ-ны Шетелдік активтерді бақылау басқармасының (OFAC) санкциялық SDN-тізімінен

алып тастады. 2022 жылғы маусымның аяғында «ВТБ Банкі (Қазақстан)» АҚ ЕБ акционерлері еншілес банкті одан әрі жұмыс істеуі үшін 43,8 млрд теңге<sup>13</sup> сомасына қайта капиталдандыруды жүзеге асырды. Уақтылы қабылданған іс-шаралар Қазақстанның банк секторына ресейлік банктерге қатысты енгізілген санкциялардың теріс салдарын шектеуге мүмкіндік берді.

Геосаяси күйзелістерге қарамастан, Қазақстанның банк секторы өзінің тұрақтылығын көрсетті. Мәселен, 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша банк секторы реттеуші талап 7,5% болған кезде 18,6% деңгейінде негізгі капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (k1) бар жеткілікті капитал қорына ие.

### Төлем карталарын шығару

2022 жылғы оқиғалар банктердің төлем карталарын шығару жөніндегі қызметін де қозғады. Есепті кезеңнің жекелеген кезеңдерінде төлем карталары шығарылымының салыстырмалы түрде белсенді өсуі байқалды. Осылайша, карталардың ең көп саны, атап айтқанда 2022 жылғы жаңа карталардың жалпы санының 50,7%-ы 2022 жылғы маусым мен шілдеде шығарылды, бұл РФ азаматтары тарапынан сұранысқа байланысты «карталық туризм» феноменімен байланысты болуы мүмкін.

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша айналыста 65,1 млн төлем картасы (бір жылдағы өсім – 9,8%) болды. 2022 жылы «ВТБ Қазақстан Банкі» АҚ ЕБ және «Bereke Bank» АҚ («Сбербанк» ЕБ АҚ) эмиссиялаған 49 595 «МИР» төлем картасы шығарылды, жаңа карталардың жалпы санынан 0,9%-ын құраған. Бұл ретте тұтастай алғанда бір жылда ашылған банк карталарының саны 48,4% төмендеді (2021 жылы 11,3 млн картаға қарағанда 2022 жылы 5,8 млн төлем карталары).

### РФ-ға (РФ-дан) төлемдер мен аударымдардағы өзгерістер

Рубльдік ақша аударымдары мен төлемдер көрсеткіштерінде РФ-мен операциялардың жанданғаны да байқалады. Әсіресе, бұл РФ-дан Қазақстанға аударымдар мен төлемдер бойынша транзакциялардың өсуінен байқалды, олар 2021 жылмен салыстырғанда 3 еседен астам ұлғайды (ақшалай есептеуде өсу 13%-ды құрады). Бұл ретте Қазақстаннан РФ-ға ау-


дарымдар мен төлемдер бойынша транзакциялардың өсуі 2022 жылы 2%-ын құрап, елеусіз болды. Дегенмен, ақшалай есептеуде транзакциялар сомасы іс жүзінде 2 есеге, 2021 жылғы 17,3 трлн теңгеден 2022 жылы 34,0 трлн теңгеге дейін ұлғайды.

<sup>13</sup> Дереккөзі: <https://kase.kz/ru/news/show/1484554/>

Жалпы, 2022 жылы қолайсыз ішкі және сыртқы шоктар аясында белгісіздіктің артуына қарамастан, Қазақстанның банк секторы өсуді жалғастырды. Осылайша, есепті кезеңде банк секторының активтері 18,4%-ға өсіп, 44,6 трлн теңгені құра-

ды. Банктердің міндеттемелері аталмыш кезеңде 18,9%-ға және 39,3 трлн теңгеге дейін, ал меншікті капиталы тиісінше 15,3%-ға және 5,2 трлн теңгеге дейін өсті (4.3-график).

4.3-график Геосаяси шоктарға қарамастан банктердің баланстық валютасының өсуі жалғасты




Дереккөзі: банктердің есептілігі

Банк секторы активтерінің басым бөлігі берілген қарыздармен ұсынылған, олардың үлесі 49,4%-ды құрайды. Бұдан бөлек, активтер құрылымында 20,3% (9,0 трлн теңге) үлесі бар бағалы қағаздар, 10% (4,5 трлн теңге) үлесі бар Ұлттық Банктегі шоттар мен салымдардағы қалдықтар және 10,7% (4,8 трлн

теңге) үлесі бар басқа банктердегі корреспонденттік шоттардағы, салымдардағы және қарыздардағы қалдықтар басым болды (4.4-график). 2022 жылы банктер активтерінің құрылымында едәуір өсу 20,3%-ға өсіп, 22,6 трлн теңгені (резервтерді шегергенде) құраған несие портфеліне тиесілі болды.

4.4-график Несие портфелінің үлесі банктер активтерінің құрылымында жоғары болып қалуда




Дереккөзі: банктердің есептілігі

2022 жылы банктер 24,1 трлн теңге сомасына қарыз берді, бұл 2021 жылғы көрсеткіштен 2,6 трлн теңгеге немесе 12,0%-ға артық (21,5 трлн теңге) (4.5-график). Беру құрылымында екінші жыл қатарынан жеке тұлғаларға қарыздардың ұлғаюы байқалды, олардың үлесі 2022 жылы өсуді жалғастырып,

51,5%-ды құрады (2021 жылы – 48,4%). Бұл ретте 2022 жылы жеке тұлғаларға қарыз беру өсімі заңды тұлғаларға қарыз беру өсімінен айтарлықтай асып түсті – тиісінше 19,3%-ға (2,0 трлн теңгеге) қарсы 5,1% (571,2 млрд теңге).

#### 4.5-график **Банктердің негізгі қарыз алушылары жеке тұлғалар болып табылады, қарыз берудің жалпы көлеміндегі олардың үлесі өсуін жалғастырды**



*Дереккөзі: банктердің есептілігі, кезең ішіндегі қарыздарды беру көлемі*


2021 жылмен салыстырғанда заңды тұлғаларға экономика секторлары бойынша қарыз беру құрылымында айтарлықтай өзгерістер байқалған жоқ. Берілген қарыздардың ең көп көлемі сауда саласына (заңды тұлғаларға берілген қарыздардан 52,9% немесе 6,2 трлн теңге), өнеркәсіпке (22,4% немесе 2,6 трлн теңге) және басқа да салаларға (10,2% немесе 1,2 трлн теңге) тиесілі болды.

Есепті кезеңде жеке тұлғаларға қарыз беру құрылымында тұтынушылық қарыздар басым болды. Мәселен, 2022 жылы жеке тұлғаларға берілген қарыздардың 12,4 трлн теңгенің 69,2% немесе 8,6 трлн

теңгесі тұтынушылық қарыздарды құрады. Бұл ретте берілген тұтынушылық қарыздардың үлкен үлесі 1 жылдан астам мерзімге берілген қарыздармен ұсынылған (берілген тұтынушылық кредиттердің 76,3%-ы немесе 6,5 трлн теңге).

2022 жылы тұтынушылық қарыздар беру 2021 жылмен салыстырғанда 1,3 трлн теңгеге немесе 17,9%-ға ұлғайып, баяулады. Бұл ретте 2021 жылы берудің өсуі 3,4 трлн теңгені немесе 89,9%-ды құрады, бұл пандемиядан кейінгі кезеңде кейінге қалдырылған сұранысты іске асырудың салдары болып табылды (4.6-график).

#### 4.6-график **Тұтынушылық кредиттеудің өсу қарқыны жоғары деңгейде сақталып отыр**



*Дереккөзі: банктердің есептілігі*

2022 жылдың қорытындысы бойынша ипотекалық қарыздар портфелі 42,4%-ға ұлғайып (2021 жылы – 39,4%), 4,7 трлн теңгеге дейін өсті. Есепті кезеңде

банктер 2,0 трлн теңгеге ипотекалық қарыздар берді, бұл 2021 жылғы көрсеткіштерден 246,5 млрд теңгеге немесе 14,1%-ға асады (4.7-график).

2022 жылы банктердің ипотекалық өнімдеріне халықтың жоғары қызығушылығы «7-20-25» мемлекеттік ипотекалық бағдарламасы, сондай-ақ мөлшерлемелері нарықтық мөлшерлемелерден төмен болып

табылатын «Отбасы Банкі» АҚ ипотекалық қарыз беру бағдарламалары есебінен қолдау тапты. Ипотекалық қарыз беру бойынша толық ақпарат «Жылжымайтын мүлік нарығы» бөлімінде келтірілген.

#### 4.7-график **Ипотекалық қарыздарды беру 2022 жылдың соңындағы мөлшерлемелердің көтерілуіне қарамастан жоғары мәндерді көрсетті**



Дереккөзі: банктердің есептілігі

## 4.2 Несие портфелінің сапасы

2022 жылы Ұлттық Банктің бағалауы бойынша проблемалық қарыздардың өсуі есебінен банктердің несие портфелінің сапасы бірқалыпты төмендеді. Корпоративтік портфельде күмәнді қарыздардың үлесі, бөлшек сауда портфелінде – жұмыс істемейтін де, күмәнді де қарыздардың үлесі ұлғайды. Бұл ретте несие портфелін провизиялау коэффициентінің төмендеуі осы жағдай аясында банк секторының осалдығын арттырады.

Корпоративтік портфельдегі күмәнді қарыздардың өсуі негізінен 2021 жылы берілген қарыздар бойынша болды, бұл тәуекелдердің жинақталғанын куәландыруы мүмкін және қосымша мониторингті талап етеді. 2021 жылы берілген қарыздар арасында күмәнді қарыздар көлемі 2022 жылғы 1-жартыжылдықта қаңтарда төтенше жағдай режимінің ықпалымен, РФ-ға қарсы санкциялар салдарының наурызда Қазақстанға ықпалының белгісіздігімен, сондай-ақ әлемдегі кейінгі логистикалық проблемалармен және бағалардың өсуімен едәуір ұлғайды.

Ірі қарыз алушыларды шоғырландыруға және несие портфелін долларландыруға байланысты тәуекелдер біртіндеп қысқаруда. Алайда, банк секторының ірі қарыз алушылары қарыздарының сапасы өзге қарыз алушылар бойынша, әсіресе шетел валютасында берілген қарыздар бойынша қарағанда нашар.


2022 жылы банктердің есептілігі бойынша жұмыс істемейтін қарыздарды (NPL90+) және Ұлттық Банктің бағалауы бойынша күмәнді қарыздарды қамтитын проблемалық қарыздардың<sup>14</sup> үлесі шамалы ұлғайды (4.8-график). Бағалау Ұлттық банктің өзіндік аналитикалық тәсіліне негізделген, ол қарыздар бойынша қайтарымсыздық белгілерін ескереді және реттеуші немесе қадағалау көрсеткіші болып табылмайды. Несие портфеліндегі проблемалық қарыздардың үлесі портфельдегі күмәнді

қарыздардың 9,5%-дан 11,0%-ға дейін өсуіне байланысты 13,0%-дан 14,4%-ға дейін өсті. Бұл ретте NPL90+ үлесі дерлік өзгерген жоқ және 3,5% құрады (2021 жылы – 3,4%). Күмәнді қарыздардың негізгі көлемі бизнес субъектілері арасында (74%), ал жұмыс істемейтін қарыздардың басым бөлігі жеке тұлғалар портфелінде (61%) шоғырланған.

<sup>14</sup> Кредиттік тәуекелді талдау мақсаттары үшін жеке қарыз деңгейінде Кредиттік тіркелім деректері негізінде Ұлттық Банк есептеген қарыздар (REPO операцияларын және басқа банктерге берілген қарыздарды есепке алмағанда) сапасының индикаторлары қолданылды. NPL90+ – мерзімі 90 күннен астам берешегі бар банктердің есептілігі бойынша қарыздар; күмәнді қарыздар (1, 2-санаттар) – негізгі борыш бойынша ақша ағындары жоқ және жоғары жинақталған есептелген сыйақы бар қайтарымсыздық белгілері бар Ұлттық Банктің бағалауы бойынша қарыздар; 2-санаттағы күмәнді қарыздардың неғұрлым төмен сапа белгілері болса; проблемалық қарыздар – NPL90+ және күмәнді жалпы көлемі; стандартты қарыздар – жоғарыда санамаланғандарға жатқызылмаған қарыздар

#### 4.8-график **NPL90+ үлесі төмендеді, бірақ күмәнді қарыздар шамалы өсті**

Несие портфелінің құрылымы



**Дереккөзі:** банктердің есептілігі, Кредиттік тіркелім, ҚРҰБ бағалауы

**Ескертпе:** NPL90+ – бұл банктердің есептілігі бойынша жұмыс істемейтін қарыздар; күмәнді қарыздар – төмен қайтарымдылық белгілері бар қарыздар

ҚЕХС талаптарына сәйкес берілген кредиттер бойынша күтілетін және қолда бар кредиттік шығындар үшін қалыптастырылған несие портфелін провизиялармен өтеу деңгейі 7,0%-дан 6,8%-ға дейін шамалы төмендеді. Сонымен қатар жұмыс істемейтін қарыздарды провизиялау коэффициенті 73,9%-дан 76,9%-ға дейін өсті. Күмәнді қарыздардың өсуін ескере отырып, банктердің несие портфелінің қалыптастырылған провизияларының көлемі проблемалық қарыздар бойынша күтілетін және бар кредиттік шығындарды өтеу үшін жеткіліксіз болуы мүмкін. Мәселен, несие портфелінің проблемалық қарыздарын провизиялау коэффициенті 2022 жылы 22,6%-ға дейін 3,7 п.т.-ға төмендеді. Бұл ретте 2022 жылдың қорытындысы бойынша банктердің корпоративтік портфелін кепілмен қамтамасыз ету үлесі шамалы төмендеді. Проблемалық қарыздардың ұлғаюы аясында несие портфелін провизиялау коэффициентінің және қамтамасыз етілуінің төмендеуі банк секторы үшін тәуекелдердің өсуін көрсетуі мүмкін.


2022 жылы банктердің есептілігі бойынша несие портфеліндегі жұмыс істемейтін қарыздар үлесінің төмендеуі негізінен оның өсуі аясында корпора-

тивтік портфельдегі NPL90+ үлесінің төмендеуі есебінен болды (4.9-график). Мәселен, заңды тұлғалар портфелінің өсуі (15%) және олардың жұмыс істемейтін қарыздарының төмендеуі (-3%) нәтижесінде NPL90+ үлесі 3,3%-дан 2,8%-ға дейін төмендеді. NPL90+ үлесінің төмендеуі жеке кәсіпкерлердің қарыздары бойынша да байқалды, бұл ретте жұмыс істемейтін қарыздар мен берешектердің өсу қарқыны салыстырмалы болды. Сонымен қатар NPL90+ банктердің жекелеген портфелінің үлесі 0,2 п.т.-ға 3,7%-ға дейін өсті. NPL90+ жалпы көлеміндегі жекелеген қарыздардың үлесі жыл басындағы жартысынан (53%) 2022 жылдың соңына қарай үштен екіге (61%) жақындады, бұл жекелеген кредиттеудің өскен тәуекелдерін көрсетеді.

Күмәнді қарыздар басым банктердің корпоративтік портфелінің сапасы жұмыс істемейтін қарыздардың біртіндеп төмендеуіне қарамастан жекелеген сауда портфелімен салыстырғанда айтарлықтай төмен. Күмәнді қарыздар көлемінің төрттен үш бөлігі (76%) кәсіпкерлік субъектілеріне<sup>15</sup>, негізінен заңды тұлғаларға берілді. Бұл ретте банк секторының күмәнді қарыздары көлемінің 70% бірнеше ірі банктердің баланстарына шоғырланады.

<sup>15</sup> Кәсіпкерлік субъектілеріне заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер жатады.

4.9-график **Заңды және жеке тұлғалар портфельдерінің сапасы 2022 жылы шамалы төмендеді, жеке кәсіпкерлер портфельдерінің сапасы өсуде**



**Дереккөзі:** банктердің есептілігі, Кредиттік тіркелім, ҚРҰБ бағалауы

**Ескертпе:** NPL90+ – бұл банктердің есептілігі бойынша жұмыс істемейтін қарыздар; проблемалық қарыздар – NPL90+ ескере отырып, төмен қайтарымдылық белгілері бар қарыздар.

Ұлттық Банктің бағалауы бойынша күмәнді қарыздардың үштен бірі (34%) 2021 жылы, көбінесе берешек қалдығы 10 млрд теңгеден асатын заңды тұлғаларға берілді. 2021 жылы берілген қарыздар сапасының нашарлауы мемлекет тарапынан кредит беруді ынталандыру бойынша шектеулер мен шараларды жұмсарту кезеңінде банктерге кредит берудің жоғары қарқынымен байланысты болуы мүмкін. 2021 жылы берілген қарыздар сапасының нашарлауының негізгі кезеңі әлемдегі геосаяси жағдайдың нашарлауы кезіне 2022 жылдың 1 жартыжылдығына келеді. Осы кезеңде банктер қаңтарда төтенше жағдай режимін енгізу, наурызда Ресейге қарсы санкциялар салдарының Қазақстанға әсеріне байланысты белгісіздік, сондай-ақ кейіннен логистикалық проблемалар мен әлемдегі бағаның өсуіне байланысты клиенттердің кейінге қалдыру өтініштері санының өсуі байқалды.


Банк секторының ірі қарыз алушылардың шоғырлануына байланысты осалдығы біртіндеп қысқа-

рып келеді. Несие портфелінің шоғырлануының төмендеуі банктердің барлық топтары бойынша байқалады (4.10-график). Әрбір банктің 25 ірі қарыз алушысының қарыздары жиынтығында 2022 жылдың соңындағы жағдай бойынша банк секторының несие портфелінің 20,3%-ын құрады. Бұл ретте банк жүйесінің 25 ірі қарыз алушысы несие портфелінің 9,9%-ын алып отыр.

Топ 5 және топ 10 банктердің топтарында ірі қарыз алушылардың үлесі тиісінше 10 п.т.-ға 19%-ға дейін және 8 п.т.-ға 22%-ға дейін төмендеді. Банктердің несие портфеліндегі шоғырланудың төмендеуін көптеген банктерде скорингтік модельдерге негізделген шағын және орта бизнес үшін онлайн несие өнімдерін 2020 жылдан бастап іске қосумен түсіндіруге болады. Бұдан басқа, жекелеген банктер кредиттеу бойынша банктерге сауалнама<sup>16</sup> жүргізу шеңберінде портфельдерді әртараптандыру мақсатында ірі бизнеске қарағанда шағын және орта бизнесті көбірек кредиттеуге бой алғанын атап өтті.

<sup>16</sup> Кредиттік ресурстардың сұранысы мен ұсынысындағы өзгерістерді бағалау мақсатында банктерден кредиттеу бойынша сауалнама тоқсан сайынғы негізде жүргізіледі

#### 4.10-график Ірі қарыз алушылардың жалпы сапасы 2022 жылдың қорытындысы бойынша нашарлады. Бұл ретте NPL90+ үлесі төмендеді



**Дереккөзі:** Кредиттік тіркелім, ҚРҰБ бағалауы


**Ескертпе:** Тиісті топтағы банктердің корпоративтік, сол сияқты жекелеген қарыздары бойынша әрбір банктің несиелік портфелінің 25 ірі қарызшыларының жиынтық берешегі. Өзге қарыз алушылардың сапасы – бұл проблемалық қарыздардың, топ 25-ке түспеген қарыз алушылардың үлесі.

Ірі қарыз алушылардың қарыздарының сапасы өткен жылмен салыстырғанда 2022 жылы банктердің барлық топтары бойынша нашарлады. Ең ірі 25 қарыз алушының проблемалық қарыз деңгейі 2019 жылдан бастап ең жоғарғы деңгейге жетті. Бұл ретте жүйе және топ 10 банк бойынша ірі қарыз алушылар арасындағы проблемалық қарыздар үлесі 2019 жылғы деңгейге жақын болды. Банк жүйесінің барлық күмәнді қарыздарының жартысынан астамы (58%) әрбір банктің ең ірі 25 қарыз алушысына тиесілі, бұл қолда бар шоғырланудан басқа салыстырмалы түрде ірі көлемде берілетін қарыздар бойынша кредиттік шешімдердің сапасының төмендігін көрсетеді. Қызмет көрсетпеу белгілері бар ірі қарыздарды беру қарыз алушының банкпен байланыстылығының жанама белгісі болып табылуы мүмкін.

Әрбір банктің 25 ірі қарыз алушылардың қарыздарының негізгі көлемі заңды тұлғаларға (97%) беріл-

ген. Дегенмен, Херфиндаль-Хиршман индексі (ННІ) 2022 жылдың соңында заңды тұлғалар портфелінде бір қарыз алушыға банктік борыш шоғырлануының төмен деңгейін көрсетеді (ННІ = 40). Қарыз алушылар бөлінісінде банк борышының төмен шоғырлануы, әсіресе стандартты қарыздар арасында (ННІ = 36) шағын мөлшерлі қарыздардың көп үлесімен түсіндіріледі. Заңды тұлғалардың проблемалық қарыздарының байқалатын шоғырлануы (ННІ = 258) стандартты қарыздармен салыстырғанда жоғары, бірақ шоғырланудың төмен деңгейі санатында қалады. Бұл ретте Лоренц қисығы заңды тұлғалардың стандартты және проблемалық портфельдеріндегі шоғырлану арасындағы шамалы айырмашылықты көрсетеді (4.11-график). Заңды тұлғалардың стандартты қарыздарының портфелінде ірі қарыз алушылардың 10% үлесіне борыштың 88%, ал проблемалық қарыздар санатында ірі қарыз алушылардың 10% үлесіне борыштың 89% тиесілі.

#### 4.11-график 3Т несиелік портфеліндегі шоғырлану деңгейі проблемалық қарыздар арасында неғұрлым жоғары



**Дереккөзі:** Кредиттік тіркелім, ҚРҰБ бағалауы

**Ескертпе:** Банктердің 3Т-ның 01.01.2023 жылға арналған несиелік портфелі.

Несие портфелінің долларлануы 2016 жылғы 40,4%-дан 2022 жылы 9,6%-ға дейін айтарлықтай төмендеді. Банкердің несие портфеліндегі барлық валюталық қарыздар (99%) 2022 жылдың соңында заңды тұлғаларға, негізінен ірі қарыз алушыларға берілді. Валюталық қарыздарды берудің негізгі көлемі 2020–2022 жылдарға тиесілі. Банкердің ва-

люталық портфеліндегі проблемалық қарыздардың үлесі 36%-ды құрады, оның үштен екісі 2020–2022 жылдары берілген қарыздарға тиесілі. Бұл ретте осы кезеңде бейрезиденттерге берілген валюталық қарыздардың 2020 жылғы 6%-дан 2022 жылы 15%-ға дейін өсуі байқалады.

## 4.3 Корпоративтік портфель<sup>17</sup>

Корпоративтік портфель қарыздары сапасының негізгі нашарлауы 2021 жылы берілген қарыздар бойынша байқалады, олардың арасында шағын кәсіпорындар<sup>18</sup> басым.


Шағын бизнес кредитінің сапасы кәсіпкерлік субъектілері арасында ең төмен және олар жиі банкрот болады. Әдетте, шағын кәсіпорындар банктер үшін аса тәуекелді қарыз алушылар болып табылады. ҚР СЖЖРА ҰСБ мәліметі бойынша, тіркелген заңды тұлғалардың 98% – ол шағын бизнес, олардың 2,5% ғана банктік қарыз бар. Дегенмен, банктердің корпоративтік несие портфелі кредиттерінің негізгі көлемі шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берілген.

Корпоративтік кредиттеудің одан әрі өсуі көбінесе шағын кәсіпкерлік субъектілері арасында кредиттің енуіне байланысты. Алайда, бұл өсім шағын бизнестің төлемге қабілетті кәсіпорындарының тар шеңберімен шектелген. Бұл капиталы жеткіліксіз не теріс кәсіпорындар арасындағы банктердің қарыз алушыларының негізгі ауқымы шағын бизнес субъектілері болып табылатын нақты сектордың қаржы-шаруашылық есептілігінің деректерімен расталады. Тиісінше, борыштық жүктемесі шамадан тыс бизнестің пайдалылығы, әсіресе шағын кәсіпкерлік субъектілері арасында – теріс. Дегенмен, банктер капиталдың құрылымына қарамастан, сату және ақша ағындарының салыстырмалы жоғары деңгейлері бар субъектілерге артықшылық береді, олардың арасында капиталы жеткіліксіз не теріс субъектілер де болуы мүмкін.

2022 жылы банк секторының корпоративтік портфеліндегі жұмыс істемейтін қарыздар үлесінің төмендеуі жалғасты (4.12-график), заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер арасындағы NPL90+ деңгейі жыл соңына қарай 3% құрады (бір жылда –0,4 п.т.). NPL90+ үлесінің төмендеуі жыл ішінде, негізінен, несиелік портфельдің өсуі есебінен болды. Бұл ретте абсолюттік мәнде NPL90+ 321 млрд теңгеге дейін 2%-ға өсті.

Дегенмен, Ұлттық Банктің бағалауы бойынша кредиттік тәуекелдің жалпы деңгейі жоғары болып қала береді. 2022 жылы корпоративтік портфельдің өсуіне қарамастан (17%), портфельдегі тәуекелдің ұлғаюының негізгі факторына айналған күмәнді қарыздардың өсу қарқыны (37%) байқалады. Мәселен, күмәнді қарыздардың үлесі бір жылда 2,7 п.т.-қа 18,3%-ға дейін ұлғайды. Мұндай қарыздардың ішінде негізгі үлесті заңды тұлғалардың портфелі алып отыр.

4.12-график Корпоративтік портфельдің сапасы біршама нашарлады



Дереккөзі: банктердің есептілігі, Кредиттік тіркелім, ҚРҰБ бағалауы

Ескертпе: Корпоративтік портфель заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлердің қарыздарын қамтиды. NPL90+ – банктердің есептілігі бойынша жұмыс істемейтін қарыздар, күмәнді қарыздар – NPL90+ қоспағанда, ҚРҰБ-тың бағалауы бойынша төмен қайтарымдылық белгілері бар қарыздар.

<sup>17</sup> Корпоративтік портфель заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің қарыздарын қамтиды.

<sup>18</sup> Бұл бөлімде шағын бизнес санатына 100 адамға дейін жұмыс істейтін заңды тұлғалар жатқызылды


2022 жылы АҚШ пен ЕО санкцияларына ұшыраған ресейлік еншілес банктердің проблемалары банк секторының жиынтық корпоративтік портфельінің сапасына әсер етпеді. Корпоративтік портфельдегі күмәнді қарыздардың негізгі ұлғаюы 2022 жылы ірі банктерде, атап айтқанда, негізгі борыш көлемі бойынша да, қарыздар саны бойынша да шағын бизнестің заңды тұлғаларының портфельі бойынша байқалды.

Күмәнді қарыздардың өсуіне қарамастан, банктердің корпоративтік қарыздарын провизиялармен жабу жыл ішінде 9,7%-дан 8,5%-ға дейін төмендеді. Бұл ретте корпоративтік портфельдегі проблемалық қарыздарды провизиялау коэффициенті бір жыл ішінде 26,2%-дан 22,2%-ға дейін төмендеді. Қайтарыымдылығы төмен қарыздарды объективті емес бағалау есебінен проблемалық қарыздарды провизиялау деңгейін төмендету банктердің капиталына

және болашақта бизнесті кредиттеу мүмкіндігіне қысымды күшейтуі мүмкін.

2022 жылдың соңында банктердің портфельдерінде 2012 жылға дейін берілген жұмыс істемейтін қарыздар әлі де сақталады (NPL90+ 15%) (4.13-график). Бұл ретте NPL90+ үштен бір бөлігін ел экономикасының баяулауы кезеңінде 2013–2016 жылдары берілген қарыздар алады. Содан бері жұмыс істемейтін қарыздардың едәуір бөлігін банктер өндіріп алды не есептен шығарды. Жекелеген банктерде 10 жылдан астам бұрын берілген жұмыс істемейтін қарыздардың үлесі әлі де олардың NPL90+ көлемінің жартысынан көбін құрайды. NPL90+ қарыздарының 2016 жылға дейін жекелеген банктер берген қарыздарда жоғары шоғырлануы кепілдік кредиттердің едәуір үлесіне байланысты, олар бойынша өндіріп алу рәсімдері, әсіресе банктер жалғыз кредитор болмаса, ұзақ және күрделі болып келеді.

4.13-график Күмәнді қарыздардың негізгі үлесі 2021 жылы берілген



Дереккөзі: Кредиттік тіркелім, ҚРҰБ бағалауы

Ескертпе: Өрнекті бояу валютадағы қарыздарға сәйкес келеді.

2021 жылы берілген қарыздар сапасының күрт төмендеуі, әсіресе, шағын кәсіпорындарда байқалды. Мәселен, 2021 жылы берілген жұмыс істемейтін қарыздар көлемінің ұлғаюы, негізінен, көтерме және бөлшек сауда<sup>19</sup>, сүт өңдеу, көлік-экспедициялық қызметтер, сондай-ақ тұрғын ғимараттар құрылысы салалары бойынша байқалады. 2021 жылы берілген қарыздар корпоративтік портфельдегі күмәнді қарыздардың өсу драйвері болды. Мұндай қарыздардың басым бөлігі тыңайтқыштар, электр энергиясы, мыс, ет және жұмыртқа өндіретін кәсіпорындарға, сондай-ақ байланыс, жылжымайтын мүлікпен операциялар және тұрғын үй ғимараттарын салу салаларындағы кәсіпорындарға жатады. Осы кезеңдегі қарыздар сапасының нашарлауына, бір жағынан, осы кезеңде қолданыста болған реттеушілік жеңілдіктер<sup>20</sup>, екінші жағынан, 2022 жылы геосаяси тәуекелдердің шиеленісуі, ұлттық валютаның құбылма-

лығы және инфляцияның өсуі ықпал еткен болуы мүмкін.

Қарыздар көлемі бойынша корпоративтік портфельдің жартысын (52%) 2022 жылдың соңында жұмысшылар саны 100-ден аспайтын шағын бизнес қарыздары алады (4.14-график). Қарыз алушылардың бұл тобының портфельі жұмыс істемейтін (82%) және күмәнді қарыздардың (51%) негізгі үлесін шоғырландырады. Бұл ретте NPL90+ корпоративтік портфельдің жартысына жуығы (46%) жұмысшылар саны 20-ден аспайтын шағын бизнестің заңды тұлғаларының қарыздарына жатады. Керісінше, жеке кәсіпкерлердің қарыздарының сапасы салыстырмалы түрде айтарлықтай жақсы. Жеке кәсіпкерлер арасындағы проблемалық қарыздардың үлесі шағын бизнес заңды тұлғаларының портфельіндегі 27%-бен салыстырғанда 6%-ды құрады.


<sup>19</sup> Қандай да бір нақтылаусыз тауарлардың кең ассортиментімен көтерме сауда, Дизель отынының көтерме саудасы, Сауда объектілері болып табылатын сауда алаңы 2000 ш.м. мамандандырылған дүкендерде бөлшек сауда

<sup>20</sup> 2021 жылдың соңына дейін жекелеген реттеуші жеңілдіктердің қолданысы ұзартылды. Атап айтқанда, ШОБ субъектілеріне берілген қарыздар мен кепілдіктер және синдикатталған қарыздар бойынша тәуекел-өлшеу коэффициенттерінің мәндерін төмендету, сондай-ақ «қатты» кепіл мүлкінің тізбесін кеңейту шаралары сақталды.

Орта бизнес портфелінің сапасы, шағын бизнеске қарағанда, әлдеқайда жақсырақ, дегенмен осы бизнес субъектілерінің ішінде портфель көлемі – ең аз. Орта бизнестің проблемалық қарыздарының үлесі 2018 жылы 38%-дан 2022 жылы 15%-ға дейін төмендеді. Ірі кәсіпкерлік субъектілерінің қарыздары күмәнді қарыздардың үлесі бойынша жоғары (22%),

ал жұмыс істемейтін қарыздардың үлесі бойынша ең төмен (1%). Ірі бизнес портфеліндегі күмәнді қарыздардың ұлғаюы, негізінен, несиелік портфельі соңғы 5 жылда екі есе ұлғайған аса ірі бизнес (>1000) есебінен болды. Күмәнді қарыздар белгілері бар ең ірі қарыз алушыларға қарыздардың негізгі үлесі де 2021 жылы және 2022 жылы берілген.

#### 4.14-график **Шағын бизнес қарыздарының сапасы төмендеу болғанымен, банктердің кредиттік портфелінің негізгі көлемін құрайды**



**Дереккөзі:** Кредиттік тіркелім, Бизнес тіркелім, ҚР ҚМ МКК

**Ескертпе:** бірегей қарыз алушылардың (БСН/ЖСН) қарыздары бойынша деректер бизнес тіркеліммен байланысты. Деректер бейрезиденттердің банктік берешегін ескермейді. ЖК – жеке кәсіпкерлер. Бұдан әрі <= 20, 21-100 және т.б. жұмыс істейтіндердің тиісті саны бар қарыз алушылардың топтарын білдіреді.


Банктердің кәсіпкерлік субъектілеріне несие беруге дайындығы көбінесе олардың қаржылық жағдайына байланысты. Төлем қабілеттілігінің көрсеткіштерінің бірі ретінде кәсіпкерлердің белгілі бір санаты арасындағы банкроттық деңгейлерін пайдалануға болады. Орташа алғанда, тіркелген кәсіпкерлер арасындағы банкроттардың үлесі шағын бизнес субъектілері арасында ең көп, өйткені банкроттыққа<sup>21</sup> ұшыраған заңды тұлғалардың 98%-ы шағын бизнес болып табылады (4.15-график). Шағын бизнестің заңды тұлғалары арасында кредиттеудің енуі<sup>22</sup> ең төмен (2,5%). Бұл ретте ірі және орта бизнес субъектілерінің шағын бизнеспен салыстырғанда банкроттық деңгейі төмен және банктік қарызбен қамтылуы жоғары (тиісінше 16% және 13%). Шағын бизнестегі банкроттардың үлесі біртіндеп төмендеп, ірі және орта кәсіпкерлер субъектілері арасында, керісінше, өсуде. Сонымен қатар, пандемиялық 2020 жылдың қорытындысы бойынша ірі және орта бизнес арасында банкроттықтың күрт өсуі байқалды.

2020 жылдан бастап жеке кәсіпкерлер арасында банктердің микробизнес субъектілерін, оның ішінде мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде онлайн-кредиттеу аясында кредиттің енуі белсенді түрде өсіп келеді және ірі бизнес деңгейіне жетті. Мұндай кредиттік өнімдер, негізінен, қысқа мерзімді, айналым капиталын толықтыру мақсатында ұсынылады және оларды ұсыну жөніндегі шешімдер скоринг-модельдерге негізделген. Мәселен, қарызы бар жеке кәсіпкерлердің үлесі 2019 жылғы 1%-дан 2022 жылы 16%-ға дейін өсті. 2020 жылдан бастап жеке кәсіпкерлерге берілген қарыздардың сапасы жалпы жеке кәсіпкерлер портфеліне қарағанда жақсы. Сонымен, 2020–2022 жылдары берілген қарыздар арасындағы NPL90+ үлесі 2022 жылдың соңына қарай 3%-ды құрады, ал портфель бойынша бұл көрсеткіш 5%-ға тең. Бұл ретте 2020–2022 жылдары берілген қарыздардың үлесі жеке кәсіпкерлер портфелінде 93%-ға жақындады. Сонымен қатар, жеке кәсіпкерлер арасында дәрменсіз борышкерлердің үлесі заңды тұлғаларға қарағанда едәуір төмен және 0,1%-дан аспайды.

<sup>21</sup> 01.01.2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша банкроттар қатарына банкроттық рәсімін қозғамай борышкерді оңалту және мәжбүрлеп тарату рәсімдері де енгізілген

<sup>22</sup> Кредиттеудің енуі-ЕДБ-де қарызы бар кәсіпкерлік субъектілерінің олардың жалпы тіркелген санынан үлесі.

**4.15-график Дара кәсіпкерлерді қоспағанда, шағын бизнеске кредиттеудің өнуі ең төмен. Бұл ретте олардың арасында банкроттық үлесі салыстырмалы түрде жоғары**



**Дереккөзі:** Кредиттік тіркелім, Бизнес тіркелім, ҚР ҚМ МКК

**Ескертпе:** Бірегей қарыз алушылардың (БСН/ЖСН) қарыздары бойынша деректер бизнес тіркелімімен байланысты. Деректер бейрезиденттердің банктік берешегін есепке алмайды.

Банкроттық немесе оңалту сатысындағы борышкерлердің 2022 жылдың аяғында банктер алдындағы жалпы берешегі корпоративтік несиелер портфелі көлемінің 0,6%-ын құрайды (4.14-график). Бұл көрсеткіш, салыстыру үшін, пандемия кезінде 2020 жылдың соңына қарай 1,1%-ға жетті. Дәрменсіз борышкерлердің банктік қарыздарының көп бөлігі NPL90+ қарыздары болып табылады. Дегенмен, дәрменсіз борышкерлердің банктік қарыздарының үштен бір бөлігі стандартты несиелер портфелінде, олардың негізгі бөлігі оңалту рәсімдері қолданылған борышкерлердің балансында орналасқан. Іс жүзінде оңалту рәсімі борышкердің қаржылық тұрақтылығының кейіннен нашарлауы нәтижесінде банкроттық рәсіміне ауысады. Мәселен, 2020 жылдың аяғында оңалтылатын борышкерлер тізімінің бестен бір бөлігі келесі екі жылда банкротқа ұшырады.

Екінші жағынан, банк қарыз алушыларының төлем қабілеттілігін ҚР СЖЖРА ҰСБ<sup>23</sup> жинайтын қаржылық-шаруашылық есептілік құрылымы бойынша бағалауға болады. Өткен жылдардағы ҚТЕ-де бұрын айтылған банк қарыз алушыларының маңызды ерекшелігі – төмен немесе теріс капиталды кәсіпорындарды кредиттеу. ҚР СЖЖРА ҰСБ деректері бойынша 2022 жылдың басында банктік қарыздың 56%-ы төмен немесе теріс капиталы бар кәсіпорындардың балансында болды, мұндай кәсіпорындардың активтерінің үлесі кәсіпорындардың жалпы активтерінің 35%-ын құрады (4.16-график). Капиталы жеткіліксіз немесе теріс кәсіпорындар арасында банк қарыз алушыларының негізгі үлесі шағын бизнес субъектілері болып табылады. Левереджі жоғары және несиелік қабілеті төмен ұйымдарды, оның ішінде мемлекеттік бағдарла-

малар шеңберінде несиелендіру, банк секторы мен мемлекет үшін несиелік шығындар тәуекелін айтарлықтай арттырады.

Банктік қарыздары бар да, онсыз да дәрменсіз және жеткіліксіз капиталдандырылған<sup>24</sup> кәсіпорындар өздерінің баланстарына дебиторлық және кредиторлық қарыздардың салыстырмалы түрде үлкен көлемін шоғырландыруды жалғастыруда. Бұл ерекшелік, бір жағынан, көптеген кәсіпорындардың экономикалық қызмет түрінің (сауда және құрылыс) ерекшелігіне, екінші жағынан, айналым капиталын тиімсіз басқаруға байланысты болуы мүмкін. Мұндай кәсіпорындардың баланстарындағы дебиторлық және кредиторлық қарыздардың шамадан тыс көлемі кәсіпорындар үшін қаражатты қайтармау және міндеттемелер бойынша дефолт тәуекелдерін арттырады. Сонымен, корпоративтік сектор активтерінің үштен бірін құрайтын капиталы жеткіліксіз немесе теріс кәсіпорындар кредиторлық қарыздың жартысынан көбін шоғырландырады. Банктік берешегі жоқ кәсіпорындардың кредиторлық қарызының жалпы көлемінің 83%-ы капиталы жеткіліксіз немесе теріс кәсіпорындарға тиесілі. Сонымен қатар, ұқсас кәсіпорындардың кредиторлық қарызының үлесі банктік берешегі бар кәсіпорындар балансының 51%-ын құрайды.

Төлемге қабілетті қарыз алушылардың, керісінше, өтімді активтері бар. Бұл ретте банктік қарыздар оларды қорландырудың негізгі көзі болып табымайды. Төлемге қабілетті қарыз алушылар көбінесе банктік қарыз алуға мүдделі емес, өйткені олар өз активтерінің негізгі үлесін өз капиталымен қаржыландырады. Активтері негізінен міндеттемелермен

<sup>23</sup> ҚР СЖЖРА ҰСБ «1-ПФ: Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі туралы есебі» және «2-МП: Шағын кәсіпорынның қызметі туралы есеп» есептері шеңберінде


<sup>24</sup> Мұнда және одан әрі бөлімде нақты секторды талдау мақсатында оң капиталы бар, бірақ жоғары борыштық жүктемесі бар кәсіпорындар (80%-дан астам) жеткілікті капиталдандырылмаған, дәрменсіз – теріс капиталы бар кәсіпорындар, ал активтерінің 20% – дан астамы бар кәсіпорындар төлемге қабілетті ретінде анықталады.

қаржыландырылатын кәсіпорындарда өтімді қаражаттың шамалы көлемі болады. Осылайша, шамалы және теріс капиталы бар кәсіпорындар тобында барлық ақша қаражаттары мен қаржылық инвестициялардың тек 23%-ы бар. Дағдарыс кезеңдерінде


жоғары қарыздық жүктемесі бар өтімділігі төмен кәсіпорындар арасында қаржылық шығындар болуы мүмкін. Кредиттік шығындар қаупін азайту үшін банктер қарыз алушыларды таңдау тәжірибесін жақсартуды жалғастыруы керек.

#### 4.16-график **Банктік қарыздар капиталы төмен немесе теріс кәсіпорындардың баланстарындағы міндеттемелердің негізгі көлемін алады**

Банктік қарыздар бойынша берешегі бар кәсіпорындар



Банктік қарыздар бойынша берешегі жоқ кәсіпорындар



Дереккөзі: ҚР СЖЖРА ҮСБ

**Ескертпе:** 2022 жылдың басындағы деректер. Қаржы-шаруашылық қызмет бойынша кәсіпорындардың жылдық есептілігіне негізделген. Шағын кәсіпорындардың жиынтық баланстары бас жиынтыққа таратылған мәліметтер бойынша, орта және ірі бизнес бойынша – бас жиынтық бойынша ұсынылады. Деректер жеке кәсіпкерлер туралы ақпаратты қамтымайды.


Капиталы жеткіліксіз немесе теріс кәсіпорындардың баланстық құрылымының сапасының төмендігіне қарамастан, олардың кірістілігі, ақша ағындары және кірістілік деңгейлерінің банктік қарыздың болуына немесе болмауына байланысты айырмашылықтары бар (4.17-график). Осылайша, банктік қарызы бар кәсіпорындардың кірістері (сатулары) капитал құрылымына қарамастан, құрылымсыз кәсіпорындарға қарағанда едәуір жоғары. Сонымен қатар, банктік қарызы бар кәсіпорындарда операциялық қызметтен сатуға дейінгі таза ақша ағындарының арақатынасы жоғары немесе банктік қарыздары жоқ кәсіпорындарда ұқсас көрсеткіш деңгейінде. Осылайша, орташа алғанда, таза операциялық ақша ағындарының абсолютті мәндері банктік қарызы бар кәсіпорындар үшін әрқашан дерлік жоғары болды. Дегенмен, банктік қарызы бар және қарызы жоқ кәсіпорындар арасындағы бизнесті сатудан (таза кірістің сатылымға қатынасы) орташа таза кірістілік көрсеткіштерінің байқалған айырмашылығы, көбінесе шағын және орта кәсіпорындар арасында теріс, бірақ ірі кәсіпорындар тобында оң болады. Орташа алғанда, банктік қарыздары бар шағын және орта кәсіпкерлік кәсіпорындарының қарызсыз бәсекелестеріне қарағанда табысы аз.

Банктік берешегі бар және берешегі жоқ кәсіпорындар топтары арасындағы кірістің, ақша ағындарының және таза пайданың белгіленген

айырмашылығын ескере отырып, банктер кәсіпорындарға, соның ішінде төмен және теріс капиталы бар кәсіпорындарға қарыз беру кезінде қарыз алушылардың айналымдары мен ақша ағындарын олардың қарыз жүктемесі мен таза пайда деңгейіне қарағанда көбірек ескеретіні анық. Мұның себебі бизнеске кредиттер көбінесе айналым капиталын толықтыруға беріледі және клиенттің шотына сатудан түскен ақша есебінен орындалады. Егер кредит қарыз алушының түсімінен алынса, онда оның түпкілікті пайдасы банк үшін онша маңызды болмайды. Бұл тәжірибе, біздің ойымызша, соңғы уақытта жоғары маржиналды цифрлық кредиттік өнімдердің дамуы аясында кең таралуда.

Борыштық жүктемесі жоғары кәсіпорындарға қосымша қарыз беру олардың жағдайын төмендететінін және тиісінше банкроттық тәуекелдерін арттыратынын ескеру қажет. Төмен немесе теріс капиталы бар кәсіпорындардың ұзақ мерзімді төмен пайдасы, әсіресе дағдарыс кезеңдерінде, олардың акционерлері немесе меншік иелері тарапынан қосымша қаржыландыруды талап етеді, әйтпесе мұндай қарыз алушылардың кредиттері болашақта қайта қаржыландырылуы керек болады, бұл одан әрі банктік шығындарды әкелуі мүмкін. Сондықтан банктер бір жылдан астам уақыттағы бизнестің тұрақтылығына байланысты ықтимал тәуекелдерді де ескеруі керек.

4.17-график Банктік қарыздары бар кірістері орташа есеппен басқа респонденттерге қарағанда едәуір жоғары кәсіпорындар



Дереккөз: ҚР СЖЖРА ҰСБ

**Ескертпе:** сатылымдардың (кірістер) орташа кірістері, сатылымға таза ақша ағындары және кәсіпорындардың сатылым рентабельділігі есеп берген респонденттердің орташа мәні ретінде есептеледі. Шағын кәсіпорындар үшін іріктеу кәсіпорындарының жылдық деректері және орта және ірі бизнес кәсіпорындарының жалпы жиынтығы пайдаланылды. Операциялық қызметтен түсетін таза ақша ағыны ақша қаражатының түсуі мен шығуы арасындағы айырмашылыққа тең. Деректер жеке кәсіпкерлер туралы ақпаратты қамтымайды.

## 4.4 Бөлшек несие портфелі

Бөлшек портфельдің ең үлкен сегментінің – тұтынушылық кепілсіз портфельдің өсуінің баяулауы бөлшек портфельдің өсу қарқынының өткен жылмен салыстырғанда біршама төмендеуіне ықпал етті. Бөлшек кредиттеудің екінші маңызды сегменті – банктердің ипотекалық портфелі, қарқынды өсуін жалғастырды. Бөлшек кредиттеу портфеліндегі қарыздардың сапасы жоғары болып қала берді. Бұл ретте проблемалық қарыздардың біршама ұлғаюы байқалады. NPL90+ қарыздарының өсуі 2021 жылы берілген қарыздарда байқалады, бұл пандемия кезіндегі шектеулерден соң кейінге қалдырылған сұраныстың жүзеге асырылуының нәтижесі. Қаңтардағы оқиғалар бірінші төлем дефолтының және екінші төлем дефолтының артуына әкелді, олардың деңгейі 2022 жылдың келесі айларында төмен мәндерге оралды.


2022 жылы банктер бөлшек сауда портфелін арттыруды жалғастырды, оның өсу қарқыны 2021 жылмен салыстырғанда баяулады. Мәселен, 2022 жылдың қорытындысы бойынша бөлшек сауда портфелінің өсуі 31,3%-ды құрады (2021 жылы – 40,9%). 2022 жылдың қорытындысы бойынша бөлшек портфельде тұтынушылық кепілсіз қарыздар мен ипотекалық-тұрғын үй қарыздары басым болды, олардың үлестері тиісінше 51,8%-ды және 34,3%-ды құрады. Бөлшек кредиттеудің осы сегменттері бөлшек портфельдің өсуіне ең көп үлес қосты, бұл сәйкесінше портфель өсімінің 49,1%-ын және 41,3%-ын құрайды.

2022 жылы бөлшек сауда портфелінің сапасы жоғары болып қала берді. Жыл қорытындысы бойынша жеке тұлғалар портфеліндегі 90 күннен астам мерзімі өткен қарыздардың үлесі салыстырмалы

түрде төмен болып қалды (3,7%). Бөлшек портфельдің жылдам өсуі жұмыс істемейтін бөлшек несиелердің өсуін бүркемеледі. Бұл ретте жыл ішінде Ұлттық Банктің бағалауы бойынша проблемалық қарыздар 53,7%-ға ұлғайды, олардың үлесі жыл соңында бөлшек портфельдің 8,8%-ын құрады (2021 жылдың қорытындысы бойынша – 7,5%). Атап айтқанда, 1-санаттағы күмәнді қарыздардың үлесі 3,9%-дан 5,0%-ға дейін өсті.

Есепті жылдың қорытындысы бойынша бөлшек портфельді провизиялармен қамту алдыңғы кезең деңгейінде қалды (5,5%). Бұл ретте провизиялардың 116,3 млрд теңгеге немесе 47,5%-ға өсуі есебінен NPL90+ қарыздарын провизиялармен жабу коэффициенті 69,3%-дан 73,1%-ға дейін өсті (4.18-график).

4.18-график **Бөлшек портфельдің жұмыс істемейтін қарыздарының үлесі көп жағдайда портфельдің едәуір өсуі есебінен төмен болып қалуда. Бұл ретте 1-санаттағы күмәнді қарыздар өсуде**



Дереккөз: Кредиттік тіркелім, ҚРҰБ бағалауы

Есепті кезеңде тұтынушылық кепілсіз қарыздардың өсуі 29,2%-ға дейін баяулады (2021 жылы – 46,3%) (4.19-график). Сонымен қатар, кепілсіз қарыздар


бойынша түскен кредиттік өтінімдер санының өсуіне қарамастан<sup>25</sup>, 2022 жылы кредиттік өтінімдерді мақұлдау үлесі төмендеді. Оған қоса, бұл субпорт-

<sup>25</sup> Ұлттық Банктің 2022 жылғы кредиттеу бойынша банктердің тоқсан сайынғы сауалнамалары бойынша жарияланымдары

фельдің сапасы алдыңғы кезеңмен салыстырғанда біршама төмендеді. 2022 жылдың қорытындысы бойынша Ұлттық Банктің бағалауы бойынша тұтынушылық кепілсіз кредиттеудегі проблемалық қарыздардың үлесі 6%-ға дейін өсті (2021 жылдың

қорытындысы бойынша – 4,7%), атап айтқанда 1-санаттағы күмәнді қарыздар мен NPL90+ қарыздарының үлесі тиісінше 0,6%-ға және 5,3%-ға дейін өсті (2021 жылдың қорытындысы бойынша – тиісінше 0,4% және 4,3%).

**4.19-график Бөлшек кредиттеудегі проблемалық қарыздардың үлесі қамтамасыз етілген тұтынушылық қарыздар сегментінде төмендеді, ал қалғандары бойынша – біршама өсті**



**Дереккөз:** Кредиттік тіркелім, ҚРҰБ бағалауы

**Ескертпе:** Кредиттеу мақсаты бойынша белгілі бір топқа жатқызылмаған өзге де қарыздарды қоспағанда.

Ипотекалық-тұрғын үй қарыздары (ИТҚ) портфелінің өсуі 2021 жылғы деңгейде (40%) сақталды, бұл олардың бөлшек кредиттеудегі үлесінің 2022 жылдың соңына қарай 34,3%-ға дейін ұлғаюына әкелді. 2022 жылы ИТҚ-ға келіп түскен кредиттік өтінімдердің өсуі байқалды, алайда олар бойынша мақұлдау үлесі жыл соңына қарай 29,7%-ға дейін төмендеді (2021 жылдың қорытындысы бойынша – 56,3%). Субпортфельдің сапасы жоғары болып қалуда – жұмыс істемейтін қарыздардың үлесі (NPL90+) 0,4%-ды құрады. Бұл ретте проблемалық қарыздар үлесінің өсуі байқалады, атап айтқанда, бұл 1-санаттағы күмәнді қарыздар үлесінің 2021 жылғы 10,6%-дан 2022 жылы 12,1%-ға дейін ұлғаюына байланысты.

2022 жылы қамтамасыз етумен тұтынушылық қарыздар субпортфелінің жалпы көлемі 514,9 млрд теңгеге немесе 32,7%-ға дейін ұлғайды. Келіп түскен кредиттік өтінімдер санының өсуіне және олардың орташа мөлшерінің ұлғаюына қарамастан, сегменттің үлесі 2021 жылғы деңгейде қалып, бөлшек сауда портфелінің 3,9%-ын құрады. Осы субпортфельдің сапасы есепті кезеңнің қорытындылары бойынша жақсарды, атап айтқанда, NPL90+ қарыздарының үлесі 2021 жылғы 12,1%-дан 8,5%-ға дейін, ал проблемалық қарыздардың үлесі 14,5%-дан 10,5%-ға дейін төмендеді.

Есепті кезеңде автокредиттеу портфелінің өсуі 2021 жылғы 53,9%-ға қарағанда 13%-ға дейін баяулады. Сонымен қатар, бір жыл ішінде келіп түскен кредиттік өтінімдер санының өсуімен қатар олар бойынша мақұлдау үлесі бөлшек кредиттеудің барлық сегменттері арасында ең төмен болып қала берді. 2022 жылы автокредиттеу субпортфелінің сапасы төмендеді, атап айтқанда проблемалық қарыздардың үлесі 6,2%-ға дейін өсті (2021 жылдың қорытындысы бойынша – 2,7%). Атап айтқанда, 1-санаттағы күмәнді және NPL90+ қарыздарының үлесі тиісінше 1,9%-ға және 4,1%-ға дейін өсті (2021 жылдың қорытындысы бойынша – 0,2% және 2,5%).

2022 жылы бөлшек портфеліндегі 2021 жылы берілген бөлшек қарыздар сапасының нашарлауы байқалғанын атап өту керек (4.20-график). Кредиттеу жөніндегі банктер сауалнамасының нәтижелері бойынша қарыздар сапасының нашарлауына банктердің пандемия уақытындағы шектеулерден кейін клиенттердің төлем қабілеттілігіне қойылатын талаптардың жеңілдеткені, сондай-ақ 2022 жылы үй шаруашылықтарының нақты табысының айтарлықтай төмендеуі әкелген болуы мүмкін.

#### 4.20-график 2021 жылы берілген қарыздар бөлшек портфель сапасы нашарлауының және NPL90+ қарыздары өсуінің негізгі себебі болып табылады

Есепті жылдың соңындағы жағдай бойынша NPL90+ қарыздары



Дереккөзі: Кредиттік тіркелім


Ескертпе: 2015 жылға дейін берілген қарыздарды қоспағанда.

2022 жылдың басында енгізілген төтенше жағдай кезінде кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін тоқтата тұру осы уақыт кезеңінде бөлшек кредиттеудің барлық түрлері бойынша бірінші төлем дефолтының және екінші төлем дефолтының көрсеткіштерінің ұлғаюына әсер етті (4.21-график). 2022 жылдың келесі кезеңдерінде бірінші төлем мен екінші төлемнің дефолт деңгейі төмендеп, тұрақты болып қалды. Мәселен, жыл соңында ипотекалық-тұрғын үй қарыздарындағы бірінші және екінші төлемдердің де-

фолты 0,1% деңгейінде, ал кепілсіз тұтынушылық қарыздарда тиісінше 0,7% және 0,6% деңгейінде сақталды. Автокредиттеу сегментінде бірінші төлем дефолтының деңгейі 0,5%-ды, ал екінші төлем дефолты 0,8%-ды құрады. Қамтамасыз етілген тұтынушылық қарыздарда бірінші төлем дефолтының деңгейі және екінші төлем дефолтының деңгейі біршама жоғары болды, атап айтқанда тиісінше 0,8% және 0,6%.

#### 4.21-график 2022 жылдың басындағы ішкі және сыртқы шоктар бөлшек кредиттеудің барлық сегменттерінде бірінші төлем дефолтының және екінші төлем дефолты деңгейінің жоғарылауына әсер етті

Бірінші төлем дефолты және екінші төлем дефолты



Дереккөзі: Кредиттік тіркелім

## 4.5 Кепілсіз тұтынушылық кредиттеу

Банктік қызметтерді цифрландырудың жоғары деңгейі халыққа кепілсіз тұтынушылық қарыздар беру рәсімін жеңілдетті. Кредитті тез ресімдеу, үйден шықпай-ақ қызметті алудың ыңғайлылығы халықтың өнімнің осы түріне деген сұранысының артуына ықпал етті. Тиісінше, бұл өнімнің жоғары рентабельділігі көптеген банктердің бизнес-модельдерін қайта қарауына және оларды кепілсіз тұтынушылық кредиттеуге бағыттауына алып келді.

2022 жылы кепілсіз тұтынушылық қарыздар портфелінің өсуі баяулап, 2021 жылғы 46%-бен салыстырғанда 29%-ды құрады. 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша бұл портфель бөлшек портфель 31%-ға өскен кезде (2021 жылы – 41%; 2020 жылы – 13%) 6,83 трлн теңгені құрады (4.22-график) (2021 жылы – 5,3 трлн теңге; 2020 жылы – 3,6 трлн теңге).


Кепілсіз тұтынушылық қарыздар портфелінің өсуі қарыз алушылардың берешегі бойынша оның әртүрлі метрикаларының өсуімен қатар жүрді. Мәселен, 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кепілсіз тұтынушылық қарыздар бойынша ең жоғары орташа берешек 29-34 жас, 35-44 жас және 45-54 жас топтарында байқалады. Осы жас топтарындағы орташа берешек бір адамға шамамен 1,1-1,2 млн теңгені (2021 жылы – шамамен 1 млн теңге) құрайды, 2022 жылы берешек орта есеппен 165 мың теңгеге

өсті. Орташа берешектің ең аз деңгейі халықтың экономикалық белсенділігі төмен топтарында байқалады: 18-24 жас және 65 жастан асқан жас топтарында қарыз алушылардың орташа берешегі тиісінше 468 мың теңге және 623 мың теңгеге тең (4.23-график).

Медианалық берешек барлық жас топтарында да өсті. Мәселен, 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 29-34, 35-44 және 45-54 жас топтарындағы кепілсіз тұтынушылық қарыздар бойынша медианалық берешек шамамен 620 мың теңгені (2021 жылы – шамамен 533 мың теңге) құрады. 18-24 жас тобында медианалық борыш 286 мың теңгеге тең (2021 жылы – шамамен 257 мың теңге), 65 жастан асқан қарыз алушылар тобында медианалық борыш 416 мың теңгені (2021 жылы – шамамен 396 мың теңге) құрады.


#### 4.22-график **Кепілсіз тұтынушылық қарыздар портфелінің өсу қарқыны 2022 жылы баяулады, бірақ қомақты болып қала береді**

Бөлшек несиелік портфелінің құрылымы, кезеңнің соңында



Дереккөзі: Кредиттік тіркелім, ҚРҰБ есептеулері

#### 4.23-график **Кепілсіз тұтынушылық кредиттер бойынша орташа және медианалық берешектер 2022 жылы өсті**




Дереккөзі: Кредиттік тіркелім, ҚРҰБ бағалауы

**Ескертпе:** орташа және медианалық берешектерді есептеу кезінде әрбір қарыз алушының барлық қарыздары бойынша негізгі борыш қалдықтарының сомасы пайдаланылды.

2022 жылы кепілсіз тұтынушылық қарыздар сегментінде қарыз алушылар саны артты. Мәселен, 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кепілсіз тұтынушылық қарыздар бойынша 24 млн шарт бойынша бірегей қарыз алушылар саны 6,76 млн адамға жетті (4.24-график) (2021 ж. – 6,03 млн;

2020 ж. – 5,13 млн). Ең үлкен өсу 35-44 жас, 45-54 жас және 18-24 жас топтарында байқалады, олардың өсуі бір жыл ішінде тиісінше 216 мың, 143 мың және 117 мың адамды құрады (2021 жылы 197 мың, 113 мың және 331 мың адам).

4.24-график 18 жастан 24 жасқа дейінгі қарыз алушылар саны 2020 жылмен салыстырғанда екі еседен астам өсті




Дереккөзі: Кредиттік тіркелім, ҚР СЖЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

Қарыз алушылар санының қарқынды өсуінің себептерінің бірі банк қызметтерінің күнделікті өмірге белсенді енуі болды. Смартфондарды және банктердің мобильді қосымшаларын пайдалану халық арасында кеңінен таралды, бұл олардың пайдаланушылары мен бұрын кепілсіз тұтынушылық қарыз алмаған

жаңа қарыз алушылар санының артуына әкелді. 2021 жылы жаңа қарыз алушылардың (бұрын кепілсіз тұтынушылық қарыз алмаған) санының артуы да онлайн банк қызметтерінің терең енуінің дәлелі болды.

4.25-график Бұрын кепілсіз тұтынушылық қарыз алмаған жаңа қарыз алушылар арасында ең үлкен өсу 2021 жылы байқалды



Дереккөзі: Кредиттік тіркелім, ҚРҰБ бағалауы

2022 жылы кепілсіз тұтынушылық қарыздар портфелінде бұрын мұндай қарыздары болмаған 737 мың жаңа қарыз алушы пайда болды (4.25-график) (2021 ж. – 872 мың; 2020 ж. – 459 мың). 2021 жылы цифрлық банктік қызметтердің танымалдығы артты, бұл ретте жас тұрғындар белсенділік танытты: жүйеде 18-24 жас аралығындағы 494 мың жаңа қарыз алушы; 25-28 жас аралығындағы 72 мың қарыз алушы және 29-34 жас тобын-


да 65 мың қарыз алушы тіркелді. Мұндай қарқынды өсудің қосымша ынталандыруларының бірі 2020 жылғы коронавирус пандемиясы кезеңінде қалыптасқан және тұтынушылық қарыздар алу арқылы жүзеге асырылған кейінге қалдырылған сұраныс болуы мүмкін.

2022 жылы жаңа қарыз алушылар саны 2021 жылмен салыстырғанда төмендеді. Себептердің бірі ха-

лық арасында банктік қызметтердің енуінің жоғары деңгейіне қол жеткізу болуы мүмкін – 2022 жылдың соңында кепілсіз тұтынушылық қарыздар бойынша бірегей қарыз алушылардың саны 6,76 млн адам

болды немесе Қазақстанның экономикалық белсенді халқының 75%-ын құрады (ҰСБ-ның 2022 жылғы 4-тоқсандағы деректері бойынша 8,96 млн адам).

**4.26-график Жаңа қарыз алушылар борышының орташа қалдығы жасына байланысты болса, медианалық қарыз тарихи тұрақтылықты сақтайды**



*Дереккөзі: Кредиттік тіркелім, ҚРҰБ есептеулері*

Жаңа қарыз алушылардың орташа берешегінің мөлшері үш жыл бойы тұрақты деңгейде қалады. Бұл ретте Қарыз алушының жасы мен оның орташа берешегі байланысты – қарыз алушының жасы үлкен болса, оның борышы соғұрлым үлкен болады (4.26-график).

Ұқсас көрініс жаңа қарыз алушылардың медианалық берешегінің мөлшерінде де байқалады. Жаңа қарыз алушылардың орташа және медианалық берешектерінің төмен деңгейі жаңа қарыз алушылардың көпшілігі бөліп төленетін қарыз алатынынан белгі береді.

Сонымен қатар, тұтынушылық кредиттеудің өсуіне жылжымайтын мүлікті, оның ішінде ипотекалық кредиттеу есебінен сатып алу-сату бойынша мәміле-

лердің өсуі әсер етті. Жылжымайтын мүлікті сатып алу тауарларды ұзақ мерзімге (тұрмыстық техника, жиһаз және т.б.) сатып алу қажеттілігін білдіреді, ол, әдетте, бастапқы жарна мен жылжымайтын мүлікті жөндеуге айтарлықтай шығыс шыққан жағдайда бөліп төлеуге ресімделеді. Мәселен, 2022 жылдың үшінші тоқсанында 29,2 мың адам ипотекалық тұрғын үй қарызын алды, оның ішінде 51,7%-ы немесе 15,1 мың адам келесі 3 ай ішінде кепілсіз тұтынушылық қарыздарды ресімдеді (4.27-график). Бұл ретте 2020 жылдың бірінші тоқсанында ипотека ресімдеген 12,4 мың қарыз алушының тек 25%-ы немесе 3 мың адам кепілсіз тұтынушылық қарыз алды. Бұл кепілсіз тұтынушылық қарыздар қарыз алушылар алған ипотекалық қарыздарға қосымша олардың борыштық жүктемесін арттырады.

4.27-график **Ипотека ресімдеген қарыз алушылардың жартысынан көбі келесі 3 айда кепілсіз тұтынушылық қарыз алады**




Дереккөзі: Кредиттік тіркелім, ҚРҰБ бағалауы

**Ескертпе:** Есептеу үшін белгілі бір тоқсанда ипотекалық қарыздарды ресімдеген қарыз алушылар бірегей сәйкестендіргіштер бойынша іріктемеге топтастырылды, содан кейін бұл іріктеме келесі тоқсан ішінде кепілсіз тұтынушылық қарызды ресімдеген қарыз алушылар тобымен салыстырылды

2020 жылдың бірінші тоқсанында ипотека ресімдеген қарыз алушылар үшін ипотека бойынша орташа айлық төлем 107 мың теңге, ал кейінгі кепілсіз тұтынушылық қарыз бойынша орташа төлем 29 мың теңгеге тең болды. 2022 жылдың үшінші тоқсанында ипотека ресімдеген қарыз алушылар үшін орташа төлемдер тиісінше 185 мың және 30 мың теңгеге дейін өсті (4.28-график). Кепілсіз тұтынушылық

қарыздар бойынша орташа төлемдер ұлғаймағанына қарамастан, кейіннен тұтынушылық қарыз алынған ипотекалық қарыздарды ресімдеу саны артып келеді. Осыған байланысты, жылжымайтын мүлікті сатып алу, әсіресе жеңілдетілген ипотекалық бағдарламалар аясында ипотека алу кепілсіз тұтынушылық кредиттер портфелінің өсуіне тікелей әсер етеді.

4.28-график **Ипотекамен бірге кепілсіз тұтынушылық қарыздарды ресімдеу борыштық жүктемені арттырады**




Дереккөзі: Кредиттік тіркелім, ҚРҰБ бағалауы

Кепілсіз тұтынушылық қарыздар портфелінің ең ірі сегменті 1 млн теңгеден 5 млн теңгеге дейін қалған берешегі бар қарыздар болып табылады. Бұл сег-

мент қарыздардың жалпы портфелінің 55%-дан астамын (3,81 трлн теңге) алады (4.29-график).

4.29-график **Кепілсіз тұтынушылық қарыздар портфелінің жартысынан көбі 1 млн теңгеден 5 млн теңгеге дейінгі топта шоғырланған**




Дереккөзі: Кредиттік тіркелім, ҚРҰБ бағалауы

Осы сегментте (берешек қалдығы 1 млн теңгеден 5 млн теңгеге дейін) қарыздардың 5,12%-ы (195 млрд теңге) NPL90+ санатына жатқызылды, NPL90+ жалпы бөлшек портфельдегі үлесі 3,7% немесе 493,5 млрд теңге. Сегменттегі қарыздардың сапасы жалпы бөлшек портфельмен салыстырғанда біршама төмен, бірақ осы сегменттің NPL90+

қарыздарын провизиялармен жабу жоғары және 82,2%-ды құрайды, бұл банктердің кредиттік шығындарды уақтылы мойындағанын көрсетеді. Бұл ретте, сапа қарыз алушылардың жасына байланысты айтарлықтай өзгереді – орташа алғанда, қарыз алушылардың жасы неғұрлым үлкен болған сайын, қарыздардың сапасы соғұрлым жақсы болады.

4.30-график **Ең ірі сегменттегі кредиттік тәуекел деңгейі қалыпты болып табылады**

Қарыз алушының қалған берешегінің сомасы 1 млн теңгеден 5 млн теңгеге дейінгі диапазондағы қарыздар



Дереккөзі: Кредиттік тіркелім, ҚРҰБ есептеулері, банктердің есептеулері

NPL90+ қарыздарының ең жоғары үлесі (7,5%) 25-28 жас аралығындағы қарыз алушылар тобында байқалады, 65 жастан асқан қарыз алушылар сегментінде ең төмен (3,2%). Банктердің бағалауы бойынша 12 айдағы орташа өлшемді PD бойынша

да ұқсас жағдай – 18-24 жастағы қарыз алушылар үшін ең жоғары көрсеткіш PD 6,3%-ға жетеді, ал 65 жастан асқан қарыз алушылар үшін 2,3%-ға жетеді (4.30-график).

Берешек мөлшерін және 1 млн теңгеден 5 млн теңгеге дейінгі сегментте кепілсіз қарыздар портфелінің едәуір шоғырлануын ескере отырып, банктер қарыз бергенге дейін де, тұрақты мониторинг процесінде де ірі берешегі бар қарыз алушылардың қаржылық

жағдайына неғұрлым сапалы талдау жүргізуі қажет. Қазіргі уақытта осы сегменттегі кредиттік тәуекел деңгейі қалыпты болғанымен, әлі де халықтың табысының өзгеруіне тәуелді болып қала береді.

#### 4.2-бокс. Банк секторын макро стресс-тестілеу

2022 жылғы геосаяси тәуекелдер әлемдік қаржы нарықтары үшін басты сын-қатерлердің бірі болды. АҚШ пен Қытай арасындағы шиеленісті қатынастар, көші-қон дағдарыстарына байланысты Еуропадағы тұрақсыздық, сондай-ақ тауарлар бағасының жаһандық өсуі – осы факторлардың барлығы белгісіздік тудырды және инвесторлар мен банктер үшін тәуекелдерді арттырды. АҚШ пен ЕО-ның Ресейге қарсы санкциялары ресейлік компаниялармен байланысы бар инвесторлар мен банктер үшін айтарлықтай шығынға әкелуі мүмкін.

Тәуекелдердің әсерін бағалау үшін 2022 жылдың ортасында Ұлттық Банк банк секторына стресс-тестілеу жүргізді, бұл қаржы жүйесінің қалыптасқан дағдарыстық жағдайларға тұрақтылығын бағалауға мүмкіндік беретін негізгі құрал болып табылады.

Ұлттық Банк стресс-тестілеудің базалық және стресстік сценарийлерінде мұнай бағасы, ЖІӨ

#### Стресс-тестілеу әдістемесі

Дефолттардың ықтималдығын бағалау үшін Ұлттық Банк әзірлеген метрикалар (бұдан әрі – ҚРҰБ әдістемесі) пайдаланылады. Кредиттік тіркелімнің деректері негізінде негізгі борыш және/немесе есептелген пайыздар бойынша өтеу белгілері жоқ қарыздар бөлінеді.

$$d_{i,t} = \frac{1\text{-санаттағы күмәнділер} + 2\text{-санаттағы күмәнділер}_{i,t} + \text{NPL}_{i,t}}{\text{Стандартты}_{i,t} + 1\text{-санаттағы күмәнділер}_{i,t} + 2\text{-санаттағы күмәнділер}_{i,t} + \text{NPL}_{i,t}},$$

мұнда 1-санаттағы күмәнділер<sub>i,t</sub>, Стандартты<sub>i,t</sub> және т.б. бұл тиісті санатқа жататын қарыздар бойынша негізгі борыш қалдықтарының сомалары.

Корпоративтік несие портфелінде қарыз алушылар ЭҚЖС-ның бес белгісі негізінде экономиканың 11 жекелеген саласына топтастырылады. Бөлшек несие портфелінде қарыз алушылар несиелеу мақсаты бойынша 4 бөлек топқа топтастырылады:

$$y_{i,t} = \log\left(\frac{1-d_{i,t}}{d_{i,t}}\right),$$

мұнда  $d_{i,t}$  – бұл  $t$  уақытындағы Проблемалық қарыздардың үлесі. Бұл логарифмдік түрлендіру баға-

өсуі, TONIA мөлшерлемесі, теңгенің айырбас бағамы және инфляция деңгейі сияқты макро көрсеткіштерді “соққыға (шок)” түсірді. Макросценарийлер банктердің тұрақтылығын бағалау үшін экономикалық жағдайдың гипотетикалық дамуын көрсетеді және Ұлттық Банктің ресми болжамдары болып табылмайды. Стресс сценарийі гипотетикалық дағдарысты сипаттайды және қолайсыз жағдайларда қаржы жүйесінің тұрақтылығын бағалау үшін қолданылады.

Стресс-тестілеу нәтижелері бойынша күтілетін шығынның өсуі пруденциалық нормативтердің бұзылуына әкелмейді, капиталдың жеткіліктілік деңгейі белгіленген нормативтерден жоғары сақталады, бұл банктерде несие портфелінің сапасының нашарлауына әкеп соғатын сыртқы күйзелістерді сіңіру үшін жеткілікті капитал буферінің болуын көрсетеді.

**1-санаттағы күмәнді қарыздар және 2-санаттағы күмәнді қарыздар NPL90+ пен бірге проблемалық қарыздар** тобына біріктіріледі.

Макро стресс-тестілеу әдіснамасы шеңберінде корпоративтік портфелінің  $i$  саладағы немесе бөлшек портфелінің  $i$  несиелеу мақсаты үшін проблемалық қарыздардың үлесі  $t$  уақытында келесідей есептеледі:

1) Автокредиттер; 2) Ипотекалық-тұрғын үй қарыздары; 3) Қамтамасыз етумен тұтынушылық қарыздар; 4) Қамтамасыз етусіз тұтынушылық қарыздар.

Тәуелді айнымалы ретінде белгілі бір сала немесе кредит беру мақсаты үшін Проблемалық қарыздардың логарифмдік түрлендірілген үлесі қолданылады:

ланған мәндер белгілі аралықтан (0% –100%) асып кетпеуі үшін қажет. Осылайша,  $d_{i,t}$  және  $y_{i,t}$  кері бай-

ланысқа ие болғандықтан,  $y_{it}$  кредиттік сапа индексі ретінде қарастырылады және  $y_{it}$  жоғары мәні кредиттік сапаның жақсарғаны туралы айтады.

Корпоративтік портфельдің әрбір саласы үшін дефолт болған жағдайда қайтарылмау үлесі (бұдан әрі – LGD) мынадай түрде айқындалады:

$$LGD = 1 - \text{Қайтару дәрежесі}$$

Дефолт жағдайында банк қамтамасыз ету арқылы шығынды өтей алатынына негізделе отырып, 2022 жылға арналған қайтару дәрежесін есептеу үшін банктер Кредит тізілімінде көрсеткен қамтамасыз ету құны пайдаланылды. Қамтамасыз ету құны 2019–2020 жылдардағы AQR нәтижелеріне сәйкес төмендетілді.

LGD бөлшек портфелінде 50%-ға теңестірілді. Қамтамасыз етілмеген Тұтынушылық кредиттер үшін LGD мәні 100%-ға тең болды. Сонымен қатар, стресстік сценарийлерді іске асыру кезінде PD өскен сайын LGD мәні арттырылды.

Автокредит; Ипотекалық-тұрғын үй қарыздары; Қамтамасыз етумен Тұтынушылық қарыздар үшін

Экономика салалары мен кредит беру мақсаты бойынша дефолт ықтималдығы мен қайтарылмау үлесінің уақыт қатарлары күтілетін шығынды есептеу үшін пайдаланылады (EL):

$$EL_{i,t+1} = PD_{i,t+1} * LGD_{i,t+1} * EAD_{i,t+1}$$

Жалпы кредиттік шығынды анықтау үшін әр сала және кредит беру мақсаты бойынша күтілетін шығын жинақталады:


$$EL_{total,t+1} = \sum EL_{i,t+1}$$

### Стресс-тестілеу нәтижелері

Стресстік сценарийді іске асыру нәтижесінде корпоративтік портфельдегі проблемалық қарыздардың үлесі 2023 жылдың қорытындысы бойынша 19%-дан 23,2%-ға дейін ұлғаяды, содан кейін 2024 жылдың соңына қарай 22,2%-ға дейін қалпына келеді. Негізгі сценарий бойынша корпоративтік портфельдегі проблемалық қарыздардың үлесі 2024 жылдың соңына қарай біртіндеп 18%-ға дейін төмендейтін болады (1-график).

Нақты ЖІӨ-нің күрт төмендеуіне және стресстік сценарийде теңге бағамының әлсіреуіне қарамастан, стресстік сценарийде банктердің K1 капиталының жеткіліктілік коэффициенті 2023 жылдың ортасында экономикалық күйзелістің шыңы кезінде шамамен 2,2 п.т.-ға (14,25%-ға дейін) қысқарады, содан кейін сценарий кезеңінің соңына қарай 17% деңгейіне дейін қалпына келеді. Негізгі сценарийде K1 капиталының жеткіліктілік коэффициенті 2024 жылдың соңына қарай 21%-ға дейін өсуді көрсетеді.

**1-график Стресс-тест нәтижелері бойынша банк жүйесі деңгейіндегі k1 капиталының жеткіліктілік коэффициенті базалық және стресстік сценарийлерде де сақталады**



Стресс-тест нәтижелері қазақстандық банк секторында несие портфелінің сапасының нашарлауына ықпал тигізетін сыртқы күйзелістерді сіңіру үшін жеткілікті капитал буфері бар екенін көрсетеді.

Бұл жаттығудың мақсаты ең алдымен Қазақстанның банк секторының гипотетикалық қолайсыз

экономикалық жағдайларға тұрақтылығын бағалау болып табылатынын атап өту маңызды. Стресс-тестілеу болашақ жағдайдың нақты болжамы емес, сондықтан тарихи деректерге негізделген тестілеу процесі модельдерді қабылдау немесе қабылдамау шегін қамтымайды.

## 4.6 Микроқаржы ұйымдары

Соңғы жылдары микроқаржы нарығы активтерінің жоғары өсуі байқалуда. Микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың (МҚҚЖҰ) өсуінің негізгі драйвері негізінен тұтынушылық мақсаттарға қарыздар беретін микроқаржы ұйымдары (МҚҰ) болып табылады. Микроқаржы нарығының дамуы қарыз алушылардың борыштық жүктемесін ұлғайтты, бұл берілген қарыздар санының қарыз алушылар санының өсуінен озық өсуін көрсетеді. Микрокредиттер портфелінің сапасын төмендетуге ерекше назар аудару қажет. Аталған трендтер тәуекелдерді азайту және нарық тұрақтылығын қолдау мақсатында қызметтің осы түрін реттеуді күшейтуге алып келді.

Пруденциялық нормативтердің және МҚҚЖҰ сақтауға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің үздіксіз күшеюі және мұндай ұйымдардың мемлекеттік реттеу периметріне кіруі нәтижесінде (то-

лығырақ 4.3-бокста) 2022 жылдың қорытындысы бойынша микроқаржы нарығына қатысушылар саны азайды (4.1-кестеде).

### 4.1-кесте МҚҚЖҰ түрі бөлінісінде микроқаржы нарығына қатысушылардың саны

МҚҚЖҰ түрі	01.01.2020	01.01.2021	01.01.2022	01.01.2023
Микроқаржы ұйымдары	202	230	242	235
Кредиттік серіктестіктер	0	216	219	214
Ломбардтар	0	664	605	555
<b>Барлығы</b>	202	1 110	1 066	1 004

Дереккөзі: ҚР ҚННДА

Ескертпе: КС және ЛМД 2020 жылы есептік тіркеуден бастапқы өтуіне байланысты олардың саны 2021 жылдан бастап ұсынылды.


Нарыққа қатысушылардың азаюына қарамастан, микроқаржы нарығындағы шоғырлану айтарлықтай өзгеріске ұшыраған жоқ. МҚҚЖҰ-ның әрбір түрі бойынша ең ірі бес қатысушыны қарау кезінде 2022 жылғы 1 қаңтарға МҚҰ мен ломбардтардың (ЛМД) активтері мен берілген микрокредиттерінің шоғырлануы 2021 жылғы 1 шілде деңгейінде сақталады<sup>26</sup> (4.31-график). Бұл ретте 5 ірі кредиттік серіктестіктің (КС) активтері мен берілген микрокредиттерінің үлесі 2021 жылғы 1 шілдеден 2023 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңде орта есеппен 5%-ға ұлғайды. Қызметті қаржыландыруды тартудың шектеулі мүмкіндіктері және нарықты мемлекеттік реттеуді күшейту тұрақсыз МҚҚЖҰ-ны жояды, осылайша жетекші позицияларды нығайтуға және микроқаржы нарығының ірі қатысушыларының елеулі салмағын сақтауға ықпал етеді.

дтиттерінің үлесі 2021 жылғы 1 шілдеден 2023 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңде орта есеппен 5%-ға ұлғайды. Қызметті қаржыландыруды тартудың шектеулі мүмкіндіктері және нарықты мемлекеттік реттеуді күшейту тұрақсыз МҚҚЖҰ-ны жояды, осылайша жетекші позицияларды нығайтуға және микроқаржы нарығының ірі қатысушыларының елеулі салмағын сақтауға ықпал етеді.

<sup>26</sup> Деректер 2021 жылғы 1 шілдеден бастап МҚҚЖҰ-ның реттеу периметріне кіруіне және көрсетілген күннен бастап есептілікті ұсыну жөніндегі талаптың туындауына байланысты келтірілген (2018 жылдың басынан бастап есептілікті ұсынатын МҚҰ-ны қоспағанда). Осыған байланысты, одан әрі талдау 01.07.2021-01.01.2023 кезеңінде ұсынылды.

#### 4.31-график **Микроқаржы нарығында ең ірі бес МҚҚЖҰ арасында әрбір түрі бойынша шоғырлану елеулі өзгерістерге ұшыраған жоқ**

МҚҚЖҰ 01.07.2021 – 01.01.2023 кезеңіндегі әрбір түрі бойынша бес ірі компания көрсеткіштері үлесінің өзгеруі



Дереккөзі: Ұлттық Банк

### МҚҚЖҰ-ның активтері


Халықтың микроқаржы нарығы субъектілерінің өнімдеріне қарқынды өсіп келе жатқан сұранысы 2022 жыл бойы МҚҚЖҰ активтерінің өсуінің оң серпінін жалғастыруды қамтамасыз етті. Жеке тұлғаларды микроқаржы нарығына белсенді тарту және бір қарыз алушыға қарыз санының ұлғаюы байқалады. Сонымен бірге беру құрылымында PDL қарыздардың басым болуы нәтижесінде шарттардың орташа мерзімі қысқарады. 2022 жылдың соңына қарай оң түзетулерге қарамастан, несие портфелінің сапасы төмен болып қалады.

2021 жылғы 1 шілдеден бастап 2023 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңде МҚҚЖҰ активтері жиынтығында негізінен МҚҰ активтері есебінен айтарлықтай өсімді көрсетті. Осылайша, көрсетілген кезеңде КС және ЛМД активтері тиісінше 31,7% және 29,9%-ға өсті, ал МҚҰ активтері 71%-ға өсті (4.32-график). Мұндай өсім реттеуді күшейту, онлайн қарыздар беру қызметтерін дамыту, өнімдер мен қызметтер тізімін кеңейту, жеңілдетілген рәсім және банктермен салыстырғанда қарыздар берудің неғұрлым жеңілдетілген талаптары, облигациялардың ұйымдастырылған нарығына қол жеткізу және

халықтың сатып алу қабілетінің төмендеуіне байланысты микрокредиттерге жоғары сұраныс сияқты бірнеше факторлардың жиынтығына байланысты.

МҚҚЖҰ активтерінің өсуі берілген микрокредиттердің өсуіне байланысты, олар 2022 жылдың соңындағы жағдай бойынша активтердің 86% құрады. Мәселен, қаралып отырған кезеңде МҚҚЖҰ микрокредиттер портфелі 48,5%-ға ұлғайып, 1 805,8 млрд теңгені құрады: оның ішінде МҚҰ бойынша 72,7%-ға (916,8 млрд теңге), КС 31,9%-ға (721,5 млрд теңге) және ЛМД 22,3%-ға (167,6 млрд теңге).

4.32-график **Микроқаржы ұйымдарының активтері мен берілген микрокредиттерінің<sup>27</sup> жиынтық көлемі 2022 жылы өсуін жалғастырды**



Дереккөзі: Ұлттық Банк

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша орта есеппен бір қарыз алушыға МҚҚЖҰ-ның әрбір түрі бойынша екі қарыздан келеді: МҚҰ – 2,2; КС – 1,9; ЛМД – 2,4.

4.2-кесте **МҚҚЖҰ барлық түріндегі қарыз алушылар мен қарыздар саны жиынтығында 2021 жылғы 1 шілдеден 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін айтарлықтай өсуді көрсетеді**

МҚҚЖҰ түрі	Санын көбейту	
	Қарыз алушылар	Қарыздар
Микроқаржы ұйымдары	65%	101%
Кредиттік серіктестіктер	64%	64%
Ломбардтар	1%	9%
<b>Барлығы, жиынтық өсу</b>	<b>31%</b>	<b>47%</b>

Дереккөзі: «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ (бұдан әрі – МКБ)


Ескертпе: ҚРҰБ бағалауы.

МҚҚЖҰ қызметтерінің негізгі пайдаланушылары жеке тұлғалар болып табылады. Жеке тұлғалардың көпшілігі МҚҰ арқылы микрокредиттер алады (2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жеке тұлғаларға берілген микрокредиттердің жалпы көлемінің 72,5%-ы), ал заңды тұлғаларға микрокредиттердің жалпы көлемінің 96,2%-ы КС-ға тиесілі болды.

2022 жылдың төртінші тоқсанында микрокредиттер портфеліндегі жеке тұлғалардың үлесі 64,8%-ге дейін төмендегенін айта кету керек (4.33-график). Мұндай төмендеу заңды тұлғаларға жекелеген КС-тің микрокредиттер (127,2 млрд теңгеге немесе 89%-ға) берудің едәуір ұлғаюымен байланысты, соның есебінен осы КС үлесі 37,4%-ды құрады.

<sup>27</sup> Құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде

4.33-график МҚҚЖҰ микрокредиттерінің портфелі МҚҚЖҰ қарыздарының құрылымында негізгі үлесті иеленген жеке тұлғаларға қарыздар беру есебінен өсуді жалғастырды



Дереккөзі: Ұлттық Банк

Тұтыну мақсаттарына арналған микрокредиттер жеке тұлғаларға берілген МҚҰ микрокредиттерінің құрылымында елеулі үлесті алады. Олардың үлесі 2022 жылдың екінші жартыжылдығында айтар-

лықтай өсті (4.34-график). Бұл үрдіс 2022 жылдың үшінші тоқсанында азық-түлік және азық түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсуінің жеделдеуіне байланысты болуы мүмкін.

4.34-график 2022 жылдың соңында орта есеппен МҚҰ микрокредиттерінің шамамен 66,5%-ы тұтынушылық мақсаттарға тиесілі




Дереккөзі: Ұлттық Банк

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша берілген кредиттердің құрылымы халықтың жас санаты бөлінісінде МҚҰ берілген кредиттердің жалпы көлемінде 35 пен 44 жас аралығындағы клиенттердің елеулі үлесін көрсетеді (4.35-график). Жас тұрғындар арасында шағын қарыздардың жоғары

тартымдылығын атап өтуге болады, ал ірі қарыздардың едәуір бөлігін 35 жастан асқан жас санатындағы халық алған. 65 жастан бастап жас санатындағы халықтың үлесі қарыз көлеміне қарамастан алынған микрокредиттер көлемінің елеусіз бөлігін (1-7% шегінде) алады.

**4.35-график МҚҰ-ның берілген кредиттердің құрылымы жас санаты бойынша микрокредит көлеміне байланысты айтарлықтай өзгереді**

01.01.2023 жылғы жай-күй бойынша



Дереккөзі: МКБ


Ескертпе: ҚРҰБ бағалауы.

Соңғы бес жылда МҚҰ өнімдерінің ішінде 1 жылға дейінгі және 1 жылдан 3 жылға дейінгі мерзімдегі микрокредиттер ең көп сұранысқа ие микрокредиттер болып табылады, олар жиынтығында барлық жасалған микрокредит шарттарының 90%-дан астамын құрайды (4.36-график). Бұл ретте, 2020 жылдың

басынан бастап шарттардың үлесі 1 жылға дейінгі айтарлықтай өсті (оған Pay day loans немесе жалақыға дейінгі қарыздардың ұлғайған үлесі де кіреді) және 2022 жылдың аяғында МҚҰ барлық микрокредиттер шарттарының шамамен 80%-ын құрады.

**4.36-график Соңғы 5 жылда жасалған МҚҰ қарыз шарттарының едәуір бөлігі мерзімі 1 жылға дейінгі микрокредиттерге тиесілі**

Шарттардың саны бойынша



Дереккөзі: МКБ


Ескертпе: ҚРҰБ бағалауы.

МҚҰ-ға берілген қарыздардың орташа мерзімі 2018 жылғы 1 қаңтардағы 14 аймен салыстырғанда 2023 жылғы 1 қаңтарда 7 айды құрады. Алайда, портфельдің орташа өлшемді мерзімділігі көрсетілген кезеңде 27 айдан 29 айға дейінгі шамалы ұлғаюды көрсетеді. Мұндай әртүрлі үрдістер көлемі аз қысқа қарыздарға сұраныстың ұлғаюы салдарынан қалыптасты, бұл олардың сан жағынан үлесінің ұлғаюына қарамастан, қысқа қарыздар көлемі үлесінің азаюына алып келеді.

**МҚҚЖҰ кредиттік портфелінің сапасы МҚҰ портфелі есебінен біртіндеп төмендеуде.** Мәселен, 2022 жылдың қорытындысы бойынша МҚҰ кредиттік портфелінің сапасы пандемия кезінде мерзімі өткен микрокредиттердің үлесі күрт өскен 2020 жылғы бірінші жартыжылдықтың деңгейінде қалуда.

2020 жылдың соңына қарай 12,2%-ға дейін төмендегеніне қарамастан, МҚҰ-ның мерзімі өткен қарыздарының үлесі 2022 жылдың ортасында берілген микрокредиттердің жалпы көлемінің 16,3%-на, өзінің ең жоғары мәніне, жетті (**4.37-график**). Мерзімі өткен қарыздардың өсуі микрокредиттерге (оның ішінде тұрақты табыс көзі жоқ адамдар үшін) қолжетімділік деңгейі артуына және халықтың нақты табысының айтарлықтай төмендеуіне байланысты болды. ҚНРДА тарапынан реттеуді қатаңдату нәтижесінде (сыйақы мөлшерлемесінің шекті мәнін төмендету, борыштық жүктеме коэффициенті бойынша талаптарды күшейту, пруденциялық нормативтерге өзгерістер енгізу және МҚҰ қарыз алушыларының борышын есептен шығару) бұл көрсеткіш 2022 жылдың қорытындысы бойынша 15,4%-ға дейін түзелді.

**4.37-график МҚҰ берген қарыздардың жалпы көлеміндегі мерзімі өткен қарыздардың үлесі 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында 16,3%-ға жетті, алайда кейінгі кезеңдерде біршама жақсарды**



Дереккөзі: Ұлттық Банк


Соңғы бес жылда барлық МҚҰ қарыздар портфелінің құрылымында NPL90+ деңгейі 3,0%-дан 6,2%-ға дейін айтарлықтай өсті (ең жоғары – 01.07.2022 ж. 8,7%), бұл МҚҰ портфелінің сапасы төмендегенін көрсетеді.

Өз кезегінде, 2021 жылғы 1 шілдеден бастап КС мен ЛМД бойынша мерзімі өткен қарыздардың үлесі маңызды өзгерістерге ұшыраған жоқ және тиісінше 1-2% және 27-28% деңгейінде сақталды.

КС мерзімі өткен микрокредиттердің құрылымында 2023 жылғы 1 қаңтарда ең көп үлес 90 күннен асатын мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттерге (80,6%) тиесілі, ал ЛМД үшін мерзімі өткен микрокредиттердің едәуір бөлігі 30 күнге дейінгі мерзімі өткен қарыздарға (64,4%) тиесілі, бұл олардың қызметінің ерекшелігіне байланысты.

**4.38-график Ең ірі 5 МҚҰ портфеліндегі мерзімі өткен қарыздардың үлесі қалған МҚҰ-мен салыстырғанда едәуір төмен, ал ең үздік 5 КС қарыз алушыларының мерзімі өткен берешегі жоқ**

01.01.2023 жылғы жай-күй бойынша



Дереккөзі: МКБ

Ескертпе: ҚРҰБ бағалауы.

5 ең ірі МҚҰ және КС портфелінің сапасын атап өткен жөн (4.38-график). Мәселен, 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша МҚҰ-ның мерзімі өткен қарыздарының жалпы көлемінде активтері бойынша ең ірі 5 МҚҰ үлесі МҚҰ берген микрокредиттерінің жалпы көлемінің 65,4% үлесі кезінде 11%-ды құрады. Сонымен қатар, көрсетілген күні ең


ірі 5 КС бойынша мерзімі өткен берешек жоқ. Бұл ретте мерзімі өткен берешектің жалпы көлемінде үздік 5 ЛМД (активтер бойынша) мерзімі өткен берешегінің үлесі ЛМД активтерінің барлық көлемінен олардың үлесі деңгейінде шамамен 55% болып қалыптасты.

## МҚҚЖҰ қорландыру

МҚҚЖҰ қорландыру мәселесі қаржыландыруды тарту құралдарының шектеулі санына байланысты өзекті болып қалуда. Мемлекет қабылдаған шаралар МҚҚЖҰ-ға ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығына кіруге мүмкіндік берді, олар микроқаржы нарығы субъектілерін кредиттеу жолымен ШОБ-ты дамытуға белсенді тарту үшін бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға бағытталған.

Негізінен клиенттердің қаражатын (депозиттер, ағымдағы шоттар) тарту есебінен қаржыландырылатын банк қызметімен салыстырғанда МҚҚЖҰ-ны қорландыру құрылымында қарыз капиталына негізгі үлес тиесілі, ол негізінен үшінші тараптардан алынған қарыздар (2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша міндеттемелердің 80%-дан астамы) есебінен қалыптастырылады. Қызметті қаржыландырудың мұндай қаражат көзі МҚҚЖҰ өнімдерінің құнына әсер етеді, өйткені қарыз капиталы қорландырудың едәуір қымбат көзі болып табылады.

4.39-график **Микроқаржы ұйымдарының облигацияларын шығарудың жиынтық көлемі 2023 жылғы 1 қаңтарға 193,2 млрд теңгені құрады**



Дереккөзі: KASE және AIX

Ескертпе: ҚРҰБ бағалауы.

Микроқаржы ұйымдарына ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығына орналастыру мақсаты үшін облигациялар шығару құқығын берген 2020 жылғы заңнамаға<sup>28</sup> енгізілген өзгерістер салдарынан микроқаржы ұйымдарының осы нарыққа қызығушылығының артып келе жатқанын атап өту қажет. Мұндай құқық микроқаржы нарығының субъектілеріне қызметті қаржыландырудың қосымша көзі ретінде облигациялар шығару арқылы қарыз капиталын тартуға мүмкіндік береді. 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 18 МҚҰ және 1 ЛМД ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығының қатысушылары болып табылады (15 МҚҰ және 1 ЛМД KASE-те және 5 МҚҰ AIX-те), олардың облигациялар шығарылымының жиынтық көлемі 193,2 млрд теңгені құрады (4.39-график). Облигациялар шығарылымының жалпы көлемінің негізгі үлесі осы компаниялардың инвестициялық тартымдылығына байланысты ірі МҚҰ-ларға тиесілі. Демек, бағалы қағаздар нарығы микроқаржы нарығының ең ірі қа-


тысушыларына борыштық бағалы қағаздар шығару арқылы қаржыландыруды тартуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, кейбір МҚҰ үшін қаржыландырудың маңызды көзі Еуропалық қайта құру және даму банкі, Азия даму банкі және Халықаралық қаржы корпорациясы сияқты халықаралық қаржы ұйымдарының инвестициялары болып табылады. Мәселен, соңғы бірнеше жылда бұл ұйымдар «КМФ (КМФ)» МҚҰ және «Арнур Кредит» МҚҰ» ЖШС жалпы 338 млн АҚШ доллары сомасын құрайтын бірқатар жобаларды қолдады (4.40-график). Қолдау МҚҰ-ға кредит беруді, тәуекелдерді басқару шешімдерін және корпоративтік басқаруды жақсарту үшін кеңес беру қызметтерін қамтиды. Аталған жобаларды қаржыландырудың мақсаты микро, шағын және орта бизнесті дамыту, ҚР-ның қолжетімділік қиын және шалғай аудандарында бизнесті қаржыландыруды қамтамасыз ету, сондай-ақ гендерлік теңдікті қамтамасыз ету үшін әйелдердің кәсіпкерлігін қолдау болып табылады.

<sup>28</sup> «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңын 11-бабының 2-тармағы

**4.40-график Микроқаржы нарығына халықаралық инвестициялардың негізгі үлесін «КМФ (ҚМФ)» МҚҰ» ЖШС (325 млн АҚШ доллары) негізінен Халықаралық қаржы корпорациясы (70,8%) есебінен тартты**

01.01.2023 жылғы жай-күй бойынша



Дереккөзі: ХҚК, АДБ және ЕҚДБ

Апекстік ұйым да қаржыландырудың әлеуетті көзі болып табылады. Бірқатар МҚҰ қорландыру міндеттерін жеңілдету үшін Қазақстанда апекстік ұйым құру қажеттігін атп өтуде. Халықаралық тәжірибеге сәйкес инвесторлар мен МҚҰ арасында инвестордың капиталын басқарушы агент ретінде оны бірнеше МҚҰ арасында бөле отырып, байланыс орнату арқылы бірнеше МҚҰ-ға арналған қаржыландыруды тарту апекстік ұйымның негізгі міндеті болып табылады. Осылайша, апекстік ұйым белгілі бір дәрежеде субъектінің көлеміне қарамастан, МҚҰ-ны қорландыру мәселесін шешеді. Апекстік ұйымның қызметін және оның микроқаржы нарығы үшін артықшылықтарын зерттеудің жеткіліксіздігі Қазақстанда осындай қорландыру көзін құру мәселесін ашық қалдыруда. Сонымен қатар, мұндай ұйымның қызметінің заңнамалық реттелмеуі де оны құру процесін қиындатады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын<sup>29</sup> іске асыру шеңберінде қызметі «көтерме» қаржыландыруды тартуға бағытталатын апекстік ұйымдар институтын құру мәселесі пысықталуда, бұл микроқаржы секторының субъектілеріне халықаралық қаржы ұйымдарының, банктердің, сақтандыру ұйымдарының және басқа да институционалдық инвесторлардың қаражатын тартуға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, МҚҚЖҰ Қазақстанда ШОБ дамыту мақсатында мемлекеттік бағдарламалардың қаты-

сушылары болып табылады. Мәселен, Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына<sup>30</sup> сәйкес микроқаржы ұйымдарын микро және шағын бизнесті кредиттеуге, әсіресе банк бөлімшелері жоқ аумақтарда тарту үшін жағдайлар жасалуы тиіс. Мұндай мақсат қарыздарды ресімдеудің жеңіл рәсіміне және салыстырмалы түрде жеңіл талаптарға байланысты микро және шағын бизнес субъектілері үшін МҚҰ кредиттерінің тартымды болуына байланысты. Алайда, Тұжырымдама қойылған мақсаттарды тиімді іске асыру микроқаржы нарығын мұқият талдауды талап етеді. Мәселен, Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021–2025 жылдарға арналған ұлттық жоба<sup>31</sup> шеңберінде кепілдік беру және субсидиялау жобалары арқылы қаражат тарту мүмкіндігіне қарамастан, мұндай жобалар бойынша микрокредиттердің 28% сыйақы мөлшерлемесінің шекті мәндері МҚҰ үшін тартымсыз болып табылады. Тартымды болмауы МҚҰ үшін экономиканың басым секторларының тізбесі түріндегі шектеулерге де байланысты болуы мүмкін. Бұдан басқа, жеңілдетілген талаптар шеңберінде микрокредиттер беру микрокредиттік портфельдің сапасына да кері әсерін тигізуі мүмкін. Осыған байланысты, МҚҚЖҰ-дан неғұрлым тәуекелді микрокредиттер беру мен тәуекел-менеджмент мәдениетін дамыту арасындағы балансты сақтауды талап етіледі.

<sup>29</sup> «Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі Жарлығы

<sup>30</sup> «Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі № 250 қаулысы

<sup>31</sup> «Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021–2025 жылдарға арналған ұлттық жобаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 728 қаулысы

#### 4.3-бокс. Микроқаржылық қызметті реттеу

Жылдам дамып келе жатқан микроқаржы нарығы, бір жағынан, МҚҚЖҰ өнімдеріне сұраныс артуына жауап ретінде қаржы нарығының инклюзиясы өсуінің салдары болып табылады. Екінші жағынан, банктермен салыстырғанда кредиттеу кезінде жеңілдетілген талаптар қарыз алушылардың банк секторынан микроқаржы секторына өтуіне жағдай жасайды. МҚҚЖҰ-ның мұндай артықшылығы реттеуші арбитражды құрады және банк секторының тәуекелдері азаюына әкеледі. Мемлекет, тиісінше, тәуекелдерді төмендету және қаржы нарығының осы сегменті орнықты жұмыс істеуін қолдау мақсатында осы нарықты қадағалау мен реттеуді күшейту бойынша шаралар қабылдауды жалғастырады.

Соңғы жылдары микроқаржы нарығы үшін мемлекеттік реттеуді күшейту бөлігіндегі аса маңызды заңнамалық өзгерістер ретінде мыналарды атап өтуге болады:

- реттелетін субъектілер тізіміне МҚҚЖҰ-ның барлық түрлерін қосу (МҚҚЖҰ-ның барлық түрлерін міндетті есептік тіркеу);
- микроқаржылық қызметті лицензиялау;
- пруденциялық нормативтерді қатаңдату;
- микроқаржы ұйымының банкке айналу мүмкіндігі.

Мәселен, 2020 жылдан бастап КС және ЛМД-ға есептік тіркеу режимі қолданылады (бұрын тек МҚҰ

үшін ғана қолданыста болған) және 2021 жылдан бастап микроқаржы нарығының барлық субъектілері реттеу аумағына енді.

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап микроқаржылық қызметті лицензиялау енгізілді, бұл меншікті және жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшеріне қойылатын талаптарды сақтауды, микрокредиттер беру қағидаларының, бухгалтерлік есепті жүргізуді автоматтандыруды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйенің болуын, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы бірыңғай ақпараттық жүйеге қосылу талабын, сондай-ақ микроқаржы ұйымының басшы қызметкерлері мен құрылтайшыларының (қатысушыларының) беделі мен біліміне қойылатын талаптарды орындау қажеттілігін білдіреді.

Аталған шаралардың нәтижесінде КС мен ЛМД есеп беретін ұйымдардың тізіміне енгізілді және 2021 жылғы екінші тоқсаннан бастап олар МҚҰ-мен қатар тоқсан сайынғы есептілікті ұсына бастады.

Лицензиялаудың енгізілуі басталғаннан бері МҚҚЖҰ сақтауы міндетті пруденциялық нормативтер мен өзге де нормалар мен лимиттер күшейтілді, оның ішінде жарғылық және меншікті капиталдың ең төменгі мөлшеріне қойылатын талаптар арттырылды<sup>32</sup>. 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша МҚҚЖҰ үшін **жарғылық капитал мен меншікті капиталдың** әрбір түрі бойынша ең төменгі мөлшер келесідей ұлғайтылды.

#### 1-кесте МҚҚЖҰ-ның жарғылық және меншікті капиталының мөлшеріне қойылатын талаптар

(млн теңге)

МҚҚЖҰ типі	01.01.2020		01.01.2023	
	ЖК	МК	ЖК	МК
МҚҰ	30	30	100	100
КС	10*/5**	10*/5**	50/25**	50/25**
ЛМД	10	10*/5*	70/30***	70*/30**

Дереккөзі: Ұлттық Банктің ресми веб-сайты

Ескертпе:

\* 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін мемлекеттік тіркеуден өткен және қызметін Астана, Алматы, Шымкент қалаларында немесе облыс орталығында жүзеге асыратындар үшін

\*\* 2021 жылғы 1 қаңтарға дейін мемлекеттік тіркеуден өткен және қызметін Астана, Алматы, Шымкент қалаларынан тыс немесе облыс орталығында жүзеге асыратындар үшін

\*\*\* мемлекеттік тіркеуден 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін өткендер үшін

<sup>32</sup> «Пруденциялық нормативтерді және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның сақтауы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді, оларды есептеу әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 14 қарашадағы № 192 қаулысы

2021 жылғы 1 қазаннан бастап мерзімі өткен берешекті реттеудің бірыңғай міндетті құқықтық режимі қолданыла бастады. МҚҰ кредиттік бюроға тұтынушылық кредиттер бойынша азаматтардың борыштық жүктемесі шамадан тыс өсуіне жол бермеу мақсатында берілген қарыздар бойынша номиналды мөлшерлемелері және жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі (ЖТСМ) туралы ақпарат беруге міндетті.

Сонымен қатар, 2022 жылдан бастап микроқаржы нарығының субъектілері жалпы мерзімі бір жылдан аспайтын неғұрлым жеңілдетілген рәсім бойынша банкке айналу мүмкіндігіне ие болды. Банкке айналу мұндай жеңілдетілген тетігі банктік лицензия алғанға дейін ағымдағы қызметті тоқтатпай, қызметті қайта құруға және шығынды болдырмауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда аталғандарға қосымша, МҚҚЖҰ<sup>33</sup> қарыз алушысының борыштық жүктемесі коэффициентін есептеу жөніндегі талап қолданысқа енгізілгенін

атап өту қажет, оған сәйкес қарыз алушының борыштық жүктемесі коэффициентінің шекті мәні банктерге сияқты 0,5 мөлшерінде белгіленген. Бұдан басқа, заңнамаға<sup>34</sup> енгізілген өзгерістерге сәйкес микроқаржы ұйымдарына микрокредит бойынша сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) қоспағанда, кез келген төлемдерді белгілеуге және оларды қарыз алушыдан (өтініш берушіден) алуға тыйым салынады. Алынатын төлем түрлерін шектеу, берілетін микрокредиттер бойынша берешекті есептеу тәртібінің ашықтығын қамтамасыз ету және оны жеңілдету осы талапты енгізудің мақсаты болып табылады.

Микроқаржы нарығы субъектілерінің қызметін реттеуді кезең-кезеңімен күшейту микрокредиттердің сапасын жақсартуға, олардың қызметінің ашықтығын арттыруға, тұтынушылардың құқықтарын қорғауға және қаржылық қызметтер көрсетудің тиісті мәдениетін және клиенттермен өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге бағытталған.

<sup>33</sup> «Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым қарыз алушысының борыштық жүктемесінің коэффициентін есептеу қағидаларын және шекті мәнін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 215 қаулысы

<sup>34</sup> «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 3-тармағының 1-2) тармақшасы



V

ӨТІМДІЛІК,  
ҚОРЛАНДЫРУ,  
ДОЛЛАРЛАНДЫРУ  
ТӘУЕКЕЛДЕРІ,  
ВАЛЮТАЛЫҚ  
ЖӘНЕ ПАЙЫЗДЫҚ  
ТӘУЕКЕЛДЕР

## V. Өтімділік, қорландыру, долларландыру тәуекелдері, валюталық және пайыздық тәуекелдер

2022 жылдың қорытындысы бойынша өтімділігі жоғары активтердің көлемі 20,7%-ға (ж/ж) өсті, ал көптеген банктердің өтімділік коэффициенттері нормативтік мәндерден деңгейлерде қалды. Банктердің өтімділік профицитін аллокациялау құрылымы көбінесе МБҚ портфелімен және ҚРҰБ-дегі шоттармен ұсынылған. Геосаяси күйзелістерге қарамастан, көптеген банктердегі өтімділік тәуекелдері банктердің жиынтық активтерінің үштен бірін құрайтын өтімділігі жоғары активтердің айтарлықтай қорына байланысты бір қалыпты деңгейде сақталуын жалғастырды.

Теңгелік салымдарды қорғау бағдарламасын қоса алғанда банк секторындағы ахуалды тұрақтандыру бойынша қабылданған шаралар қаржы нарықтарындағы геосаяси тәуекелдер мен құбылмалылықтың артуының теріс әсерін ішінара реттеуге мүмкіндік берді. Қорландыру жағында нақты мерзімді депозиттер үлесінің және депозиттердің көптеген түрлерін ұстаудың орта мерзімдерінің төмендеуі байқалды. Бұл, соның ішінде, қаражатты орналастырудың неғұрлым икемді шарттарын қалайтын резидент еместердің салымдары үлесінің ұлғаюына байланысты болды. Бұл ретте 2022 жылы КМС үлесін төмендету есебінен қорландыру базасын әртараптандыру жалғастырылды.


Долларландыру деңгейінің төмендеу динамикасы баяулады, алайда валюталық салымдардың үлесі елеулі болып қалуда, бұл әсіресе сыртқы күтпеген өзгерістердің күшеюі және белгісіздіктің өсуі кезеңінде валюталық тәуекелдердің сақталуына әкеледі. Банк жүйесі бойынша нетто ашық валюталық позиция қысымға ұшырады, бірақ шекті мәндерден аспады.

### 5.1 Өтімділік тәуекелдері

2022 жылы банк секторында өтімділіктің айтарлықтай қоры сақталды. Банк секторының өтімділігі жоғары активтерінің<sup>35</sup> (ӨЖА) көлемі 20,7%-ға (ж/ж) ұлғайып, 15,3 трлн теңге немесе жиынтық активтердің 34,2%-ы болды. Валютадағы ӨЖА теңгедегі

гі ӨЖА-терден асып кетуі сақталды, олар тиісінше 8,8 трлн және 6,4 трлн теңгені құрады. Бұл ретте ӨЖА көлемінің ұлғаюы теңгелік, сондай-ақ валюталық құрауышта байқалды, олардың өсім қарқыны сәйкес түрде (тиісінше, 17,5% және 23,1%) (5.1-график).

5.1-график ӨЖА көлемі 2022 жылы өсуді көрсетті



Дереккөзі: ЕДБ есептілігі


Ескертпе: ӨЖА-ға мыналар кіреді: қолма-қол ақша, бағалы металдар, корреспонденттік шоттар, банкаралық салымдар және МБҚ (ауыртпалық салынғандарды қоспағанда). Тоқсанның соңындағы деректер.

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша банк секторының ӨЖА жиынтық көлемі жеке және заңды тұлғалардың трансакциялық шоттары бойынша жиынтық міндеттемелерді 1,3 есе асып түсті, бұл банктердің қажет болған жағдайда әлеуетті қара-

жат әкетуді өтеу қабілетін көрсетеді. ӨЖА көлемінің трансакциялық шоттардан ұлттық валютада – 1,04 есе, сондай-ақ шетел валютасында 1,65 есе асып кетуі байқалды (5.2-график).

<sup>35</sup> Ауыртпалық салынған ӨЖА есептемегенде

5.2-график **Банктердің ӨЖА ағымдағы деңгейі трансакциялық шоттар түріндегі ықтимал қаражат әкетуін өтейді**




**Ескертпе:** Трансакциялық шоттарға банкаралық корреспонденттік шоттарды қоса алғанда, ағымдағы шоттар және ЖТ мен ЗТ талап етілгенге дейінгі депозиттері кіреді.

2022 жылы Ұлттық Банк тұрақты қолжетімді операциялар арқылы артық өтімділікті реттеуді жалғастырды. Теңгелік өтімділікті банктер негізінен МБҚ портфелінде (31,6%) және Ұлттық Банктегі шоттарда (ноталар – 25,1%, салымдар – 24,7%), валюталық

бөлігінде – салымдарда (32,8%) және Ұлттық Банктің (21,8%) және екінші деңгейдегі банктердің корреспонденттік шоттарында (23,3%), сондай-ақ МБҚ портфелінде (16,6%) орналастырды (5.3-график).

5.3-график **ӨЖА-нің теңгелік және валюталық құрамдас бөліктерінде ҚРҰБ-ға қойылатын талаптар басым**



**Дереккөзі:** ЕДБ реттеу есептілігі

**Ескертпе:** ӨЖА-ге қолма-қол ақша, бағалы металдар, корреспонденттік шоттар, банкаралық салымдар және ауыртпалық салынғандарды қоспағанда, МБҚ кіреді. Ай соңындағы деректер.

Бір жыл ішінде банк секторының ӨЖА динамикасы әр түрлі бағытты болды. Жылдың ортасында теңгедегі ӨЖА-дің айтарлықтай төмендеу кезеңі байқалды, ол ӨЖА аллокациясының құрылымында да көрініс тапты. Теңгедегі ӨЖА-дің төмендеуі активтердің Ұлттық Банктің неғұрлым өтімді корреспонденттік шоттарына көшуімен қатар жүрді (үлесі

23%-ға дейін өсті). Жыл соңына қарай белгісіздік төмендеген сайын теңгедегі өтімділік аллокациясының құрылымы әдеттегі бөлуге қайта оралды. ӨЖА-дің валюталық құрамдас бөлігінде активтердің Ұлттық Банктің корреспонденттік шоттарына, сондай-ақ қолма-қол ақшаға қайта бөлінуі байқалды.

5.4-график **Банктер ең төмен резервтік талаптарды қомақты қормен орындауды жалғастырды**

Дереккөзі: ЕДБ деректері


**Ескертпе:** резервтік активтер – айқындау кезеңіндегі ЕРТ-ның 50%-ы шегінде банктердің ҚРҰБ-дағы корреспонденттік шоттарындағы ұлттық валютадағы қаражаттың және қолма-қол ақшаның (касса, жолдағы, банкоматтардағы, терминалдардағы ақша) орташа қалдығы. Резервтік талаптар – банктердің ҚРҰБ-дағы ұлттық валютадағы корреспонденттік шотындағы ұстап тұруына міндетті қаражаттың ең аз көлемі. ЕРТ, резервтік активтер және ҚРҰБ-ға талаптар бойынша деректер орта есеппен бір ай үшін көрсетілген.

2022 жылы өтімділік профицитін қысқарту кезеңдері банктердің ең төменгі резервтік талаптарды орындауына әсер еткен жоқ (5.4-график). Банктер бұрынғыша ең төменгі резервтік талаптарды айтарлықтай қормен орындады. 2022 жылдың қорытындысы бойынша резервтік активтер мен резервтік талаптар арасындағы алшақтық іс жүзінде өзгерген жоқ (1,2 есе).

2022 жылдың соңына қарай кассадағы қолма-қол ақша және ҚРҰБ-де корреспонденттік шоттардағы ұлттық валютадағы қаражат түріндегі бастапқы өтімділік көлемі резервтік талаптардан едәуір асып

түсіп (1,7 есе), 607 млрд теңгелік қажет болған деңгейде 1 058 млрд теңгені құрады. Бұл ретте ҚРҰБ салымдары мен ноталарында орналастырылған теңгедегі өтімділік резервтік талаптардан 5,3 есе асып түсті.

Банктердің ҚРҰБ-не талаптары 20,6%-ға (ж/ж) ұлғайып, 2022 жылдың соңына қарай 3,8 трлн теңге болды. Ұлттық Банктің құралдарымен реттелетін теңгедегі өтімділіктің жалпы көлемі банктердің теңгедегі өтімділігі жоғары активтерінің 59%-дан астамын құрады (5.5-график).

5.5-график **Өтімділік профициті негізінен ноталармен және ҚРҰБ салымдарымен алынды**

Дереккөзі: ЕДБ есептілігі, ҚРҰБ

Жыл қорытындысы бойынша банктердің ішкі активтері мен ішкі міндеттемелері 17,3%-ға және 12,6%-ға өсіп, тиісінше 38 трлн және 33,9 трлн теңгеге жетті. Бұл ретте ішкі активтердегі валюталық корреспон-

денттік шоттар мен ҚРҰБ-дегі валюталық салымдар үлесінің 5%-ға және 7,6%-ға дейін шамалы төмендеуі байқалды (5.6-график).

### 5.6-график

#### А. Валюталық корреспонденттік шоттар мен банктердің ҚРҰБ-дегі салымдарының үлестері шамалы азайды



#### Б. Көптеген банктер тіпті ҚРҰБ-дегі валюталық корреспонденттік шоттарды есепке алмағанда IAK нормативін сақтауға қабілетті



**Ескертпе:** IA – ішкі активтер, IM – еуробондтарды, Қазақстан резиденттері алдындағы ішкі міндеттемелерді және меншікті капиталдың бір бөлігін қоспағанда, реттелген борыштың, шығарылған облигациялардың орташа айлық шамаларының сомасы ретінде есептелген ішкі міндеттемелер. IAK – ішкі активтерге салымдар коэффициенті ( $> = 1$ ). Тоқсан арасындағы аралық – 2 және 3-квартильдерге кірген банктер.

Бір жыл ішінде ішкі активтердегі валюталық корреспонденттік шоттардың және ҚРҰБ-дегі валюталық салымдар үлесінің динамикасы әр түрлі бағытты болғанын айта кеткен жөн. Банктер өздерінің күтулерін ескере отырып, валюталық өтімділік деңгейін түзете отырып, нарықтық жағдайдың өзгеруіне жеделден қойып отырды. Жылдың бірінші тоқсанында сыртқы факторлардан туындаған белгісіздік деңгейінің өсуіне жауап ретінде валюталық салымдар үлесінің неғұрлым өтімді валюталық корреспонденттік шоттармен алмастырылуы байқалды. Тәуекелдердің төмендеуіне қарай 2022 жылдың екінші жартысында ҚРҰБ-дегі валюталық салымдардың үлесі валюталық активтердің 10%-на дейін артты.


Шетелдік шоттардағы қаражат көлемінің 1,6 трлн теңгеге дейін 35,5%-ға (ж/ж) ұлғаюына қарамастан, банктердің көпшілігі тіпті Ұлттық Банктің валюталық шоттарындағы қаражатты есептемегенде қаражаттың бір бөлігін ішкі активтерге (IAK) орналастыру бойынша пруденциялық нормативтерді орындауды жалғастырды. Банктер қаражатты ел

ішінде орналастыруды жөн көрді, бұл банктердің IAK-ін орындауы бойынша квартал арасындағы аралықтың кеңеюінен көрінеді. IAK нормативінің ең төменгі мәндері олардың бизнес-моделінің ерекшелігіне байланысты бірнеше шетелдік банкте байқалды (5.6 Б-график).

Күн ішіндегі өтімділікті талдау көптеген банктерде 3 ай ішінде банктер депозиттерінің көлемі бойынша бір стандартты ауытқуды жабу үшін қажет теңгелей қаражаттың жеткілікті деңгейінің болуын көрсетті. 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында барлық кварталдерде банктерде индикатор деңгейінің төмендеуі байқалды, бұл геосаяси тәуекелдердің және белгісіздік өсуінің әсерінен туындаған банктердің базалық өтімді активтерінің<sup>36</sup> алынуына да, шамалы төмендеуіне де байланысты. Осыған қарамастан, қаралып отырған кезең ішінде банктер теңгедегі кредиттерге қажеттілікті қанағаттандыру мүмкіндігін сақтай отырып, өтімділіктің жеткілікті деңгейін ұстап тұрды. (5.7-график).

<sup>36</sup> Кассадағы қолма-қол ақша, бағалы металдар, кор.шоттардағы және ҚРҰБ/ЕДБ салымдарындағы қаражат

5.7-график **ЕДБ теңгелей қаражатының деңгейі көптеген банктегі депозиттер бойынша бір стандартты ауытқуды жабу үшін жеткілікті**




Дереккөзі: ЕДБ есептілігі

**Ескертпе:** базалық өтімді активтердің жеткіліктілік индикаторы банктердің базалық өтімді активтерінің (кассадағы қолма-қол ақша, бағалы металдар, ҚРҰБ/ЕДБ корреспонденттік шоттары мен салымдарындағы қаражат) және ұлттық валютадағы депозиттердің бір күнге есептегенде 3 айдағы стандартты ауытқуының (Z-score) арақатынасы ретінде есептелген. Деректердің жиілігі – күн сайын.

Жүргізілген талдау өтімділікті жабу (LCR) мен нетто-тұрақты қорландыру (NSFR) коэффициенттері бойынша кварталаралық интервалдың, сондай-ақ банктердің медианалық мәндерінің жоғары қарай жылжығанын көрсетеді. 2022 жыл ішінде банктердің көпшілігі LCR мен NSFR ең төменгі талаптарын орындады. Қарастырылып отырған коэффициент-

тердің нормативтік мәндерден төмен түсуі негізгі компанияларға қатысты немесе оларды сатып алу жөніндегі мәмілелерге санкциялар енгізілуіне байланысты Ресей банктерінің еншілес ұйымдары болып табылатын банктерде, сондай-ақ жүйеге әсер етпейтін кейбір шағын қазақстандық банктер арасында байқалды (5.8-график).

5.8-график **Көптеген банк ағымдағы анықтамаларға сәйкес LCR және NSFR стандарттарын орындады**



Дереккөз: банктердің есептілігі

Жаһандық сын-қатерлердің әсерін азайту мақсатында кейбір реттеуші талаптар жеңілдетілді. Олар, атап айтқанда, өтімділікті жабу коэффициентінің (LCR) және нетто-тұрақты қорландыру коэффициентінің (NSFR) ең төменгі нормативтік мәндерін

Базель банктік қадағалау комитеті ұсынған мәндер деңгейіне (2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – 0,9, 2024 жылғы 1 шілдеден бастап – 1,0) дейін қайтарумен 2022 жылғы мамырдан бастап 0,8-ге дейін уақытша төмендету.

## 5.2 Қорландыру тәуекелдері

Шын мәнінде мерзімді қорландыру көздерінің төмен үлесімен байланысты қорландыру құрылымындағы негізгі тәуекелдер сақталды. Банк секторының міндеттемелерінде ең ірі қаржыландыру көздерінің шоғырлану деңгейі өткен жылмен салыстырғанда өзгерген жоқ. Мемлекеттік секторға тәуелділік төмендеуде. Бұл ретте сыртқы қарыз алу үлесі ұлғайғаны байқалады.

### Қорландырудың орнықтылығы


2022 жылдың қорытындысы бойынша депозиттердің үлесі банктер міндеттемелерінен шамамен 80%-ды құрады, бұл ретте олардың тұрақтылығы ұстап қалу мерзімдері позициясынан да, орнықты ұзақ мерзімді депозиттердің төмен үлесі позициясынан да төмен деңгейде тұр.

2022 жылы шарттық мерзімі 1-5 жылға дейінгі депозиттерді ұстаудың орташа мерзімі төмен болуда. Жылдың басын қоспағанда, жеке тұлғалардың шетел валютасындағы салымдары бойынша ұстаудың орташа мерзімі шамамен жыл бойы төмендеді, бұл

ақпанда теңгенің айырбастау бағамы өсуіне байланысты артқан белгісіздік пен қайта бағалау әсері жоғарылауымен байланысты болуы мүмкін.

Теңгедегі салымдар бойынша ұстаудың орташа мерзімі төмендеуі 2022 жылдың бірінші жартысында жалғасты. Жылдың ортасына қарай 2022 жылдың соңында Теңгедегі депозиттерді қорғау бағдарламасы (Теңгедегі депозиттерді қорғау бағдарламасы – Боксы) басталуына байланысты жеке тұлғалардың теңгедегі депозиттерін ұстау мерзімдерін тұрақтандыру мүмкін болды (5.9-график).

5.9-график **Шарттық мерзімі 1-5 жыл салымдарды ұстаудың орташа мерзімі үш айдан аспайды**



**Дереккөз:** банктердің есептілігі

**Ескертпе:** Орташа айналымдылық салымдарды тарту және алу жөніндегі айналымдарды ескере отырып, дебиторлық берешектің айналымдылық мерзімінің түрлендірілген формуласы бойынша айқындалады. Есептік айдағы деректер.

Теңгедегі депозиттерді қорғау бағдарламасының әсері әсіресе халықтың ұлттық валютадағы жинақ салымдарын ұстау мерзімінің динамикасында айқын көрініс алады. Аз икемді шарттарға байланысты жинақ салымдарының тартымдылығы төмен болуына қарамастан, әсіресе белгісіздік кезеңдерінде, Теңгедегі депозиттерді қорғау бағдарламасын жариялау және 2022 жылы пайыздық мөлшерлемелердің өсуі осы салымдарды тұрақтандыруға ғана емес, оларды ұстау мерзімдерін ұлғайтуға мүмкіндік берді. Мәселен, негізгі шарттарының бірі осы Теңгедегі депозиттерді қорғау бағдарламасының бүкіл қолданылу кезеңінде депозитті банкте сақтап қалу болып табылады. Нәтижесінде салымдардың осы түрін ұстаудың орташа мерзімі 1,3 есе өсті.

Орналастырудың сипаты мен мақсаттарына байланысты заңды тұлғалардың салымдарын ұстаудың орташа мерзімдері дәстүрлі түрде жеке тұлғалардың салымдарын ұстау мерзімдеріне қатысты барынша төмен деңгейде. Негізінен, бизнестің уақытша бос ақшалай қаражаты контрәріптестермен есеп айырысу операцияларын жүзеге асыру не іскерлік белсенділік төмендеуі кезеңінде уақытша ұстап қалу үшін қажет.


Жыл ішінде заңды тұлғалардың салымдарын ұстаудың орташа мерзімінің динамикасы көп бағытты болды. 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында заңды тұлғалардың депозиттерін ұстаудың орташа мерзімі ұлттық валютадағы сияқты шетел валютасында да төмендеді, бұл әлемдік қаржы нарықтарындағы белгісіздік пен

құбылмалылықтың өсуіне байланысты, оның ішінде бірқатар еншілес ресейлік банктердің жұмысының бұзылуына байланысты шоттардан ақшаны белсенді түрде алуға байланысты болуы мүмкін. Өткен жылдың соңына қарай салыстырмалы түрде жағдайдың орнығуының аясында ұлттық валютада заңды тұлғалардың салымдарының ұстау мерзімінің елеусіз өскені байқалды.

2022 жылы орнықты қорландыру төмендегені байқалды. Бұл негізінен жинақ салымдарына қарағанда

мерзімді емес депозиттердің үлесі жылдам өсуіне, оның ішінде қаражатты орналастырудың неғұрлым икемді шарттарын қалайтын резидент еместердің үлесінің ұлғаюына байланысты. Бір жыл ішінде нақты мерзімді депозиттердің үлесі 2,3 п.т. (жыл соңында 12,5%-ға дейін) төмендеді. Сонымен қатар, мерзімді емес депозиттердің үлесі 7,5 п.т. (жыл соңында 66,3%) өскені де байқалды. Жыл қорытындысы бойынша ағымдағы шоттар мен талап етілгенге дейінгі салымдардың үлесі бір жыл ішінде 5,3 п.т. азайып, 21,1%-ды құрады (5.10-график).

5.10-график 2022 жылы мерзімсіз депозиттер нақты мерзімді депозиттерді алмастырды




Дереккөзі: ҚДКҚ

Бұл үрдіс 2022 жылдың басынан бері қаржы нарықтарында құбылмалылық өсуі және ұлғайып келе жатқан белгісіздік нәтижесінде қалыптасты. Азаматтар ақшалай резервті мерзімсіз салымдарда ұстауды жөн көрді. Қаржылық тұрақтылыққа қауіп төндіретін тәуекелдердің күшеюіне жол бермеу үшін басқа да шаралар қатарында Теңгедегі салымдарды қорғау бағдарламасы қолданыла бастады.


Мерзімді емес қорландырудың өсуі негізінен салымдардың барынша тұрақсыз түрлеріне шоғырланған резидент еместердің үлесі (2,9%-дан 7,5%-ға дейін) ұлғаюымен қатар жүрді, бұл қорландыру базасының тұрақтылығын төмендетеді және сыртқы қаржылық күтпеген өзгерістер таралу арналарын жасайды (5.11-график). Мәселен, ағымдағы және картоткалық шоттарда резидент емес жеке тұлғалардың үлесі 3,4%-дан 21,3%-ға дейін 6,3 есе, мерзімді емес депозиттерде 0,9%-дан 5,9%-ға дейін 6 есе өсті.

5.11-график 2022 жылы банктердің шоттарында резидент еместердің ақша қаражаты үлесінің өсуі байқалды



Дереккөз: банктердің есептілігі

### 5.12-график Бейрезиденттер қаражатты негізінен ағымдағы шоттар мен мерзімді салымдарға орналастырды



Дереккөз: банктердің есептілігі

Бейрезиденттерден міндеттемелерді тарту деңгейі бейрезиденттер алдындағы міндеттемелерге қатысты банктердің капиталдандыру коэффициенті – пруденциалық нормативпен шектелгенін атап өту

қажет. Бұл норматив сыртқы қорландыру ұлғайған кезде капитал құю бойынша міндеттемелер есебінен әлеуетті тәуекелдердің банк акционерлеріне өтуін көздейді (5.12-график).

#### 5.1 Бокс Теңгедегі депозиттерді қорғау бағдарламасы

Қаржы нарықтарында өсіп келе жатқан геосаяси тәуекелдер мен құбылмалылық аясында қаржы нарығының тұрақтылығын қамтамасыз ету және теңгелік депозиттердің тартымдылығын қолдау үшін Ұлттық Банк Үкіметпен бірлесе отырып дағдарысқа қарсы шұғыл және уақытша шара ретінде Теңгедегі депозиттерді қорғау бағдарламасын<sup>37</sup> (бұдан әрі – Бағдарлама) әзірлеп, қабылдады. Бағдарламада Бағдарлама шарттарына сәйкес келетін теңгедегі салымдар сомасынан 10% мөлшерінде біржолғы өтемақыны (сыйлықақы) есептеу көзделген. Жеке тұлғалардың ұлттық валютадағы (теңгедегі) депозиттері бойынша өтемақы (сыйлықақы) төлеу қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар) өтемақы (сыйлықақы) төлеуге жататын жеке тұлғалар депозиттерінің өлшемшарттары айқындалған.

Теңгеде өтелетін депозиттерге жинақ салымдары; білім беру жинақтау салымдарын қоса алғанда, мерзімді салымдар және тұрғын үй құрылыс жинақтары жатады. 2022 жылғы 23 ақпандағы операциялық күннің соңында салым болған және оны банкте 12 ай бойы сақтау кезінде өтемақы төленеді. Өтемақы 2022 жылғы 23 ақпаннан бастап 2023 жылғы 23 ақпан аралығында қоса алғандағы кезең үшін операциялық күннің соңында тіркелген ең төменгі қалдыққа жүзеге асырылады.

Қағидаларға сәйкес екінші деңгейдегі банктер салымшыларға өтемақы (сыйлықақы) алу мүмкіндігі және Қағидалардың сәйкесінше тармағына сәйкес келісу туралы өтініш арқылы келісім беру қажеттілігі туралы хабарлайды.

Өз кезегінде салымшы банкке өтемақы (сыйлықақы) төлеу және Қағидалардың шарттарымен келісу туралы өтініш беруі қажет, себебі Бағдарламада өтініш беру сипаты көзделеді.

Бұдан басқа, Қағидаларда теңгедегі жеке тұлғалардың депозиттері бойынша өтемақы төлеуді қаржыландыру тетігі көзделеді, оның шеңберінде қаражаттың 50%-ы республикалық бюджет қаражаты есебінен және қалған 50%-ы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің еншілес ұйымы – «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ-ның қаражаты есебінен бөлінді.

Бағдарлама аяқталған кезде (2023 жылғы 23 ақпан) екінші деңгейдегі банктер 2,6 миллионнан астам депозиторлардан өтініш қабылдады. Бағдарламаны іске асыру мақсатында 2023 жылғы наурызда мемлекет тарапынан банктерге салымшыларға кейіннен өтемақы төлеуді ұйымдастыру үшін 306,65 млрд теңге аударылды.

<sup>37</sup> «Жеке тұлғалардың ұлттық валютада (теңгемен) орналастырылған депозиттері бойынша өтемақы (сыйлықақы) төлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 614 қаулысымен бекітілді

Осылайша, геосаяси жағдай шиеленісуіне және қаржы нарығына қысым едәуір артуына байланысты Бағдарламаны бастау банк секторының тәуекелдерін бейтараптандырудың уақтылы және қажетті тетігі болды. Бұл шара қорландырудың тұрақтылығын нығайтуға және банк секторының

өтімділігін сақтауға, сондай-ақ теңгедегі депозиттердің тартымдылығын арттыруға оң әсер етті және Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі ұлттық валютаға деген сенімді нығайту жөніндегі оң шара ретінде атады.

## Қорландырудың шоғырлануы


Банк секторының міндеттемелерінде неғұрлым ірі қаржыландыру көздерінің шоғырлану деңгейі өткен жылмен салыстырғанда өзгерген жоқ. Бұл ретте, бейрезиденттердің бөлшек қорландырудағы үлесінің ұлғаюы байқалды.

Банк секторы міндеттемелерінің жалпы көлеміндегі ірі кредиторлардың үлесі 31% деңгейінде сақталды (5.13-график). Ірі банктерде ірі кредиторлар алдындағы міндеттемелердің үлесі өзгерген жоқ және жыл

соңында 22%-ды құрады. Шоғырлану тәуекеліне бұрынғысынша ірі емес банктер неғұрлым бейім болып қалуда. Бұл топта міндеттемелердегі ірі кредиторлардың үлесі орташа есеппен 88%-ды құрайды.

### 5.13-график Бірнеше шағын банкте шоғырландырудың жоғары деңгейі байқалды

Банктің ірі кредиторларының үлесі



Дереккөзі: ЕДБ есептілігі


**Ескертпе:** квантильдер бойынша саралау және бөлу банктің міндеттемелерінде осы банк үшін ең ірі 25 кредиторлардың үлесі бойынша жүзеге асырылады: 1 квантиль – ірі кредиторлардың үлесі ең аз банктер; 4 квантиль – ең көп үлесі бар банктер. Көпіршік алаңы квантиль банктерінің сектор міндеттемелеріндегі міндеттемелерінің үлесіне пропорционалды. Көпіршіктің ішінде квантиль бойынша ең ірі кредиторлардың орташа үлесі көрсетілген.

## Мемлекеттік компанияларға тәуелділік

2022 жылы банк секторының мемлекеттік компаниялар тарапынан қорландыруға тәуелділігін төмендету үрдісі жалғасты, алайда мемлекеттік

сектордың шоғырлануына байланысты тәуекелдер сақталып отыр.

5.14-график Мемлекеттік сектор тарапынан қорландыру үлесі біртіндеп төмендеуді жалғастырды



Дереккөзі: ЕДБ, БЖЗҚ есептілігі

**Ескертпе:** КМС – квазимемлекеттік сектор. БЖЗҚ алдындағы міндеттемелер салымдар мен орналастырылған бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерді қамтиды. Өзге міндеттемелер КМС немесе ірі кредиторлар болып табылмайтын басқа тұлғалардың алдындағы міндеттемелерді қамтиды.

Банктерді қорландырудағы мемлекеттік және квазимемлекеттік секторлардың үлесі 1 п.т. төмендеді және 2022 жылдың қорытындылары бойынша 18,6% құрады (5.14-график). Мемлекеттік емес сек-

тордың заңды тұлғалары мен жеке тұлғалардың салымдарын қамтитын бөлшек қорландыру көлемі 26,9 трлн теңгеге дейін 18%-ға ұлғайды.

5.15-график

#### А. Банктер деңгейінде қорландыру өсті



#### Б. Негізінен мерзімді емес депозиттер түрінде тарту



Дереккөзі: ЕДБ есептілігі, БЖЗҚ

Банктер бөлінісінде міндеттемелердегі мемлекеттік сектордың үлесі жеке банкте 53%-ды құрады (5.15 А-график). Депозиттер мемлекеттік және ква-

зимемлекеттік секторлардың міндеттемелерін орналастырудың негізгі тәсілі болып қала береді (5.15 Б-график).


### 5.3 Долларландыру тәуекелдері

Банктердегі долларлану деңгейі төмендеуін жалғастырып, 2022 жылдың қорытындысы бойынша валюталық қарыздардың 9,9% және валюталық салымдардың 36,7% құрады. Долларландыру деңгейінің төмендеу динамикасы баяулады. Валюталық салымдардың үлесі елеулі болып қалды, бұл әсіресе сыртқы күтпеген өзгерістердің күшеюі және белгісіздіктің өсуі кезеңдерінде банктердің балансына қысымның сақталуына әкеледі.

2022 жылы долларсыздандыру процесі жалғасты, валюталық қарыздар мен валюталық депозиттердің деңгейлері төмендеді және жыл қорытындысы бойынша тиісінше 9,9% және 36,7% құрады.

Соңғы жылдардағы долларсыздандыру қарқынының баяулауы бойынша үрдіс сақталып отыр – валюталық кредиттердің үлесі 136 б.т., депозиттер – 40 б.т. төмендеді (5.16-график).

5.16-график **Кредиттер мен депозиттерді долларсыздандыру баяулайды**



Дереккөзі: ЕДБ есептілігі

Ескертпе: кезең соңындағы деректер.

5.17-график **2022 жылы геосаяси күтпеген өзгерістердің іске асуына байланысты белгісіздік аясында долларландыру деңгейінің құбылмалылығы байқалды**



Дереккөзі: ЕДБ есептілігі

Ескертпе: RUB/KZT бағамының әлсіреуі кезеңдері – рубльдің теңгеге қомақты құнсыздану кезеңдері.

Валюталық салымдар үлесінің өзгергіштігі негізінен геосаяси күтпеген өзгерістердің іске асуына байланысты болды. 2022 жылғы бірінші тоқсанда белгісіздіктің өсуіне қарай USD/KZT жұбы бойынша жеткізілімсіз валюта форварды (NDF) мен теңгедегі


депозиттер бойынша орташа алынған мөлшерлемелер арасындағы спредтің күрт өсуі байқалды, ол 22,4% деңгейіне дейін жетті. Долларландыру деңгейін төмендеуімен аталған көрсеткіш жыл соңына қарай 8,7%-ға дейін төмендеді (5.17-график).

2022 жылдың қорытындысы бойынша салымдардың түрлері бөлінісінде валюталық депозиттердің неғұрлым өтімді шот түрлеріне – ағымдағы шоттарға және талап етілгенге дейінгі салымдарға көшуі байқалды. Бұл динамика депозиторлар құрылымындағы резидент емес-тердің үлесінің өсуіне байланысты болуы мүмкін.

Мәселен, ағымдағы шоттар мен корпоративтік сектордың талап етілгенге дейінгі салымдардағы валютаның әдеттегі жоғары үлесі 8 п.т-қа өсіп жыл қорытындысы

бойынша 56%-ға жетті. Бұл ретте заңды тұлғалардың өтімділігі аз мерзімді және шартты салымдарын долларландыру деңгейі осы топтың барлық депозиттерінің 25%-ына дейін 6 п.т-ға төмендеді. Жекелеген сегментте ағымдағы шоттар мен талап етілгенге дейінгі салымдардағы валюталық депозиттердің үлесі 9 п.т-қа өсіп, 17%-дан 26%-ға дейін 1,5 есеге дейін ұлғайды. Мерзімді және шартты салымдардың долларлану деңгейі 44%-дан 40%-ға дейін төмендеді (5.18-график).

#### 5.18-график 2022 жылы жеке және заңды тұлғалар шоттарының неғұрлым өтімді түрлерінің долларландыру деңгейі өсуде




Дереккөзі: ЕДБ есептілігі

Көлемі бойынша депозиттер бөлінісінде долларландыру деңгейі бұрынғысынша депозиттің мөлшерімен оң корреляцияланды – салымдағы сома неғұрлым көп болса, долларландыру деңгейі де соғұрлым жоғары болды (5.19-график). Шоттың көлеміне байланысты долларландырудың таралуы ең ірі шоттарда 74,3%-дан (500 млн теңгеден астам) ең ұсақ шоттарда 6,4%-ға дейін (1 млн теңгеге дейін) өзгеріп отырды. Ең ірі салымдарда шоттардағы валюта шамамен 74,3% құрады.

Осыған қарамастан, қарастырылып отырған барлық салым топтары бойынша долларланудың төмендеу ди-

намикасы байқалды. Осылайша, долларландыру деңгейінің ең көп төмендеуін 10 млн теңгеден 50 млн теңгеге дейін депозиттер тобы (5,1 п.т. төмендеу) және 1 млн теңгеден 10 млн теңгеге дейін депозиттер тобы (3,1 п.т. төмендеу) көрсетті. Көлемі бойынша аса ірі және неғұрлым ұсақ – 500 млн теңгеден астам және 1 млн теңгеден кем салым топтары, сәйкесінше 0,5 п.т-қа және 0,1 п.т-қа төмендеді. Долларландырудың өсуі 4,9 п.т. мөлшерінде 50 млн теңгеден 500 млн теңгеге дейінгі депозиттер тобында ғана байқалды.

#### 5.19-график Долларландыру деңгейі көлемі бойынша депозиттердің барлық топтарында төмендеді десе болады, алайда валютаның үлесі сомасы 50 млн теңгеден астам шоттарда басым болды




Дереккөзі: ҚДКБК

2022 жылы жекелеген депозиттерге жұмсалатын қаражаттың нетто әкелінуі 34%-ға немесе 841,4 млрд теңгеге артты. Жеке тұлғалардың теңгедегі депозиттерінің әкелінуі 2 231,1 млрд теңгеге дейін 8%-ға ұлғайды, ол негізінен 10 млн теңгеден 50 млн теңгеге дейінгі (+26,4%, ж/ж) және 500 млн теңгеден астам (+37,6%, ж/ж) депозиттерге орналастырылды. Тең-

гені әкелінуінің төмендеуі 50 млн теңгеден 500 млн теңгеге дейін (-65,3%, ж/ж) және 1 млн теңгеден кем (-15,3%, ж/ж) сомдағы салымдарда тіркелді. Депозиттерге валюта әкелінуі 2,6 есе ұлғайып, 1 093 млрд теңгені құрады, ол негізінен 50 млн теңгеден 500 млн теңгеге дейін және 500 млн теңгеден астам ірі салымдарға орналастырылды (5.20-график).

5.20-график **Бөлшек депозиттердің негізгі ағымы теңгедегі шағын және орта депозиттер және валютадағы ірі депозиттер есебінен болды**




Дереккөзі: ҚДКБҚ

2022 жылы (ж/ж) ең ірі 25 кредитор бойынша деректер негізінде корпоративтік сектордағы депозиттерге ақша әкелінуі өткен жылмен салыстырғанда 61,5%-ға азайып, 845,6 млрд теңгені құрады. Құлдырау өзге (мемлекеттік емес) заңды тұлғалардың

177,7 млрд теңге мөлшеріндегі валюталық депозиттерінің әкетілуіне байланысты. Заңды тұлғалардың теңгедегі депозиттері 1 023 млрд теңгеге өсті, бұл өткен жылғы қаражат түсімдеріне сәйкес келеді (5.21-график).

5.21-график **Корпоративтік сектор депозиттерінің теңгедегі негізгі әкелінуі негізінен ең ірі 25 депозитордың қатарына кіретін өзге (мемлекеттік емес) заңды тұлғалар есебінен болды**



Дереккөзі: ЕДБ есептілігі

Ескертпе: ең ірі 25 кредитор бойынша деректер негізінде ҚРҰБ бағалауы.

Мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордың депозиттері ұлттық және шетел валютасында өсті, тиісінше 385 млрд теңгеге және 271,7 млрд теңгеге


артты. Басқа заңды тұлғалардың депозиттеріндегі теңгедегі ақша сомасы 638,3 млрд теңгеге өсті, ал валютадағы депозиттер 449,4 млрд теңгеге қысқарды.

## 5.4 Валюталық тәуекел

Қолайсыз ішкі және сыртқы күтпеген өзгерістер аясында жоғары белгісіздік жағдайында, 2022 жылы банк жүйесі бойынша нетто ашық валюталық по-

зиция (АВП) жоғары құбылмалылыққа ұшырады (5.22-график).

5.22-график **Банк секторының ашық валюталық позициясы 2022 жылы қысымға ұшырады**




Дереккөзі: ЕДБ реттеуші есептілік

Бұл жағдай дамыған елдердің ірі ресейлік банктерге қатысты санкциялық қысымымен байланысты, бұл операцияларды жүргізуді және Қазақстанда

2022 жылдың басында жұмыс істеген олардың еншілес банктерінің жағдайын едәуір қиындатты (5.23-график).

5.23-график **2022 жылы валюталық тәуекелдердің өсуі Ресейдің ірі банктерінің еншілес ұйымдарымен байланысты**



Дереккөз: ЕДБ реттеуші есептілігі

Ескерту: Ресей банктерінің еншілес ұйымдарын есепке алмағанда.

Бұл ретте, қалған банктер бойынша нетто АПВ баланстан тыс шоттардағы қысқа мерзімді туынды қаржы құралдарымен АВП-ны хеджирлеу есебінен бейтарап позицияға жақын болды. Осыны еске


ре отырып, сондай-ақ Ресей банктерінің еншілес ұйымдарына санкциялық қысымды жою бойынша қабылданған шаралар банк жүйесінің валюталық тәуекелдерге ұшырауы орташа деп бағаланады.

## 5.5 Пайыздық тәуекел

Ұлттық Банктің ақша-кредит саясатының қатаңдауы аясында банктерді ұлттық валютада қорландыру құнының өсуі байқалды, ал валюталық қорландырудың құны ҚДКБҚ тарапынан валюталық

депозиттер бойынша шекті мөлшерлемелердің деңгейін сақтауға байланысты бұрынғы деңгейлерде қалады. (5.24-график).

5.24-график Жеке тұлғалардың теңгедегі депозиттерін тарту құны артты



Дереккөз: ЕДБ есептілігі

2022 жылы қаралатын салымдар арасында сыйақы мөлшерлемелерінің ең жоғары өсуін заңды тұлғалардың бір жылға дейінгі депозиттері – желтоқсанда 6,4 п.т.-қа 14,4%-ға дейін, ал жеке тұлғалардың бір жылға дейінгі депозиттері – 5,4 п.т.-қа 13,3%-ға дейінді көрсетті. Бір жылдан астам мерзімділікпен тартылған жеке тұлғалардың депозиттері бойынша банктердің сыйақы мөлшерлемелері және бір жылдан аз мерзімділікпен тартылған заңды тұлғалар

бойынша тиісінше 4,8 п.т. және 3,9 п.т. немесе 13,7% және 12,5% – ға дейін өсті.

2022 жылдың қорытындысы бойынша корпоративтік сегментте берілген теңгелік кредиттер бойынша орташа өлшенген мөлшерлемелер 7 п.т.-қа 19,2%-ға дейін өсті, ал бөлшек сегментте 0,1 п.т.-қа 17,4%-ға дейін шамалы төмендеу тіркелді, бұл пайызсыз қарыздардың немесе сол сияқты «бөліп төлеудің» берілуімен байланысты (5.25 А-график).

5.25-график 2022 жылы жеке тұлғалардың берілген кредиттері бойынша мөлшерлемелерді қоспағанда, ұлттық валютадағы депозиттер мен кредиттер бойынша мөлшерлемелер өсті

### А. бөлшек мөлшерлемелер



### Б. корпоративтік мөлшерлемелер




Дереккөз: ЕДБ есептілігі

**Ескертпе:** тарту мөлшерлемелері – есепті кезеңде тартылған депозиттер бойынша орташа өлшенген мөлшерлемелер (жаңа депозиттер және бұрын ашылған депозиттерді толықтыру). Орналастыру мөлшерлемелері – есепті кезеңде жасалған банктік қарыздардың жаңа шарттары бойынша орташа өлшенген мөлшерлемелер. Бөлшек сегмент – ЖТ депозиттері мен кредиттері, корпоративтік сегмент – ЗТ депозиттері мен кредиттері. Есепті кезең – бір ай.

Банктердің теңгедегі тартылған депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелері корпоративтік және бөлшек секторда өсті. Заңды тұлғалардан депозиттерді тартудың орташа өлшенген құны 7 п.т.-қа 14,4%-ға дейін, жеке тұлғалардан – 5,3 п.т.-қа 13,3%-ға дейін

өсті (5.25 Б – график). Сыйақы мөлшерлемелерінің өсу факторларына Ұлттық Банктің базалық ставкасының өсуі, сондай-ақ ҚДКБҚ ұсынған депозиттер бойынша ең жоғары мөлшерлемелерін қайта қаралуы жатады.

**5.26-график** *Бөлшек сауда секторындағы спред бір жыл ішінде біртіндеп төмендеді, 2022 жылдың ақпаны-наурыз айларындағы күтпеген өзгерістерден басқа корпоративтік сегментте күрт өзгерістер байқалмады*



*Дереккөз: ЕДБ есептілігі*

Жоғарыда баяндалған мөлшерлемелердің динамикасына байланысты 2022 жылдың қорытындылары бойынша жеке тұлғалардың берілетін кредиттері мен тартылатын депозиттері бойынша мөлшерле-

мелер спредінің 5,4 п.т.-қа 4,1%-ға тарылуы байқалды, ал заңды тұлғаларда спред іс жүзінде өзгерген жоқ (5.26-график).

# VI

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҚАРЖЫЛЫҚ  
ТҰРАҚТЫЛЫҚ  
ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСІНІҢ  
ҚЫЗМЕТІ



## VI. Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылық жөніндегі кеңесінің қызметі

**2022 жылы Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылық жөніндегі кеңесі (бұдан әрі – Кеңес) тоқсан сайын қаржы жүйесінің тұрақтылығына жәрдемдесу, жүйелік тәуекелдерді төмендету және қаржы секторының тұрақтылығын дамыту жөніндегі мәселелерді қарады.**

2022 жылы Кеңестің бірнеше отырысы өткізіліп, онда қаржы секторының тұрақтылығының ағымдағы мәселелері, оларды шешу жолдары және дамудың перспективалық бағыттары талқыланды.

Атап айтқанда, Кеңес мүшелері келесі мәселелерді қарастырып, олар бойынша шешімдер қабылдады:

- **2022 жылы активтердің сапасына тұрақты бағалау (AQR) және қадағалау стресс-тестілеуін өткізуге арналған банктердің кеңейтілген тізімі.** Кеңес 2022 жылы активтердің сапасына тұрақты бағалау және қадағалау стресс-тестілеуін жүргізу үшін банктердің кеңейтілген тізімін мақұлдады, сондай-ақ ағымдағы экономикалық жағдай мен енгізілген санкцияларды ескере отырып, активтердің сапасын бағалау және қадағалау стресс-тестілеу графигіндегі өзгерістерді мақұлдады.

- **2021 жылғы қаржылық тұрақтылық туралы есептің алдын ала қорытындылары.** Кеңес 2021 жылғы қаржылық тұрақтылық туралы есептің алдын ала қорытындыларын қарастырды және макрофискалдық тәуекелдер, несие портфелінің жағдайы мен сапасы, банктердің долларландыру деңгейі және онымен байланысты тәуекелдер бойынша қаржылық тұрақтылық мәселелері бойынша негізгі ұсыныстармен келісті.

- **капиталдың контрциклді буфері: мониторинг нәтижелері.** Кеңес Ұлттық Банкке капиталдың контрциклдік буферіне қатысты шешім қабылдау үшін қажетті көрсеткіштерге мониторинг жүргізуді жалғастыруды, сондай-ақ басқа елдердің тәжірибесін ескере отырып, капиталдың контрциклдік буфері туралы шешім қабылдау үшін метрикаларды жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастыруды, оның ішінде капиталдың секторлық контрциклдік буферін қолдану тәжірибесін зерделеуді ұсынды.

- **кепілсіз тұтынушылық кредиттеуде мөлшерлемелерді шектеу жөнінде шаралар қабылдау.** Кеңес кепілдіксіз тұтынушылық кредиттер бойынша ЖТСМ-ні айқындау тетігіне Агенттік ұсынған тәсілдерді мақұлдады. Сондай-ақ, Кеңес Агенттікке жеке тұлғаларға кредит берудегі тәуекелдерді азайту мақсатында микроқаржы қызметін реттеуді күшейту жөніндегі жұмысты жалғастыруды тапсырды.

- **ХВҚ және Дүниежүзілік банкпен (Financial Sector Assessment Program, FSAP) бірлесіп қаржы секторын бағалау бағдарламасын жүргізу.** Кеңес

ұсынылған FSAP миссиясының құрылымы мен графигін мақұлдады және мемлекеттік органдарға миссияны жүргізуді үйлестіру мәселелері бойынша ведомствоаралық жұмыс тобын құруды және осы мемлекеттік органдардың құзыретіне жататын FSAP миссиясы шеңберінде мәселелерді сапалы пысықтауды қамтамасыз етуді тапсырды.

- **қаржылық тұрақтылық индексіні әзірлеу.** Кеңес Ұлттық Банкке 2022 жылы іске асырылған күтпеген өзгерістерді ескере отырып, қаржылық тұрақтылық индексінің параметрлерін калибрлеу бойынша жұмысты жалғастыруды, сондай-ақ 2023 жыл ішінде қаржылық тұрақтылық индексіні құру бойынша ұсынылып отырған тәсілге іштей іске қосуды тапсырды.

- **реттеудің ерекше режимі («реттеу ортасының») тетігін дамыту жобасы.** Кеңес кедергілерді жою және реттеудің ерекше режимінің («реттеу ортасының») тетігін жақсарту жөніндегі жедел, орта және ұзақ мерзімді шаралар кешенін мақұлдады.